

А 2005

9262к

АМАНХАН  
ӘЛІМҰЛЫ



Ай нұры  
алақанымда



*Асқар таудай  
арқа тұтар ағам  
Сиязхан Әлімұлына  
арнадым*



ҚАЗЫҒҰРТ

Алматы

2003





Лирика

«Қазығұрт» баспасы  
Алматы,  
2003

821.512.122-1

ББК84Қаз 7-5

Ә 55

*Қазақстан Республикасы  
Ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Әлімұлы А.**

**Ә 55 «Ай нұры алақанымда». — Алматы:  
«Қазығұрт» баспасы, 2003. —288 бет.**

ISBN 9965-22-064-6

Белгілі ақын Аманхан Әлімұлының жаңа жыр жинағындағы өлеңдердің барлығы дерлік мерзімді басылымдарда жарияланып, олардың енді бірен-сарандары қайта қаралған күйінде жарық көріп отыр.

Бұл кітап ақынның барынша толық шығармашылық қарымын танытады.

Ә 4702250202  
482(05)-03

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-22-064-5

© Әлімұлы А., 2003  
© «Қазығұрт», 2003

## ЖАЛҒЫЗ ТЫРНА

Жүректен желең желдей өткіземін,  
Жанымның жабырқаулы жеткіз емін.  
Жападан-жалғыз қалған сырық мойын,  
Ақ тырна, айтшы қайда бет түзедің?

Түсіңе қарап тобың шеттетті ме,  
Барасың түстік тұсты беттеп, міне.  
Тобырға қосылмайтын қосы түзу,  
Тағдырың әлде ерекше текті етті ме?!

Жалғыздық о бастан-ақ бұйырған ба,  
Сіңісті болып бойда түйір қанға?..  
Өзіммен-өзім қалып сені ойлаймын,  
Кеудені жүрек, шіркін, жиі ұрғанда.

Ұқсайды мұнды мезгіл дүзді асқанға,  
Су бетін жылан қабық мұз басқанда, —  
Қоштасып бара жатсың қонысынмен,  
Сынап түс сына қағып күзгі аспанға.

Кіді Күн иек артып тоят қырға,  
Сағымды сары түске бояп тұр ма?  
Жападан жалғыз-жарым сыздайтұғын,  
Жаныма ұқсап кеттің, ей, ақ тырна.

\* \* \*

Сарғайған сағыныштан сары ала Күз,  
Сіз бізге суық көзбен қарамаңыз, —  
Мық жусан мығым жатқан жер тістеніп,  
Екеуміз лебіңізбен таранамыз.

Салғандай басына өмір салмақты ойды,  
Ілмип тұр бөз көде қалмақ бойлы.  
Сыңсиды сыбызғыдай сидаң ши де,  
Әлдекім дегендей бір алдап қойды.

Кеткендей барымташы барын қуып,  
Еседі тағы дүзден сарын суық.  
Тек кана сілемдері ешкі үрпілі,  
Қазығұрт көрсетеді қарымдылық.

Аңғарып тұрғандай-ақ басқа жайды,  
Барады терең тартып аспан Айлы.  
Жалғыз көз дәудей дүние жалаң тартқан,  
Жанынды қалай ғана жаскамайды.

Сарғайған сағыныштан сары ала Күз,  
Сіз бізге сенімсіздеу қарамаңыз, —  
Мық жусан мығым жатқан жер тістеніп,  
Екеуміз болашаққа бара аламыз.

\* \* \*

Түсіме енді ауылдың қырат-жоңы,  
Жорытпаймын ешкімге бірақ та оны.  
Өнез торы ат мініп жүр екенмін,  
Бала кезім... көзімде сұрақ толы.

Бұлың-бұлың көшеді шәлі сағым,  
Бұлдыр-бұлдыр ойлармен алысамын.  
Көгі өнбей қой жүнді қоңыр белдін,  
Келмей жатқан секілді әлі сәнің.

Күбірткедей кеудемде күлдіреген,  
Жарып шықты жанымды бұл бір өлең.  
Үмітті үзіп шығанға шығып кеткен,  
Сіңір соқпақ соңынан мұнды көрем.

Сөлін сығып алғандай сары сағым,  
Шәлі бірде... бірде боз... жарысамын.  
Сары ала етек көрініс көгіс тартып,  
Шығарды оқыс көңілдің әрі-сәрін...

...Түсіме енді ауылдың қырат-жоңы,  
Жорытпаймын ешкімге бірақ та оны.



## АҢСАУ

### I

Ауылдан сен де кеттің, мен де кеттім,  
Мысалы күйін кешіп дөңгелектін.  
Жықпылда жығып кетті жыңғыл атым,  
Және де жоқ сондағы желдегі екпін.

Бәрібір шыж-быж болып тызылдайын,  
Райы жанымыздың бұзылды, айым, —  
Құм жұтқан керуендей со... о... н... ау жылғы,  
Із-түссіз кетпесек те ізім-ғайым.

Ұзаққа барам деуші ем майда бастап,  
Бұйырар қазан түбі қайда қаспак.  
Мен жүрсем ауылды ойлап, енді біреу  
Көңілді жүр ат жақты Айға тастап.

Жекендей жаңа жұртта жүрем желіп,  
Алды ғой иемденіп бір өнді Елік.  
Тимеген жүген-құрық әлгі Айды,  
Қоп-қою құйрық-жалды күрең делік.

Ай алыс, ауыл да алыс оралатын,  
Келтірмес оралуға орама күн.  
Ағатын ағыл-тегіл оңашада,  
Сағыныш қойдым содан сорам атын.

Қап қойған әңгелектей қауындықта,  
Парқын пайымдасаң қауым мықты, ә!  
Біз болсақ не анда емес, не мұнда емес,  
Емеспіз қалалық та, ауылдық та.

## II

Күздің соққан мезгілсіз жел жүрегі,  
Әлібімен, өзіме, келді рені.  
Бақтан көріп баласын ауылымның,  
Ет-жүрегім еріксіз елжіреді.

Не жайларды есіме салады елден,  
Құлын-тайдай құлдырап дала, белден, —  
Қауынқақтай күн қақты мына бала,  
Ауыл демін қалаға ала келген.

Кеп қалдың ба, мықты бол, жүр ең дүзде,  
Қалалықтан басқалау рең бізде.  
Сені көріп сезіндім, жалғыз үйрек  
Емесімді жалқы ұшқан күрең күзде.

Сүріндірер сүренсіз қайқаң белде,  
От жалыннан жаралған шайтанға ерме, —  
Аңғал-саңғал ауылды аландатар,  
Тас лақтырған бұзықтай бейқам көлге.

Сен де ауылдан, сонан соң мен де ауылдан,  
Желпілдейді етек әм жең дауылдан...  
Сәл-пәл мұңлы болмасақ, тас қалалық  
Еш жеріміз жоқ біздің кем қауымнан.

## ҚОЛТЫҚТАҒЫ АУЫЛ

### I

Берместен, Сырдың бойы, шыдас мұңға,  
Қантарға кара суық ұластың ба?  
Секілді алтын түйме жылтырайды,  
Жанары шакпа шоктың күл астында.

Тіршілік түр беймаза толқып тағы,  
Алдынан үш тарамыс жол шыққалы, —  
Түсерін қайсысына жатыр білмей,  
Қояндай бұққан ауыл қолтықтағы.

Кеселі коздағандай ұстамалы,  
Койды-ау ашылмастан қыс қабағы.  
Түр, әне салқын сәуле себезгілеп,  
Аспанның алабажак мыс табағы.

Күннің, бұл, сабау кірпік зорлығы ма,  
Жылан көз айналаға торды құра, —  
Қанталап карашығы батты барып,  
Жабады ысты ымырт сорды, мына.

Сор дейтін сор да емес, сортаң ғана,  
Күлетін артын ашып ортаң бала.  
Қар алмай кара суық басын, қалқам,  
Қыс кой деп қызылсырап шолтандама.

Өзің біл келістің бе, керістің бе,  
Дүние өтер-кетер ер үстінде.  
Қолтықта ауыл жатыр алқам-салқам,  
Ұқтырып тірлік барын жер үстінде.

## II

Ішектей шыбын шалып ызың қашқан,  
Боран ұлып, бозы ұшқан бұзылды аспан.  
Сабанға орап сақталған сандықтағы,  
Жуылмаған аумады жүзім жастан.

Әжім түсіп жүзінен әр тайған-ау,  
Тозған таға секілді жарты Ай да анау.  
Болар-болмас болымсыз қозғалады,  
Буыны босап, болмаса, қартайған-ау.

Бозінгендей боздаған борықтағы,  
Жаман екен көңілдің торыққаны.  
Ішін тартып ұлыған жел құбырда,  
Мысалы, бөрі ойлаған жорық қамы.

Басы боран болғанмен арты тамыз,  
Мезгіл деген міндетті ар тұтамыз.  
Алты қанат ақ үйде жатар-жатпас,  
Шок пен мұздай сезімдер шарпысамыз.

Аумады қыс Құданың ноктасынан,  
Көк теңіздей көңіл де жоқ тасыған.  
Қас-қабағын қонақтың бағып-қаққан,  
Шығалмай жүр бәйбіше от басынан.

## ҚҰЙЫН

Табиғаттың тартқан бұл қай табағы,  
Талай жыр ғып мен мұны айтам әлі.  
Көкжиекте көп-қою қара құйын,  
Дарға асылған адамдай шайқалады.

Жеңді қолмен тұр тағы кармап аспан,  
Ажал айдап лактай жарға қашқан.  
Сарша сағым толқиды шайқап құйын,  
Сырдың суы секілді арнаны асқан.

Көрсетпестен мөп-мөлдір таза калып,  
Аспан да, ана, шойындай қазан алып, —  
Тұрысына карашы рай бермей,  
Тіршілікке жердегі назаланып.

Иір-иір иірімнің тасқыны ма,  
Мың құбылып шығаннан басты бұра, —  
Астаң-кестең сапырып дүниені,  
Қара құйын ұршықтай асты жыра.

Қай-қайдағы түседі түнек еске,  
Ер Төстікпен тірескен кіл, егесте, —  
Мекендеген жер астын жылан елі,  
Сумандаған хан Бапы тілі емес пе?!

Арасында жер-көктің шаншылады,  
Қойшы бала қуалап қамшылады.  
«Жалбыр шашты найсапқа пышақ сілте, —  
дейді шал айқай салып, — қан шығады...»

Қара құйын, манадан байқағалы,  
Дарға асылған адамдай шайқалады.  
Мың құбылып тұрысы-ай, мына күннің,  
Табиғаттың тартқан бұл қай табағы.

## ІНІМЕ ХАТ

Желбас-ай, таппадың ба басқа амалын,  
Ұрда-жық мінезіңнен жасқанамын.  
Мәскеуде түсті есіме әлдеқайдан,  
Атамның тамын бұзып тастағаның.

Көңілдей аландаулы үш қараға, —  
Жазды алып қанатында құс бар ма?..  
Сүндетке отырарда есінде ме,  
Ұрлана қарағаның ұстараға.

Қалғасын көңіл деген қамбасында,  
Қу жүрек жалын атып жанбасын ба?  
Төсеніп жататұғын көлеңкесін,  
Өсетін кәрі жиде там қасында.

Көңтері қалыппенен имедің бе,  
Жамбасы жер иіскепті жиденің де.  
Қоржын там салып алып жатсам деймін,  
Өзіммен-өзім қалып күйгенімде.

## АЙ

Ақ сәулеңнен бөленген сәнге белен,  
Бүгінгі түн, шіркін, Ай әңгелек ең.  
Ішін тартып ұлиды саған қарай,  
Шелек бас ит камыққан әлденеден.

Иттің бұлай ұлуы емес тегін,  
Көз алдына кім болып елестедің, —  
Тұрдың ба әлде теңселіп көк төсінде,  
Жұлып кеткен қайықтай жел ескегін.

Келе жатқан секілді анталап мұң,  
Батқан еді бағана қанталап Күн.  
— Күшігіндей жоғалған көрінді ме,  
Ұлуын-ай, — деді карт — зәнталақтың.

Тары жұлдыз себілді көк төсіне,  
Түсіретін түбегей жоқты есіңе.  
Сынап сынды сырғыған сыралғы Ай да,  
Көнбіс түннің кепілдей өтпесіне.

Ашпайтұғын бір мезгіл сырды ұштығып,  
Болмас мыстан сияқты тұрмысты ұғып.  
Мен де итше жер тырнап ұлыр едім,  
Көмейіме түйткіл тұр қыстығып.



\* \* \*

Кіді мінез қыс жайын көз көргелі,  
Үшпа кеуіл қаншама сөзге ермеді,—  
Ақ шалғаны болмаса самайымды,  
Содан басқа ештеңе өзгермеді.

Болар бәлкім түбінде алды жырдың,  
Жүрегімді жүгенсіз шалды бір мұң.  
Мысық табан мезгілдің мінезінен,  
Көңілімде көзсіздеу қалды кірбін.

Құшағына сап-салқын алған бақты,  
Мір кем дүние мұңлылау жалғандатты.  
Тіршіліктен түбі бір тірек табар,  
Қорғансыздау көңілім қалған қатты.

Туған жердің қар басқан жыра, бағын,  
Шуағымен жылытпай тұра ма Күн?!  
Әзірше, сен, қыраулы терезедей,  
Менің көңіл-күйімді сұрамағын.

\* \* \*

Түсіме ылғи енеді жеті қайың,  
Бастан кешкен ормансыз жетім айын.  
Жандарына батады аздықтары,  
Төндеріне ызғардың өті уайым.

Аңсап олар сынсыды қатарларын,  
Басу айтып жұбатып жатам бәрін, —  
Аңғаратын секілді ақылдылар,  
Балта саптық іздеген катал барын.

Кәдімгідей жыр оқып жұбатамын,  
Аттырардай жанымның бұла таңын, —  
Неге екенін ұқпаймын кей кездері,  
Жеті қыздай жетілген ұнатамын.

Тіршілігім тағдырдың сүйеді өтін,  
Жеті қайың түсіме жиі енетін, —  
Жеті ару шығарсың мені сүйген,  
Жырымды оқып барыма сүйенетін.

Қалай ғана шығарам естен мұны,  
Киелі сан жанымның ескен мұны...  
Жылап тұрар басымда жеті кемпір,  
Жарық дүние жарығым өшкен күні.

\*\*\*

— Сүйем, — дедім... Самайды қырау шалды,  
Қармай алмай кам көңіл тұр-ау талды.  
Қыз кезінде мен сүйген жеті кемпір,  
Бір-бірінен кімді деп сұрау салды.

\* \* \*

Сар жаздың үзілсе де акырғы өні,  
Өксігін басалмай жел жатыр ма әлі, —  
Құлаққа шалынады жұмбақ сыбдыр,  
Сабаннан суырылған шатырдағы.

Қабағын қарс түйіп қарай ма күз,  
Суық сөз қуған елге тарайды аңыз, —  
Еріксіз сезім билеп бойды алған,  
Сүйісіп тұрғанда ескі сарайда біз.

Қиыла қаққан көктің боз қасындай,  
Сұп-сұйық салқын сәуле созбасын ба Ай.  
Ерніме кермек тамшы тиді жұмсақ,  
Жып-жылы өтпе жаздың көз жасындай.

Жайылған қараңғылық тарапты інге,  
Тұрсың сен мысық көз Ай қарап кімге?!  
Бойына тыныштықтың қан жүгіріп,  
Қызығын қиды жастық барак түнге.

Күрен күз тыныш тапты иіп басты,  
Балымен алмастырып күйікті асты.  
Суық сөз, кермек тамшы, ыстық ерін  
Бұл деген әңгіме емес тиіп қашты.

\* \* \*

Темір жолдың бойында өскен қайың,  
Сезіліп тұр беймаза кешкен жайың,—  
Тыныс кеміп, тамырың тартылады,  
Составтардан бір екпін ескен сайың.

Солқыл сорған жаныңды көп мұң басты,  
Сары ауру жапырақ төктің жасты, —  
Айдар болып тағылмай айдалаға,  
Жолаушыға қызмет еттің басты.

Жанбыр шайып, жел қаққан кездерінде,  
Сүттен құйған мүсіндей көз көрімде, —  
Тұрдың салқын сыланып сұңғақ бойлым,  
Бір тал шашпай телінген өзге өрімге.

Бунақ-бунақ буынды толқын ғалам,  
Өзгелерден қарайды салқын саған, —  
Көтертпейді еңсенді ертелі-кеш,  
Шойын темір бір тынбай солқылдаған.

Көрмеген-ау бақ-айың жанып тегі,  
Пойыздағы аңғарсын халық нені,—  
Білегінді созасың терезеге,  
Кет дегендей біреуің алып мені.

## МАМЫР – МАЙ

Не деген мына мезгіл сабырлы еді,  
Тынысын тіршіліктің таң үрледі.  
Мөп-мөлдір мойыл аспан көзін тіккен,  
Жаз деген жарқын айдың Мамыр меңі.

Мама қаз мақпал бауыр бұлт та ұшпа,  
Көзге ұрар құбыла жақ тұрып тұста,—  
Құлындай тағдырыма ұксап кетті,  
Тастайтын бірақ оған құрық қысқа.

Қаран су қаптай керіп қырат-қырды,  
Ылдиға ыспа басын бір-ақ бұрды.  
Сусамыр таз тақыр да мауқын басып,  
Жыпық көз маубас бала жылап тұрды.

Меңі бұл жаз айының Мамыр атты,  
Қоя тұр тықпаламай, тамыр, ақты,—  
Алты ай қыс көгендеулі жәудір жанар,  
Сағыныш қозы-лағын жамыратты.

Күн өткен кіді мінез қыс қамықты,  
Тезіне салған білем ұста мықты.  
Қу тірлік көз алдыма келтіреді,  
Күрмеуге келмейтұғын қысқа жіпті.

## КЕЛЕДІ КҮЛТЕЛЕНІП...

Бөлекше бөзге ораған боз даланы,  
Сары ала сағым сел түс қозғалады.  
Түбінде ірі ақын болармын мен,  
Келеді күлтеленіп сөз балағы.

Сағым да, өлеңім де алдырмастан,  
Мысалы, жел қуалай жал бір қашқан.  
Түтінге ыстай-ыстай кеуіп қалған,  
Келтірді көз алдыма қалбырды аспан.

Қалбырың жөнсіз кейде қаудырайды,  
Берместен ұшқын шаша бауға райды.  
Күн құлап күміс құлақ көкжиекке,  
Сонан соң көрсем деймін жәудір Айды.

Әзірше көз суарып сағым көшпе,  
Салады жылан бауыр ағынды еске.  
Дүние өшер-көшер, бірақ та мен  
Сүйектей сындырмаспын сағымды, ешке.

Со түс түр үйенкідей күлтеленіп,  
Өмірді жалын жеген білте делік.  
Кей-кейде сәби жерге Күн де иіп,  
Төс сауып көрсетеді бұлт енелік.

Мұқандай сағымнан соң сағым барын,  
Түйсікпен үрпі іздеген бағымдадым.  
Жалған да жапырақтай жанып кетер,  
Ей, менің өз жүрегім қағынбағын.



## КЕШ

Қай тұсқа қу тірліктің тартты-ай көші,  
Құдайдың батты, әне, нарттай кеші...  
Көміліп көк түтінге апам отыр,  
Суланған көн тезекті тартпай пеші.

Күз қаққан қырдың қалып құр сілемі,  
Табылмай кам көңілдің тұрсын емі.  
Күйсеген былтырғыдан қалған шөпті,  
Көңілсіз қасқа сиыр күрсінеді.

Шаң-паннан шайған сылбыр жауын бақты,  
Бастығып аңтарылған қауым қапты.  
Қорада жатқан қайық қансып қалған,  
Келтірді көз алдыма қауынқақты.

Реті келген кезде сөз қыламын,  
Апамның жеген жанбай көз-құлағын, —  
Лып етіп ұшқын шалған көн тезектен,  
Шырт-шырттап шок ұшқындай қозды  
жалын.

Түссе де сынықтай бір сызат күнге,  
Қызығын қыз ғұмырдың ұзаттым не...  
Тіршілік қоздап тұрса темір пеште,  
Үгіле қоймас көңіл ұзақ түнде.

Санаған қылтаңақты тізіп қылға,  
Толқындай жаға жеген жүзіп мұңға,—  
Түн қашты таң сібірлеп атар кезде,  
Ей, жүрек, үмітінді үзіп тынба.

## МЕНІҢ МҰҢЫМ

Кірпігін көтерместен қыраулы күн,  
Барады көшіп көкте тыраулы мұң.  
Ап- ауыр қорғасындай бұлт басып,  
Аспан да аласарып тұр-ау бүгін.

Беймезгіл қарқылдаған қарға үміттен,  
Ырысым ыдыс жұқты бар ма күткен, —  
Жападан жалғыз тамда жатып алдым,  
Жантақтай жан батпайтын жарға біткен.

Кезімде кам көңілім жарға ашынған,  
Бак құсым кеткен ұшып бар басымнан.  
Қап қара құйын со-н-а-ау көкжиекте,  
Адамдай шайқалады дарға асылған.

Түсетін кез де келер акыр көрге,  
Бұйыртып бақты емес, бақырды ерге.  
Жел қаққан сар жапырақ сағыныштай,  
Қалбақтап қонып, әне, жатыр жерге.

Біз мұны жаны мұнды бейне делік,  
Шым-шымдап сыр тартатын кейде келіп.  
Қалыпты қалы кілем күйе жеген,  
Көңілді қырық құрау жей ме желік?

Бітпейтін өмір, білем, ұзақ сарын,  
Беріп тұр сызды аспан күз ақпарын.  
Дүние түсінер ме екен менің,  
Жанымда жалған салған сызат барын.

\* \* \*

Кеудемдегі оянып бағы бар мұң,  
Биыл жазда ауылға тағы бардым.  
Жардан қайтқан жаңғырық сияқтанған,  
Шәркез сол бір сезімді сағынармын.

Басылмаған байызы барак түнде,  
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?! —  
Салқын сәулең сыланған сынап білем,  
Мысалы, тышқан бүкті тарапты інге...

Жылан қабық жайылма құмақ құмға,  
Жалп егіп жата кеттім, тұмақпын ба?  
Майда қоңыр дария бейіш лепті,  
Бола қоймас керегі жұмақтың да.

Ала канат атқанша таң сарылып  
Көңілімнің бермейді аңсары ырық.  
Тұр жағада досымның балық баққан,  
Қайқы төсті қайығы қантарылып.

Бар ма еді көргенің осындайды,  
Қап-қара түн қанатын тосын жайды.  
Мысық көз Ай... Сыр бойы... Мысыр  
кеуде...

Үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

\* \* \*

Түсіме енді қырғауыл құман кеуде...  
Ымырт ауған, болмайтын тұман деуге, —  
Бу бүлкілдеп барады буыны босаң,  
Көңілімді жегідей күмән жеуде.

Кеудемдегі қопсытпай қозға мұнды,  
Сездім тоғай тоқымдай тозғаныңды, —  
Жұтып қоя алмастан тұрғаныңнан,  
Таяқ тастам жердегі созған үнді.

Жоқ па құны, табиғат, қынаң құрлы,  
Көре алмастан көлбеген сылаң Сырды, —  
Жүген-құрық айырған ес- еркінен,  
Көз алдымда алқынып қылаң тұрды.

Көңілімді жегідей күмән жеуде,  
Түсіме еніп қырғауыл құман кеуде.  
Ұшпа сезім секілді сейілетін,  
Түс шіркінді келмейді тұман деуге.

## АЛАКӨЛДЕ ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Алакөл айшықтанып ай қабақты,  
Сілемді тау етегін жайлап апты.  
Мен болсам толқып тұрдым жағасында,  
Сен болсаң әңгіме еттің қайдағы ақты.

Көл жатыр кілкіме бет күлгінделіп,  
Қырандай со көріністі ілдім келіп.  
Тынысын тіршіліктің таң үрледі,  
Сонымен сен бір сырды білдің делік.

Жығылып-сүріндім деп жырдан безбе,  
Қам тірлік барын білем ұрған көзге.  
Күпірлік ете алмаймын күстәналап,  
Жарығы Жаратқанның тұрған кезде.

Жаныма мезгіл салған нала емес пе,  
Ілесіп келген еді бала көшке.  
Қасқа жол қом арқандай қыр байлаған,  
Құрт дәмді қу тірлікті салады еске.

Күн шықты күміс жалды күрең қасқа,  
Қан қызыл нұр жүгірді рең басқа.  
Жанымды желпіп өтті періште жел,  
Тірліктен түнілердей тұр ем баста.

Дегендей бастан ауды бір сын міне,  
Құмдақты жағалауда тұрсын күле.  
Жайсыздау ақ жал толқын аунап түсті,  
Сүлеймен – су иесі күрсінді ме?



Жырына арқау болған жиі ағаның,  
Сыр бойы... Бүргенді құм... Мия калын,—  
Тоғайды тозған тоқым сияктанған,  
Қалайша қиянатқа қия аламын.

Қондырып ұясына Күн киені,  
Артылды ақ жем кештің түнге иегі.  
Сұп-суық сыланған Ай күміс кірпік,  
Тазыдай ине жұтқан ілмиеді.

Сеземін ауада да ызғар барын,  
Шерте алмай жатыр Сыр да ізгі арманын.  
Жыпық көз шамы өшпей қараша үйдің,  
Жейді әже жеті түнде қыздар камын.

Көбелек көңіл көзсіз имесін бе,  
Қызынып қыздары жүр би кешінде.  
Керіліп кетердей боп тұрған төстің,  
Сап-салқын сәуле ойнайды түймесінде.

Сүлеймен — су иесі күрсінгенде,  
Қалғандай сезіндім мен құр сұлдем де.  
Тоқшылық жоқшылықпен ойнамайды,  
Ілініп қылдай тірлік тұрсын демде.

Сыр бойы... Бүргенді құм... Тоғай қалын,  
Кетіпті-ау бастан ұшып оңай бағын.  
Түбі бір түгенделер төрткүл дүние,  
Өзіммен-өзім қалып соны ойладым.

## СОҢҒЫ ТРАМВАЙ

Тыныс кеміп, мезгілсіз, сарқылма дем,  
Кірпігіме ұйлығып жарқылды әлем,—  
Бүлк-бүлк қағып теңселген трамвайдың,  
Қалғып-мүлгіп келемін артында мен.

Көңілсіздеу келеді Ай да ілесіп,  
Тұр самал да жып-жылы майда есіп.  
Бар мен жоқтың арасын сыналаған,  
Қу тіршілік барасын қайда көшіп?

Қала оттары жылусыз жүзін бұлап,  
Күн батқалы қаншама қызыл құлақ.  
Сымға асылған трамвай білегінен,  
Шыққан жұтып қояды ызынды бақ.

Көше күнгірт шамынды өшірмеші,  
Менің көңіл-күйімнің көшірмесі.  
Бейуақыт келемін үйге қайтып,  
Алматының ақ қанат кешір, кеші.

Сорым әлде, білмеймін, сірә бағым,  
Ұясына асыққан тұра ма Күн?  
Мен де жетіп төсекке жығылайын,  
Сен де қайдан шықтың деп сұрамағын...

«Көбелектер» ақшамда ұят қалған,  
Көріктерін көлбете жиі ақты алдан,—  
Кезек-кезек сорылып жалыны өшкен,  
Темекінің тұқылы сияқтанған.

Кірпігіме ұйлыққан жарқылды әлем,  
Көңілсіздеу игеріп қалпымды әрең, —  
Әлемнің бір бұрышы, трамвайдың  
Қалғып-мүлгіп отырмын артында мен.

\* \* \*

*Сыныы Сайлаубек Жұмабекке*

Қауышып тұрған бізбенен,  
Осы екен-ау сабау кірпік күз деген.  
Күрең жалы күмістей күлтеленген,  
Торым десем, еткізем бе Сізді елен.

Торым десем, ерсілеу де көрінбес,  
Өйткені ол өленіммен өрімдес.  
Қасы бүтін, бүтін әрі әбзелі,  
Алты ай жазда арытпадым ерін де еш.

Тұр-ау білем, төбел де талғап тұрақ,  
Бұлтты көк бүгінде салмақтырақ.  
Сылаң қаққан сынаптай ақ қайыңның,  
Жапырағы, мысалы, жарғақ құлақ.

Күз ғой бұл не десем де мекер демді,  
Іздемен жан дауасын бекерге енді.  
Күн көзі шытынайды шыныланған,  
Таппастай талшық етер лекерге емді.

Сандықты жанын салған іздемегін,  
Күміс жал қоңыр төбел күзде өлеңім.  
Ертекей ертелі кеш еліктірген,  
Түбі бір жастанамын сыз белеңін.

\* \* \*

Мазалайды беймаза ой шалды шындап,  
Қалай ғана жел кезген қалғысын бақ.  
Көкте ойнаған көгілдір ұшқын көрдім,  
Әлдебіреу жатқандай шалғы шындап.

Ат жақты Айдың сәулесін тізгін делік,  
Қыздырмайды қанымды ызғын желік.  
Қанатынан қайырлып жаз құлады,  
Құшағына қызусыз күздің келіп.

Төнкерілген таз төбе құла құмда,  
Ұмыт қалған ұсқынсыз тұмағым ба?  
Жабырқаулау күй кешем кер жалғанның,  
Жарық камыс екенін ұғамын да.

Қарандайды шөмеле шөккен түйе,  
Сеуіп жатқан секілді көктен күйе.  
Жылытады тұмсығын шөпке тығып,  
Үйірінен бөлініп кеткен бие.

Арығаны сияқты нулы жердің,  
Жорығанда демессін туды көр күн,—  
Тастай батып ұйқыға, түсімде мен,  
Сүмбіледе суыған суды көрдім.

\* \* \*

Боз боранның боздауы басталмағай,  
Сары майдай ериді аспандағы Ай.  
Ескен желдің екпіні жейді көзді,  
Өтіндегі арылар жастан қалай.

Қырын қарап қытымыр тұрды ауылға,  
Ұласардай ұрда-жық бір дауылға.  
Бүйірі қызған құмандай қызыл күрең,  
Көтерілді жер сызып қырғауыл да.

Сараң мезгіл жиынын түйді, есебі,  
Шығасы аз мінезбен үйлес еді.  
Қылтанақтай мия да қиық құлақ,  
Кететіндей үзіліп күй кешеді.

Аштырмастан қарыстай қыс қабағын,  
Есті ала еседі тыстағы ағын.  
Қарымына қарамай қарпып алар,  
Қыры қылдай қамысты ұстамағын.



## МӘСКЕУДЕ ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР

*Ұстазым Көроғұлына*

Наурыз нәркез Мәскеуде сәнденеді,  
Шуағымен жылытып жан денені.  
Мен отырмын өзіммен-өзім қалып,  
Көз алдыма келтіріп хан Кенені.

Жел мінезді ұл едім еркін өскен,  
Шығып кетті барлығы бертін естен.  
Шалқыта алам шалдуар енді қалай,  
Онтүстіктің кеудемде өртін өшкен.

Құраннан да дәрісті берген, Аға,  
Кетіп қалғым келіп жүр кер далаға.  
Көзді жеген кермектеу түтінді аңсап,  
Бойымды алған бертінгі шер-нала ма?!

Күнде калып күміс жал күрең мінген,  
Келісе алмай кей кезде жүрем мұңмен.  
Оңған шәлі өңіме таңғалмағын,  
Таксыр, Тағдыр, таймаған рең кімнен?

Көрсететін болымсыз бойды ғана,  
Шемен тасқа шегелеп қойды қала.  
Енді-енді игеріп келе жатыр,  
Көк бөрісі оянған ойды бала.

*5 наурыз, 1992 жыл.  
Мәскеу*

## ҚЫЗ КҮЛКІСІ

Елең қылмай ызғарлы күздің өтін,  
Сидаң бақта жалаңаш біз білетін, —  
Ай нұрына ақ жүзін аймалатып,  
Еркелеу бір елітіп қыз күлетін.

Жеп-жеңіл ол мінезді мақпал делік,  
Тап-таза ол тұрғандай қапталда елік.  
Көңілімнің төрінен көрсе қызар,  
Оянатын ой бұзып жатқан желік.

Иеленіп жүргенде дара бақты,  
Қайран мезгіл қайырыла қарамапты, —  
Қыз күлкісі біртіндеп салқын тартып,  
Сосын өзі алыстап бара жатты.

Сол Ай қалды, сол бақ пен қалды түн де,  
Үміт артып үркердей алғы күнге.  
Сартап болған сағыныш санаға ұрып,  
Сары уайым салмағын салды кімге.

Ауыр тартқан ағаштың сыз білегі,  
Сондағыдай сидаң бақ, күз күні еді, —  
Ай нұрына ақ жүзін аймалатып,  
Бейтаныс бір елітіп қыз күледі.

## ТҮНГІ АСПАН

Мық жұлдыз кара басқанда,  
Бермейтін біздер сезіне,—  
Адасып жүрген аспанда,  
Жабайы мысық көзі ме?

Қара ала бұлт аунайды,  
Қауқары қалған бір түнем.  
Сап-салқын сәуле аумайды,  
Қопалақ інген үрпінен.

Қабағын ауыр таң баққан,  
Аңсары ауып дүзіне,—  
Құс жолы ұлпа шандатқан,  
Жабайы мысық ізі ме?

Жалғыздық сезем азап-ақ,  
Таппастан жаны бір тыным, —  
Майлақы түнді мазалап,  
Қағады жалп -жалп кірпігін.

Жанының таппай тегі емін,  
Беріліп жүрген елеске, —  
Жабайы мысық дегенім,  
Жүрегім менің емес пе?!

## ТАУДА

*Ұлым Аяғға*

Басталып суық түсті күзгі желік,  
Қуалай соққан жел де ызды келіп.  
Төменге жар жағалап сырық мойын,  
Мысалы, қоңыр үйрек жүзді делік.

Дегенім қоңыр үйрек өлең білем,  
Қолыма қондыра алмай келем, кілең.  
Кешегі ала өкпе құйын қаққан,  
Күйе бас күй кешеді белең, кілем.

Оқшау бел ұқсатқанға екен кеме,  
Шыңына шығып кеткен шетен неге?..  
Емеспін Нұқ пайғамбар, шетен шырақ,  
Алып кет бірге өзінмен, бөтен деме.

Көңілім кетік күлше бүтін болмас,  
Қаншама жасасаң да күтім, жолдас.  
Бір ұшып кеткеннен соң мысалыға,  
Қайтадан қара ошаққа түтін қонбас.

Қайтейн, ей, табиғат игенінді,  
Қондырып ұясына күйме Күнді, —  
Жаңғырық сияктанып жардан қайтқан,  
Бәрібір оралармын үйге мұнды.

Таппастан бой түзеген қыздай тыным,  
Жанымның сезбейсің-ау сыздайтынын.  
Қасқырдай ұлып құбыр жел кеулеген,  
Бүгін де таба қоймас күзгі Ай тыным.

## ИБА ТҮНІ

Ақтарылған ақ жарма бұл, иманым,  
Қара барқын түнінде ұлы Ибаның, —  
Ақ сұр Айдың бетінен жемтік көріп,  
Бергенің не аспанға ұли жаным?...

Көтеріліп басылған кептер кеуде,  
Сезімінді келмейді шектер деуге.  
Нарт іңірдің қызылы жүзге ұрып,  
Қызға ұрын баруым өтті өрлеуде.

Өрлеу еді келетін биікке де,  
Қуә болып Ай туған қиық жебе.  
Со бір кезді бастауы Иба түннің,  
Қалдым екен көңілге түйіп неге?

Бүгінгі кеш тұр сыртта өсек қаптап,  
Суық желдей, мысалы, десек шақтап.  
Былырғы қар секілді алғаш жауған,  
Үнсіз келіп отырдық төсекке аппақ.

Тас атқандай тағдырға баршын неме,  
Иба түннің төсегін тарсың деме.  
Торқа түгі түнектің қоюланып,  
Жұмыртқадай аршылды аршын дене.

Құлақ басты тып-тыныш қалып баққан,  
Қылаң ұрып қыл кірпік қалыпты ақ таң.  
Жабық жүрген сығалап қызыл анди,  
Жеңгем де жоқ тіс қақты әліп баққан.

Бұзатұғын буынкүрт десек тілді,  
Неге сонша бізді ол өсекке ілді?..  
Иба түннің жан ашпас құпиясын,  
Мен, сосын қыз, сонан соң төсек білді.



## СЫРЛАСУ

### I

Қызыл қайың дегенде қызыл қайың,  
Құлан иек таң ата үзілді Айым.  
Қызыл қайың дегенім қыз боп шықса,  
Сары майдай неге мен бұзылмайын.

### II

Күрең қайың дегенде күрең қайың,  
Білініп тұр мұндылау рең, жайың.  
Сағыныштың сары ала буы алған,  
Екеумізге сеземін бір ем қайым.

## ҚАРА КҮЗ

Қара күз қайырымдылық танытпастан,  
Жабағы бұлт жамылып алыпты аспан.  
Есер жел есті алады еңіс кезіп,  
Қаңбақты қауқары жоқ алып қашқан.

Жатаған мық жусаннан айырмасы,  
Селеудің селдір селкеу айыр басы,—  
Ызындап тұрған кезде ішін тартып,  
Секілді “Уәйдәйдін” қайырмасы.

Қозы-лақ көз тұндырып өрген кеше,  
Төмпешік төңкерілген керден кесе,—  
Жаланап жатып апты жел өтінде,  
Қызығын сары жаздың көрген неше.

Онаша шығып алған жауыр дөңге,  
Жетуін ағашқа анау ауыр демде.  
Жанына медет екен жалғыз кара,  
Паналар болмаған соң қау іргенде.

\* \* \*

Үркердей үркіп ауыл қыр астында,  
Қаңтарға қара суық ұластың ба?!  
Секілді алтын түйме жылтырайды,  
Шақпа шок шырт-шырт жанған күл  
астында.

Кеудемде қыстап қалған құс мұнымды,  
Шатаққа шалдырмаспын қыстыгүнгі.  
Шыңылтыр шым-шым шаққан шұнақ аяз,  
Шыныдай шытыната түсті үнімді.

Сыланып салқын жер де рең кеткен,  
Ұрады қыс ызғары күрең көктен.  
Мысалы, «әпсін» оқып үшкіргендей,  
Күй кешіп көңілсіздеу жүрем көптен.

Мезгілсіз мезет қаузап қартайды ма,  
Жүзінен күміс Күннің әр тайды да, —  
Адасқан үйірінен көк төсіне,  
Шығандап шыға келді жарты Ай құла.

Дегенде жарты Ай құла, жарты Ай құла,  
Жұлдыздар сиреп піскен арпа-ай мына...  
Шарт буған сағыныштың сар белдігін,  
Сабырды сарқа берме Сартай құда.

Тастағын одан да ана тонды мұнда,  
Жан бітер көктем шыға қомды құмға.  
Әзірше әліп баққан қабақ қакты,  
Кеудемді қыстап қалған тонды мұн да.

## ҚАЗАҚ ЖАЛАҚОРЛАРЫНА

Демеймін мен саған туыспын,  
Қайталап айтамын іштей мың, —  
«Руыңмен у ішкін...»  
Мен ішпеймін.

Сен күлгін, мен кейін күлемін,  
Дін аман Ай, Күнім.  
Қазаққа ортақ деп білемін,  
Кеудемді жайлаған қайғы-мұң.

Еңсені көтерер кез туар,  
Жайым жоқ өзгеден көретін.  
Сәулеге сәриден көз суар,  
Жер-көкке қозыдай өретін.

Жапырақ жүректі қозғайды,  
Сап-салқын сал бауыр жел күзгі.  
Алыста бір бота боздайды,  
Іздей ме, иесі — елді ізгі?..

Қазаққа лақтырма тасынды,  
Қазаққа тілің де тимесін.  
Төбенде ойнатып жасынды,  
Күйретер қараулық күймесін.

Бақытты сезбесең сол қайғы,  
Жасасын, жасасын азат күн, —  
Азаптың жыршысы болмайды,  
Ақыны қазақтың.

Жамандық тілемей бөтенге,  
Тілемей ешқашан азап та, —  
Қазақты мақтаныш етем де,  
Және де сенемін қазаққа.

## ӨЗІММЕН-ӨЗІМ ҚАЛҒАНДА

Алмастырар нұрсінді жарап Күнге,  
Мысық көз Ай тұрсыз, Сіз, қарап кімге?  
Көңілсіздеу сенімен ей, Аманхан,  
Өмір жайлы сырласу барақ түнде.

Күндіз де сол, қашанда мұның басым,  
Анық сені айтардай ұғынбасым.  
Сусыз құдық секілді кеудең кейде,  
Тығып алған бос шелек тығын басын.

Кіді күнді өткізіп ызба бастан,  
Бұлт буған тұр тағы сыздап аспан.  
Қарабыртып қарайсың сөзге тартсам,  
Қайда қоям көңілді мұзға басқан.

Болмас енді таппасаң өзің емін,  
Ұялапты бірегей көзіңе мұң.  
Аунап түсер сүйсініп аруақтар,  
Жыр мазалап жүргенін сезінемін.

Тозған ауыл, ондағы бұлт жайлы,  
Шенсіз халық, сонан соң ұлт жайлы, —  
Ойлар білем еңсенді көтертпестен,  
Аштырмайды-ау жаныңды құлып-қайғы.

Қарға адым келтірмей бір басуға,  
Қара суық қабынып тұр ма асуда?..  
Өмір жайлы, Аманхан, осындайда,  
Көңілсіздеу сенімен сырласу да.



\* \* \*

Ұшпа көңіл тыйылмай елендесі,  
Кетсе де алып жыраққа өлең көші, —  
Жатаған там жадымнан шығармысың,  
Көлбей түскен жиденің көлеңкесі.

Мендей түсіп көрдің бе күйге бірің,  
Қалып қызы қылықты сүйген үрім.  
Қашыратын ұйқымды жылағаны,  
Іргесінде ауылдың шибөрінің.

Қайтем қайран кеуілді қам қылғасын,  
Атпай қойды айдарлы таң мұңдасым.  
Тазалаған есіме түсті қарды,  
Кезім сабан жабылған тамның басын.

Туған жердің қыздырған дүз-белеңін,  
Менен жалын жастықты іздемегін.  
Жүген-құрық тимеген тепсендегі,  
Күміс жалды сүйеді күзді өленім.

Ойға кеттім мынадай бұл күні мен:  
...Езуінде жүретін күлкі кілең, —  
Алдырмайтын айлалы мір кем дүние,  
Өліп жатқан өтірік түлкі білем.

\* \* \*

Сорып алар ыстығын сыз дененің,  
Сары уайым жастанып күзде өлемін.  
Ахиллестің өкшесі сияктанған,  
Менің әлсіз жерімді іздемегін.

Сынсып тұрар жас қайың қалған желең,  
Қоштастым деп тағы бір арманменен.  
Тойған қозы секілді бүйірі шығып,  
Жатар үнсіз төсіне алған белең.

Өтер күз, өтер шулы ақпан да бір,  
Тірілтіп алатындай қаққан дабыл.  
Жусанның жанарымен көзін салар,  
Тірлікке жер жастанып жатқан қабір.

## ҚОҢЫР ҚЫЗ

Қоңыраулатып өткізіп күйме күнді,  
Қайтып жүрмін жиі мен үйге мұнды.  
Кешір мені, Қоңыр қыз, енді сені,  
Жүре алмаймын жасырып сүйгенімді.

Сенің тұнық мөп-мөлдір көзіндегі,  
Мұнның табын жүрекпен сезінгелі, —  
Жаздың жылы самалы сияктанған,  
Мазалайды жанымды сезім легі.

Күннің нұры ораған шалғайына,  
Алма жүзің жарасып тал бойына, —  
Таңғы шықтай тағдырлы талма шағың,  
Қай-қайдағы жайларды салды ойыма.

Кеудемдегі толқынды бастым да әрен,  
Тұрмын бағып артынды тасқынды әлем.  
Жатар ма едім көміліп, о, Қоңыр қыз,  
Сенің қара шашынның астында мен.

Отырамын сыр етіп бұл жайында,  
Жапырағы сиреген тұл қайыңға.  
Көңілімнің бұлты көзін ашты,  
Болады екен, беу, тағдыр мұндайың да.

\* \* \*

Қозы-лақтың бойында бар ма желік,  
Айран-асыр салып жүр жарға келіп.  
Тел қоңырдай телінген тепсең жерге,  
Біз де бірге қабаққа барған едік.

Қима қамыс қасынды қағасың да,  
Бал татыған мұңыңды шағасың ба?  
Сары майға қарыған жармадай боп,  
Сыр сылқымның отырдық жағасында.

Қарымын тауып қалай ұғыспайын,  
Күпті көңіл, мысалы, құныс қайын.  
Су бетінде ойнаған ақ шабақтай,  
Қылығыңа қанығып тыныстайын.

Омырау түймең үзілген алма керіп,  
Он сегіз жас... Өліара ... Қалмады ерік...  
Көздің жасы секілді қышқылтымдау,  
Тағдырымнан талма қыз қалма жеріп.

Өзім болсам көз жасын көл етпедім,  
Солай болар біткенше кенет демім.  
Дария-жалған жағасын шиырлаумен,  
Өтер ме екем таба алмай мен өткелін.

## КӨҢЛІМНІҢ РАЙЫ

Жел қытықтап қиық құлақ қияқты,  
Ыспа бұлт шелкөз көкті тұр қаптап.  
Райы күннің өтірікші сияқты,  
Сөзінде тұрмайтын сырғақтап.

Суық тиген жалаң денеге,  
Алтын жамау Күн ырықсыз неткен.  
Салғырт тартқан сылаң көде де,  
Жылу іздейді шырықсыз көктен.

Жазылған жазық, кара жоқ қырдан,  
Қашады қаудырап қуаң қау.  
Сен емес боздап бота боп тұрған,  
Менің көңілім суалды-ау.

Жанымды сөз, суық қарыды денемді,  
Иесіз қалған тақтаймын.  
Бақсаң бақ өзін, мен енді,  
Райын Күннің, газеттің бетін бақпаймын.

## «ЖОҢҒАР ҚАҚПАСЫНДА»

Жоңғардың қолы жоя алмай,  
Шарпысқан судай отпенен, —  
Не деген ел ек ой, Алла-ай,  
Төбесінен қиқу кетпеген.

Қырылып қаздай өрсек те,  
Пешенеге тағдыр нені жазды екен?..  
«Жоңғар қақпасы» жонынды көрсетпе,  
Бүгінгі шертер наз бөтен.

Жеткізіп лебін тұр мұңның,  
Оқыған аят желең жел.  
Куәсі жойқын қырғынның,  
Түреді құлақ белең-бел.

Қорғасын бұлт сынап түс,  
Қылығыннан айналдым, отты аспан, —  
Тұрғанда үнсіз жылап біз,  
Қосыла егіліп жоқтасқан.

Ыспа бұлттай қайғысы өрген,  
«Жоңғар қақпасы» жонынды көрсетпе.  
Азаттықты Тәңірім берген,  
Қолдан шығармаспыз өлсек те.

## АЯНҒА

Құдіреті болғасын сағынарлық,  
Биыл балам ауылға тағы бардық.  
Желіменен ойнағын желең, Қарғам,  
Құйын қылық көрсеткін қағынарлық.

Қағынарлық дегенім еркелегін,  
Туған жердің иітіп бөрте белін.  
Сырдария сылдырап болар-болмас,  
Сал сағыныш дертімнің шертеді емін.

Аян, сосын қасымда жаз-көбелек,  
Жүрміз Сырдың жағасын сазға бөлеп.  
Айбектің қайқы төс қайығында,  
Суға кете үшеуіміз жаздаған ек.

Жайлап алмай көңілді күмән келіп,  
Қырғауылын жез мойын құман делік.  
Күлгін жалы күмістей күлтеленіп,  
Жер бауырлап барады тұман желіп.

Ымырт ауған... Жел демі қайтады ызба,  
Тамып кете жаздап тұр Ай тамызда.  
Жардан қайтқан жаңғырық сияктанып,  
Шыныменен қалаға қайтамыз ба?

Көрінбейді жар шеті қабақ талдан,  
Шелек шолп-шолп етеді шабақ толған.  
Ауыл... тоғай... содан соң алыстағы Ай,  
Ине-жіппіз, мысалы, сабақталған.



## ҚОҢЫР КҮЗ

Ыз бұлттың лекіген мекер демі,  
Сүйек шағып шым-шымдап шеке өрледі.  
Сары ала сағынышым сияқтанып,  
Мазалайсың сабау Күз бекер мені.

Жаңбыр исі аспаннан сезіледі,  
Бұл не деген лып етпе сезім еді.  
Бір уыс көк текемет астындағы,  
Білем енді алты ай қыс көз іледі.

Қалай, жаным, жүрегім сыздамасын,  
Тұрса сүйеп тағдырым Күзге басын.  
Қоңыр дала қойны ызғар атқан,  
Бекер мені тірліктен қызғанасың.

Құйрық-жалы күзелген күрең қасқа,  
Күздің сырын ұқпастан жүрем баста.  
Қас- қабағы ашылмай кіді мінез,  
Көзін сүзіп қарайды рең-басқа.

Келгенімді қалдың деп сезбей тағы,  
Жел сыбдырға ұласқан сөз де айтады.  
Тіршіліктің түбіне жете алмастан,  
Көкжиектен шалдығып көз қайтады.

Сағыныштай сарғайған сары беткей,  
Жатыр салқын сыланып әрі кетпей.  
Сыбызғыдай сыңсиды селдір селеу,  
Тұр білемін қантардың қары жетпей.

Кер құлыншақ ойнайды ат болдым деп,  
Ұзатқан қыз жылайды жат болдым деп.  
Ей, қоңыр Күз, мен болсам мұңаямын,  
Неге сонша тас бауыр, қат болдың деп.

## САҒАН

Шарпысқан шок пен мұзға қайым лебін,  
Көзіңе мұң ұялап Айым менің, —  
Жабырқау жел өтінде желең тұрған,  
Сүліктей сылаң түсті қайың ба едің?

Жүректі жараладың, аздай мұның,  
Кеудемді қыстап қалды қаздай мұңым.  
Кетпейді құлағымнан ертелі-кеш,  
Жанымды жаулап алған жаздайғы үнің.

\* \* \*

Тартсын, мейлі тартпасын қай қабағы,  
Көрік кеуде бастығып жайланады.  
Түкті кара суықтың басы қайтып,  
Ақ қар жауып алыпты айналаны.

Судырап сыпырмайды күз көшені,  
Күдерін күпті көңіл үзді есебі.  
Қызылдың қыбын баққан қырат-қырда,  
Қақпанды қаудырақ шал із кеседі.

Таспадай аппақ сокпақ асты белді,  
Қар басып, мұз құрсаулап жасты көлді.  
Жылусыз Күннің көзі елестетті  
Таусылған жанар оты маскүнемді.

Жылан көз жылтыраған қасқа бұлақ,  
Шыныдай сынбас енді тасқа құлап.  
Қытымыр қыс құрсауын көріп тұрып,  
Артының бостығына аспа құлақ.

Сап-салқын ызғар есіп сылаң бақтан,  
Салғалы тұр-ау биыл ылаңды ақпан.  
Фәнидің фәнилігі рас білем,  
Түлкінің құйрығындай бұлаң қаққан.

\* \* \*

Ырғалып ырдуандай ызған ақын,  
Кең жайды керегедей күз қанатын.  
Ұзақ түн сырласатын айтшы басқа,  
Кімің және нең қалды қызғанатын.

Келеңсіз кебіс бас Ай тұр аспанда,  
Сұқ желге сыпсын самал ұласқан ба?  
Қауындай қазан ұрған сияқтану,  
Ауырлау тиеді екен гүл ашқанда.

Байтоғай, Қожатоғай — тоғай кілен,  
Адасып кетуіміз онай білем, —  
Тоқымдай тоза-тоза оңыпты өңі,  
Тастайтын барсаң төсеп жолай кілем.

Тұр камыс былтырғыдай күлтеленбей,  
Жаны ашып иімейді бұлт енемдей.  
Жанымның жапырағы жанып кетті,  
Қалғандай от шарпыған білте еленбей.

Ашылса алып ұшар көңіл көзі,  
Жыр етіп тұратын бір өмірді өзі,—  
Сағыныш санамдағы сартаптанған,  
Енесі өрістегі қоныр қозы.

\* \* \*

Сарсаңға, сонша, түсті ме,  
Боз боран көкбет борады-ай!  
Шөмеле бұлт үстіне,  
Шаншылып қалды орақ Ай.

Бойымды алған суық пен  
Бөрінің дауысы емес пе? —  
Келемін жолды қуып мен,  
Ілесіп шәркез елеске.

Кеудемнен қыспа күй кетпей,  
Кезімде қима қырды асқан,—  
Көтерген құйын, түйнектей,  
Көзіме сиып тұрды аспан.

Аяғым кері тартады,  
Ықтасын қайдан іздеймін.  
Кеудемде мұнның бар табы,  
Көңілсіз өткен күздеймін.

Көтеріп көкке сан үнді,  
Жаңғырды кенет тау іші.  
Жаураған, сосын, жанымды,  
Жылытты иттің дауысы.

\* \* \*

Ойлама, сұлу, қайтадан,  
Ойлауың мүмкін емес те.  
Сүйем деп қалай айта алам,  
Сүйіскен күнім жоқ есте.

Бағында мұңлы ән сала,  
Мазамды бекер аласың.  
Қарайтын қыздар қаншама,  
Төңкеріп тұнық шарасын.

Қайранды қалған жағалап,  
Тағдырың ескі кемедей, —  
Өзінді жүрдім бағалап,  
Сөзінді жүрдім елемей.

Айырылса жастық жастық па,  
Басынан көшер от күннен.  
Шашынды шашып жастыққа,  
Жасынды ішпей кеттім мен.

\* \* \*

Кететін кезі келсе құс тыңдай ма,  
Көңілім құлазитын түстім жайға.  
Жасанған жайма көлдің жасауындай,  
Жаз деген қоңыр қазым ұштың қайда?

Үнінен сергек сезім, тың жыр баққан,  
Бар еді күміс күлкің сыңғыр қаққан.  
Сары жел шала құйрық шалдыкпалы,  
Есіп тұр жаңылмастан мұнды ырғақтан.

Күлдіреп жатыр камыс жота-өрінде,  
Айналған күлге өше от өрім бе?..  
Көліңді көздей көрген қиып кімге,  
Қалдырдың шыған шығып кетерінде?

Ұрынып қалған, қалқам, күз лебіне,  
Сыралғы сыңарласын іздеді ме?, —  
Артына қарай-қарай бет түзеді,  
Топ қаздың көш түзеген тізбегіне.

Қараша — қара күйе ыстар бакты,  
Кірпияз түстікке ұшып құстар жатты.  
Жаз деген қоңыр қазым қоныс көшіп,  
Жайма көл жағанда отыр қыс қармақты.



## ҚАРАША

Қарашаның қарашы қырсығын-ай,  
Көкке ілініп көңілсіз тұр сынық Ай.  
Қара суық еседі қабырғадан,  
Жабылмаған түндігі тіршілік-ай.

Шытынайды қақтың да мұз жанары,  
Алыста аспан айшықсыз сызданады.  
Алты ай жазды армансыз алқымдаған,  
Ашылмай-ақ қойды-ау бір күз қабағы.

Еске салды мына күн қайдағыны,  
Шаға алмассың мұң етіп Айға мұны.  
Көкке қарап ұлыған шибөрінің,  
Тоқымдай-ақ тоғайды жайлады үні.

Тобықтай қыр жамылған түн түндігін,  
Сұп-суық күй кешеді, мүмкін, бүгін.  
Суыртпақтап отыр ма сұрқай ойды,  
Қаныпезер ойлаған құлқын құнын.

Тарка күзгі өңірден ән тарқасаң,  
Қар боратып жетесін қаңтар қашан.  
Сай-сүйекті аяусыз сырқыратқан,  
Болмас қара суықты қаңтармасаң.

\* \* \*

*Мәскеулік Катеринаға*

Жел өтінде желбегей тұрған қайың,  
Мүсін соқсам деп едім жырдан қайым.  
Қарауылына ілінген әлдекімнің,  
Ақ бұлтқа аунаған ұрланды Айым.

Селеу шашың селдіреп қалған білем,  
Самал соқса сәулеше шалған кілем.  
Сүттей қою созылған сұңғақ бойың,  
Шығып ерте тұратын алдан кілен.

Күн саусағын сезетін ертеменен,  
Нәзік тәнің мұңдылау шертеді өлен.  
Күлтелі жал секілді күзеуленген,  
Қалай ғана қалғансың ерке желен.

Көкейімді демеймін тескен бұйым,  
Көңлімді толқытты кешкен күйің.  
Жапырағын ең соңғы алып қашты,  
Жендей ұзын сап-салқын көшкен құйың.

Бұлт күннің жанарын бүркеп тұрып,  
Көрсетеді көңілсіз үркек қылық.  
Жел өтінде желбегей тұрған қайың,  
Танытсайшы, танытсаң бір тектілік.

\* \* \*

Салқын жанар күз түсті қайта қырға,  
Жылан қабық мұз қатты айтақырда.  
Садақ иген салпы ерін сары бала,  
Сағымменен ойнайды Сайсақырда.

Құлын көңіл қиялын алып ұшқан,  
Сарша сағым аумайды сағыныштан.  
Тықыршиды әкесі тыным таппай,  
Тықырланып шығардай тағы қыстан.

Елендейді көктегі құс үніне,  
Енді оңға асканда ісі, міне, —  
Қабағына қараша кірбің іліп,  
Қырын қарап тұрғаны түсіміне.

Не боларын кім білер келешегі,  
Түндік қағып тынымсыз жел еседі.  
Торғай екеш торғай да тығылды үйге,  
Соншалықты аш өзек емес еді.

— Жұдырықтай тіршілік дірдектеген,  
Ұшып неге кетпедің дүрмекпенен, —  
деп атасы еріксіз күбірледі,  
Өз тірлігін ұмытып тірнектеген.

Қар бүркеген қараша қарасын ба,  
Алды шығып шаншылған дара шыңға.  
Сары бала манағы адасады,  
Қосу менен алудың арасында.

## ТҮСІМЕ ЕНДІ ЖАСТЫҒЫМ ӘСКЕРДЕГІ

### I

Сағынбасам соншалық өстер ме еді,  
Жанарымның жиегін жас кернеді, —  
Қыстың күні шинельге оратылған,  
Түсіме еніп жастығым әскердегі.

Қандай бақыт кәдеге жарау ұлға,  
Хат та жаздым мақтана бар ауылға.  
Старшина Соенко тізімменен,  
Аттандырып тұратын карауылға.

Аймала түн, нұрыңмен, аймала түн,  
Кездерім көп сағына ойға алатын.  
Қару-жарақ қоймасын бір айналсам,  
Ай да менше ілесе айналатын.

Жәудір жанар жұлдыздар ымдасканда,  
Аспалы ошақ от жанар түнгі аспанда.  
Ақ шәлілі ақ қайың сақшы маған,  
Ұқсап кейде кететін мұндас жанға.

Қараңғылық жеткенде таңға асыға,  
Шаттығымыз шағылып жан басына,—

Күзеттен соң түс көріп жататынмын,  
Апам жайлы нар батып жамбасыма.

## II

Хош болғын, хош есен бол, қараша ауыл,  
Қашанда қоштасудың жарасы ауыр.  
Қоңыр күз құшағында қалдырамын,  
Төбелер төңкерілген ала сауыр.

Қалдырған каракат көз арман қызды,  
Көңілім жел көтерген орман күзгі.  
Повеска қиналмастан тауып алды,  
Жанадан он сегізге толған бізді.

Көңілін, Апа, талай қалған еді,  
Тағдырдан, жан жаранның бар ма емі.  
Қырық бір қырғынына қимасынды,  
Шығарғандай шығарып салма мені.

Перронда күздің күні тұр азынап,  
Кетерміз... Қалар вокзал құлазып-ақ.  
Қоштасу әнін мұнды шырқатамыз,  
Жігіттер тартып алған біразырақ.

Қарамай мінезіңнің тұйығына,  
Тірліктің салар отқа күйі мына.  
Сары күз сағыныштың сал шекпенін,  
Жапқалы тұр ертең-ақ иығыма.

### III

Желдей талай еске алып ескенімді,  
Қалай жүр деп онаша кешпе мұнды.  
Шыбық бойым шынардай сұңғақтанып,  
Әлі-ақ, Апа, көрерсің өскенімді.

Атқан оққа қадалып алғаш тұрған,  
Шағылады жанарым алмас нұрдан.  
Тамағым ток, о, Апа, киім бүтін,  
Старшина орнынды алмастырған.

Сәл тентектеу ұлында сөз дарыған,  
Бұл кездері барады өзгеріп ән.  
Күннің көзі ауылда жылы болар,  
Уссуриде қар жатыр көз қарыған.

Досым кетіп босаңсып қалыпты ірге,  
Солдат шағын есіне ол алып жүр ме?  
Қарауылға аттандық, Апа, ұмытпай  
Жүн тоқыма жіберші салып бірде.

### IV

Ашылмаса көңілдің осы-ау бағы,  
Жүрегімнің жанары жасаурады.  
Үшінші ай тыйылып хаттар легі,  
Үшінші ай жоқ кеуде асаудағы.

Отан-ошақ отының киесі ме,  
Қараша ауыл түседі жиі есіме.

Күртік қарды омбылап күткен хабар,  
Келе жатқан секілді иесіне.

Сыңсыды ерен сол жылы орман күзгі,  
Апам қалып шау тартқан солған жүзді.  
Бәрі есімде, түсімде көп көремін,  
Пойызбенен жарысып қалған қызды.

Үш қуаныш, үш қайғы, үш мұңыма,  
Қарсы қарап жүрегім ұшты бұла.  
Сыртта боран, жылынып отырмын мен,  
Үзілмеген үміттің ыстығына.

Әнге бөлер көңілді қыстыгүнгі,  
Муза-жарым сайратқын құс тілінді, —  
Ақ қағазға арымдай ақтарайын,  
Үш қуаныш, үш қайғы, үш мұңымды.

## V

Тұр-ау, тағдыр, жайсыздау есіп лебің,  
Сенен көрем хабардың кешіккенін, —  
Үшінші ай ештеңе көре алмастан,  
Үшінші ай ештеңе есітпедім.

Кінәлі ме, жастықтың шағы бұған,  
Тұмшалады көзімді тағы тұман, —  
Самолеттер жаңылып сапарынан,  
Пойыздар да тайғандай бағытынан.

Күзеттемін, Ай туды қияктанып,  
Жұлдыздар да сап-салқын жиі ақты, анық.



Көкірегімде шулайды көңілсіздік,  
Уссуридің тайгасы сияқтанып.

Жүру қиын дегендей сынсыз бұлай,  
Шаншылады төбемнен мұнсыз, мына, Ай.  
Тыныштықты күзетіп тұрғаныммен,  
Тынышымды кетірген үнсіздік-ай!

Базарындай езілген баянды елдің,  
Бағытына денімді қоям желдің.  
Танды атырып талықсып ұйықтағанда,  
Келіп жүр ме түске еніп аян бергің.

Жауынгерлік өмір де өтер күнмен,  
Қанат қағып далаға кетермін кең.  
Әлі-ақ саған екі жаз, екі қысты,  
Жүрегімнен өткізіп жетермін мен.

## VI

Оранбайды шуақты сәнге бағын,  
Жылдағыдан самарқау Амбада ағын, —  
Құшағынан босанды жігіт қыздың,  
Қағілездеу қаққанда таң қабағын.

— Ұнатамын тынымсыз жел мінезін,  
Талай жер мен кезгенмін елді де өзім, —  
деді де ол сөздерін түйді былай;  
«Сенімен де қоштасар келді кезім...»

Жанарынан төгіліп жасты моншақ,  
Хас сұлудың реңі қашты сол сәт.

Андағайлап алыстан ай құлақ Күн,  
Қараңғылық қақпасын ашты қол сап.

От қарыған көңілін ұшпа балғын,  
Ескерусіз, елеусіз тұста қалдың.  
Ала құйын алдыңнан ескен желді,  
Қүдіретің жетсе енді ұстап алғын.

## ЖЕТІМ ҚАМЫС

Қап қойған сумаң желдің өтінде алыс,  
Сыңсиды суық шалған жетім қамыс.  
Суырып алар ма екен жүрегімді,  
Шакла ой иірімді секілді ағыс.

Аспанды бұлт буып ыспа кара,  
Жайсыздау жұтаң күйді қысты араға.  
Қамыстың қыры қылдай қарпып алар,  
Ұқсайды қылпып түсер ұстараға.

Қалдырып қақпақ жауырын қырды ойынға,  
Кезім көп қонған жиі Сыр бойында.  
Тоқымдай тозған тоғай сыбдыр қағып,  
Тобарсып жапырақтай тұрды ойым да.

Емес бұл жылы-жұмсақ бұла түнін,  
Табатын таң асырып Құла тыным.  
Алыстан қылаң ұрды жұмбақ жұлдыз,  
Келтіріп көзге настың бір атымын.

Шыдамай аждаһа жел- дүлей демге,  
Көңілім шорши қашты, үрейден бе?, —  
Жүрегін суылдатып тыныштықтың,  
Күрсінді су иесі — Сүлеймен де.

Бар ма еді, тасыр тағдыр елде аласың,  
Кірбің күз кіді мінез келді ала сын.  
Жұп-жұмыр үпелекті жетім қамыс,  
Шалдырды шалдуарлау желге басын.

## САҒЫНЫШ ЖЫРЫ

Өнінен қызыл-жасыл жалқын қашқан,  
Бұзбайсың бұлт буған қалпынды аспан.  
Жатырмын жылы-жұмсақ жастанып ап,  
Балықтай бауырына алтын басқан.

Алыстан Күн сығалап шағыр көзді,  
Жарығы жанар қарып, тамыр кезді.  
Көңілім көкжалданып көтерілді,  
Тырнақтай көретұғын зәбірді езгі.

Қанаттай қағып қиық қоям қасты,  
Тыншыған тұнық судай ой алмасты.  
Қауыстың қызыл шұнақ аязындай,  
Сыбдырды тұр жаңғыртып қоян қашты.

Шілденің ши жалаған ілер демін,  
Біткен бе қаймақ келін күл ермегін.  
Кұйындай құтырынған қайран көңіл,  
Бастығып қаларынды білер ме едің.

Түз сінді секілденген сүген балық,  
Қолына катпа жігіт жүгенді алып, —  
Үмітпен үйір беттеп бара жатыр,  
Жүретін құрық тимей кілең налып.

Сөгіліп қалыпты өңір ірген бүгін,  
Дария жақтан көшіп бүргенді құм, —  
Түндігін түскі әлеттің түріп тастап,  
Пештегі шақпа шоқтай түрленді Күн.

Сынбайтын сынап сынды оңай сағы,  
Тоқымдай тозды білем, тоғай тағы.  
Сары жаз секілденіп шалық ұрған,  
Сабаттай соққан самал соны айтады.

Көңілді аландатып шырқы қашқан,  
Түлкідей түрленсең де, шіркін, аспан, —  
Маукын басар ма еді сал сағыныңш,  
Жылқыдай үйірімен шұркырасқан.

## АЯКӨЗДЕ ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ

*Л-ға*

### I

Жүрдек пойыз түсірмей қаяу жанға,  
Аякөзге жеткізді Ай ауғанда.  
Ана тұста бір жан бар жадымдағы,  
Алыс емес және ол таяу манда.

Ол да сүйген кезінде мен де сүйгем,  
Ырымға деп жеңгеміз теңге түйген.  
Болды балаң махаббат арамызда,  
Жалынындай шырпының жеңге тиген.

Сымдай бойдың тартылып ұрған көзге,  
Өрдеш төсі дірілдеп тұрған кезде, —  
Күй кешетін едім- ау құбылмалы,  
Қызыл түлкі қашқандай қырдан кезбе.

Ол да асқан жиырмадан, мен де асқанмын,  
Күйін бастан өткізіп Өлмес ханның, —  
Қаскелеңнің базарын жайлап келіп,  
Тар төсекте табысып дем басқанмын.

Қоңыр күзде қайырған жаз қанатын,  
Қоңыр қыз да қосыла мәз болатын, —

Ойдан оқыс шығарып оқығанда,  
Төмендегі жыр жолын жазған ақын:

... Қараңғы түннен күзетіп,  
Ат жақты Ай көкте жүзе ме? —  
Астыңнан кетті-ау сыз өтіп,  
Отыршы келіп тіземе...

Жаумай өткен бұлттай сыздап аспан,  
Салымы жоқ жігіт ем қызға бастан, —  
Өтті-кетті барлығы көз алдыма  
Кер үлекті келтіріп тұзға қашқан.

О бір көрініс көңілден өшпейді екен,  
Арты ауыр бақиға көшпей, көкем.  
Қайда қоям қазақы төзіміді,  
Балға кетпес басынан төстей бекем.

## II

Күз де келіп қалыпты-ау күрең қасқа,  
Аспанда да жерде де рең басқа.  
Көгендеулі қозы-лақ сияктанып,  
Көгенделіп бір мұңға жүрем баста.

Қалай ғана өзімді алдайын мен,  
Түн тосады көзіме мандайын кең.  
Жел қоздатты қайдағы-жайдағыны,  
Мысық-тышқан ойнаған тал-қайыңмен.

Шығып кеткен шетендей дара шынға,  
Мысық көз Ай, бір гәп бар қарасында.



Күпті көңіл көксейді әлдекімді,  
Кіді мезгіл уыты тарасын ба?

Ұксап қалған қылығы бұла бізге,  
Үрме қаңбақ қашады құла дүзде.  
Тойған қозы секілді томсырайған,  
Не қасиет бар деме мына күзде.

Қасиет бар өткенді салған еске,  
Шайқалатын шаттығым алма төсте.  
Ай ауған шақ. Аякөз. Шулы вокзал  
Ұстатпайды шалғайын жалған еспе.

\* \* \*

Ұйықтасам түсіме су кіреді,  
Сумен бірге ілесе шу жүреді.  
Сосын бір қыз жүреді көз алдыма,  
Ақ қанатты келтіріп қуды рені.

Қыз көзімен таң нұры арайлаған,  
Суды кешіп келеді қарай маған.  
Ал мен болсам бар ғой деп бала-шағам,  
Әрі ойланам, сонан соң бері ойланам.

Шыңырау ой тереңін алдырмайды,  
Жел тербетіп себепсіз қалды ырғайды.  
Астан-кестең әйтеуір бір тіршілік,  
Түс түлкідей із тастап шалдырмайды.

Су да лайсаң, шу және басылмастан,  
Төгіп-төгіп жібердің жасыңды аспан.  
Ағыл-тегіл айнала болып кетті,  
Қағылмасын бекерге қасың, қасқам.

Нұқ пайғамбар емеспін, түсін мені,  
О, құдірет, аңғартар күшің нені?  
Топан қаптап келеді, апыр-ай, бұл,  
Менің көрер мезгілсіз түсім бе еді?!.

## КҮЗГІ КӨҢІЛ

Құрық мойын тырналар тізбектелген,  
Өздерің ең со көктем іздеп келген.  
Қайтып бара жатсындар енді міне,  
Қанжығаға қалыппен күз бөктерген.

Келе-келе үш жақты бұрыштанып,  
Барасындар қай жаққа ырысты алып?  
Көңіл ауа мұң басқан көрініске,  
Дегім келді біреуге ұрыспалық.

Қалт-құлт етіп көз тіккен карашаға,  
Қартқа анау қам көңіл қарашы, аға, —  
Күміс жалды кешегі күрең мінген,  
Болмысымен болдырған болашақ, ө.

Сыртқа тепкен іштегі шығар нала,  
Үндеріңнен үріккен ұғар бала.  
Сыналаған аспанды қалыптарың,  
Ұқсап кейде кетеді тұмарға да.

Нысанаға ап шаруа барак тамды,  
Сайлап жатыр қыс қамы жарактарды.  
Көш түзеген тырнаға карап тұрып,  
Жел актарған оқылмай парак қалды.

Көштеріңді бастаған паң алдында,  
Қайтып бара жатсындар таң алдында.  
Жаным менің жабырқап табиғатпен,  
Қала бердім қалаға қамалдым да.

## II

Сұрғылттанып суық күз сыз атқанда,  
Тындап жаттым тырна үнін ұзақ таңға.  
Желге ұшып желігі кетеді екен,  
Әз табиғат жаз қызын ұзатқанда.

Қара суық сайранды салады ақыр,  
Қау қалады қаудырап қара да тұр.  
Үшбу құстың тізбегі көк сыналап,  
Боз аспанды боздатып бара жатыр.

Жок ойында білімді тоқу қамы,  
Қорылдайды інішек оқудағы.  
Сақ сауысқан тезекті жаздан қалған,  
Ай нұрына шағылып шоқуда әні.

Бәрін сезіп сыралғы жүрекпенен,  
Қан жүгіртті бойыма бір отты өлен.  
Ала қанат аспаннан ағып түскен,  
Кірпігінде жұлдыздың дір етті әлем.

Көп екен деп жамандық жер бетінде,  
Бордай тозып болмайды кер кетуге.  
Тыныштыққа дүние тұмшаланып,  
Жақсылықтың бесігін тербетуде.

Әлдекімдер жатқандай сөз қағысып,  
Күз көңілсіз күй кешті боздағы ұшып.  
Итаяктан жұғынды тимей қалған,  
Қыңсылайды үйшікте азба күшік.

Дегендей-ақ ататын бар ақ таңым,  
Күдік-көңіл дәптерін парактадым.  
...Құйды жаңбыр, тағы бір Нұқ пайғамбар,  
Жібергелі жатқандай Жаратқаным.

\* \* \*

Иірімдей иіні түсіп иректелген,  
Су сызып ұшты ши бас үйрек көлден.  
Қаудырақ қауға сумаң жел жүгіртті,  
Жарғақ күз үркітерін сүйреп келген.

Құйындай құтқармайтын қыр қашқанды,  
Ақ тандақ бұлт торлап тұрды аспанды.  
Жалғанның жарық қамыс жамалы оңып,  
Түсініп болмайтын бір сыр басталды.

Мияның киық құлақ қызыл басты,  
Құмырсқа шимайымен сызылды асты.  
Райын баққан күннің қаудырақ шал,  
Қамығып көрсетпейді үзім жасты.

Сусыған етек басты құмаң күзгі,  
Өшірді өрге салған күмәнді ізді.  
Шекесін жарып лақ шыны қақтың,  
Жайылған жер бауырлап тұман жүзді.

Тастайтын талма тұста құрық қалып,  
Бермеске бетін мезгіл бұрыпты анық.  
Қарлығып қалған даусы кәрі қораз,  
Бейуақыт шақырады шырықты алып.

## САҒЫНЫШ

*Сағыныш санамдағы сартаптанған,  
Енесі өрістегі қоңыр қозы.*

*(Ертеректегі өлеңнен)*

### I

Таксыр, тағдыр, таппасан өзін емін,  
Ұялайды қоп-қоңыр көзіме мұң.  
Жаназаға ұйыған қариядай,  
Тыныштықтың тынысын сезінемін.

Қара кудай канатын жайған аспан,  
Лыпа бола алар ма ойға, қашқан.  
Марғау тірлік, мысалы, күзетшідей,  
Жыртық көзі жылтырап қойманы ашқан.

Ыз бұлттың лекіген мекер демі,  
Сүйек шағып шым-шымдап шеке өрледі.  
Сағыныштың санамда сартаптанған,  
Сыбызғыдай сыңсуы бекер ме еді.

Қабырғамның көк етін сөгілдірген,  
Ауыр мұннан тартады көңіл кірбен.  
Балық сорған борықтай босап қалған,  
Көзге ұрады жалаңаш өңір бірден.

Сумаң-сумаң су жеген оппа жардан,  
Айырмасы көңілдің жоқ па, қарғам!  
Шұрық-тесік жанымның жапырағы,  
Шырт-шырт ұшқан томардан шокқа қарған.

Керней дауыс тырналар түзілгенде,  
Түн жамылып шығып тұр күзім белге.  
Аспан жасын сіңіре алар ма жер,  
Тамшы болып сұп-суық үзілгенде.

## II

Құбылып қырмызыдай тұрған аспан,  
Мысалы қылаң түлкі қырға қашқан.  
Балықтың қабыршағы күміс жаңбыр,  
Соқыр да болса жерге нұр ма шашқан.

Сіркіреп қандай ләззат басылғаны,  
Күрең тай-күннің бұл да қасынғаны.  
Кемпірдің қосағындай көкті керген,  
Қиықтай қаққан қу қыз, қасың кәні.

Қам кеуде орындалған қай керегің,  
Көңілдің жел шайқады бәйтерегін.  
Қасықтай балға малған татсам ернін,  
Аллаға мың шүкірлік айтар едім.

Қаска жол қабырғалап жеткен кезде,  
Көңілден қалған қорлық өткен бе, өзге?!  
Бұлттай жел жетелеп жеке кеткен,  
Бір мысқал мұң ұрады көктен көзге.



Сыңсыған сыбызғыдай сырдаң қайың,  
Таппадым мұндасар жан жырдаң қайым.  
Шығамын алағызып кейде аспанға,  
Шакырып әлдекімдер тұрғандайын.

### III

Сағыныштан осы ма шөлдеу деген,  
Шешілмейді шер буған белбеу белең.  
Шеке шаққан бағана ызыңына,  
Құбыр үні ұласты жел кеулеген.

Көз ұшында көлбеген сағынышым,  
Алдырмайды сары ала сағым ішін.  
Алтын басқан балықтай бауырына,  
Су асты патшалығы бағымысын.

Күннің көзі ашылмай алтын балақ,  
Танытады табиғат салқын қабак.  
Түссіз аспан түтінге қақталғандай,  
Алды дерлік осынау қалпын қалап.

Мезгіл салған жанына нала емес пе,  
Кете берген ілесіп бала көшке.  
Қом арқандай қасқа жол қыр байланған,  
Қу тірлікті құрт дәмді салады еске.

Сары шілде ансаймын неге сені,  
Соншалықты жанға жат емес еді,—  
Қураған шөп иісі сияктанған,  
Көктен көңіл суытар леп еседі.

Білінбестен қалайша тұрсын демі,  
Сағыныштың қалыпты кұр сұлдері.  
Қолды-аяққа тұрмайтын тұт жалаңаш,  
Сезіледі желдің де күрсінгені.

#### IV

Аршадай кұмда жанған күлтеленіп,  
Ғұмырын қыз қалқаның білте делік.  
Қуалай соғып қоңыр жел ескенде,  
Көрсетті жаумай өтіп бұлт өрелік.

— Қыз деген қызыл бидай емес пе еді, —  
десең де білте болып елестеді.  
Сарғайып сағыныштан жүргенімде,  
Жеткізбей қойды ауыл белестегі.

Алыстау Алматыдан келген басым,  
Желкенді амалсыздан желмен қасын.  
Сүлеймен — су иесі күрсінеді,  
Сезімді не істеймін селден басым.

Қалмастан оққа ілінген құлап құрша,  
Қойшыдай қойды бұзған «шұнақты» ұрса...  
Ақыны аулымыздың деп білгейсің,  
Көзімде төгілмеген бұлақ тұрса.

Дария, Інкәр ару, тоғай қалың,  
Кеудемді жайлап алса оңай ма мұн?  
Білтені жанған самал өшірмегей,  
Өзіммен-өзім қалып соны ойладым.

Сонау жылы бүр жарып бір түп арман,  
 Қырмызы қызды үйдің шырқын алған, —  
 Балалықтың аулынан таба алмассың,  
 Енді мені сарғайып жұрты қалған.

Көшірілген құраннан тұмармысың,  
 Болса сені бір жандай ұғар кісің...  
 Менің сәби кезімнің жылы ұясы,  
 Жатаған там жадымнан шығармысың.

Жылы басын жүректің мұз басқанда,  
 Тұрам карап жабырқау күзгі аспанға.  
 Бала болып қайтадан жетер ме екем,  
 Құстай ұшып жұртыма жүзді асқанда.

Сары атандай сарғайып жатыр, білем,  
 Таусылар ма со жұртта ақырғы дем.  
 Баяғыдай тағы бір жиналар ма ек,  
 Шыбық атты жалаң бұт батыр, кілен.

Жаңбыр жуған жүзімдей үзіп алған,  
 Өтер-кетер өмірдің жүзі жалған.  
 Май топырақ есіме түстің неге,  
 Құлын шақтың құлықтай ізі қалған.

Жиынтығы секілді жиын-көштің,  
 Шеше алмас түймедей түйінді ешкім.  
 Сорқұдықтың басына сорға қонған,  
 Ерназардың бүгінде күйін кештім.

Көзін жасқа кеудемде мұң шылайды,  
Құса мендеп жүрек те тыншымайды.  
Шалғайында оралып қаз даусының,  
Ішін тартып жел неге қыңсылайды.

Бір күдірет сезгенге бар-ау мұнда,  
Жол тығылды сусыма жарау құмға.  
Ай барады дөңгелеп айнама жаққа,  
Керегі не күдікпен қараудың да.

Жетер ме екем, ауылға, жетпес пе екем,  
Тағдыр нендей жағдаймен беттесті екен.  
Күйе кара қойнынан түннің шыққан,  
Қызды үйге қылығым етпес бөтен.

Жұлдыз өліп не жұлдыз сызған аспан,  
Көңілімді қайтемін мұзға басқан?  
Жез леген түс бұлтпен ойнаған Ай,  
Қырмызыдай құбылып қыз ба кашқан?!

\* \* \*

Жалатқан жасыл баққа алтын кілен,  
Құшағы сары күздің салқын білем.  
Сағыныш санамдағы сартаптанған,  
Су жеген сала-сала алқынды ма ең?

Құйылған құлын құйрық майда лепті,  
Алыпты суық самал жайлап епті.  
Керулі кер биенің төстігіндей,  
Жайланып жатып алды Ай да көкті.

Жапырақ жанып кеткен жалған делік,  
Шыдамай қара күзге қалған келіп.  
Көңілсіз қоштасады құс көлімен,  
Кеудедей көрер көзге шалған демік.

Сыланған сынап түсті сылаң қайың,  
Бір ұқсаң — сен ұғарсың бұл ән жайын.  
Күміс жал күрең қыраң қырау шалған,  
Қиядан көзге ұрады қылаңдайын.

Төсінде төбе бидей ұйқы адасқан,  
Тоң мінез танытады күйқалы аспан.  
Сұңқылын ащы шыққан шәуілі құстын,  
Қояды жұтып бұлт ұйпаласқан.

Бермейді желең көңіл ездi ұғына,  
Мезгілдің өтпелігін сезді бұла.  
Астына аяғымның тары сепкен,  
Кәрі көз көк қолдайды кезді мына.

## СУЫҚ СӨЗ

Суық сөз сумаң-сумаң ескен бүлік,  
Қалатын көңіл-күйін көшкенде іліп.  
Жон жүнін көтереді жал-жалданған,  
Көзінде бұққан көкжал өшпенділік.

Сыбдыры тобарсыған күзгі бақта,  
Жел ауыз сүк қадаған ізді бақпа.  
Қос шелек әкпіш іліп керме иыққа,  
Көз құрты құламайды қыз бұлаққа.

Көрсеткен қам көңілге мәйін қылық,  
Болмайды жалған сенің жәйінді ұғып.  
Андысын андып енді екі талай,  
Менің де көрсетуім пайымдылық.

Телінген бір тал шаштай өзге өрімге,  
Қыз қалды қыран ілмей көз көрімде.  
Қорыған қорғасын түс көкке қарап,  
Бұл менің мұнға батқан кездерім бе?

Сұрықсыз көктен неге әр іздедік,  
(Мезгілден қалған терең бар із делік)  
Көкжиек қызғыш тартып бара жатыр,  
Көнетоз шағи жібек тәрізденіп.

Көзінде бұққан көкжал өшпенділік,  
Суық сөз сумаң-сумаң ескен бүлік.  
Көңілсіз күй кешемін, күздің желі,  
Кеткендей жиын-терді дестемді іліп.



\* \* \*

Табиғатпен болмысым егіз бе еді,  
Жан-жүрегім білмеймін нені іздеді?  
Арақ мені шайқады жас кезімде,  
Дауыл соққан кемедей теңіздегі.

Куә болған не жайға борықтай түн,  
Менің жастық түсімді жорыпты айқын.  
Со бір жігіт, білгенге, со жылдары,  
Ажалдың да өзінен қорықпайтын.

Көл болмайтын секілді қаз қонбайтын,  
Желбір-желең шағымды жаз қолдайтын.  
Жел кеулеген құбырдай ішім ұлып,  
Аш жататын кезім де аз болмайтын.

Шашып нұрын тұрғандай қолдағы алма,  
Бір құдірет жыр жолын жолдағанда, —  
Көңіл шіркін торыға тосаң тартып,  
Кезім болды былайша толғаған да:

Құрысын бүйткен тіршілік,  
Құрысын бүйткен өмір де, —  
Көкірек мұңға тұншығып,  
Кір тартып кетті-ау көңіл де.

Бозбала шақ та құрысын,  
Құрысын бүйткен жігіттік.  
Қысқа шаш қара қыз үшін,  
Бәрін де, бәрін ұмыттық.

Арман да қалды аяқта,  
Онға аспай кетті-ау бір ісім.  
Ұйықтап кетсем оятпа,  
Оятпа, өмір құрысын.

Дәл солай... Кезім де жоқ сыр жасырған,  
Кемпірқосақ сияқты қырға асылған.  
Желге ұқсаған әулекі ұшпа қылық,  
Асып жатты әйтеуір бір басымнан.

Тақсыр, тағдыр, пышақтай салып тасқа,  
Қалған соң ба өмірден налып баста, —  
Құрсау құнан көңілім күн-түн демей,  
Тұрар кілең күй кешіп алып-қашпа.

## ӘЗІЛ

Су бетінде секілді пері күлген,  
Елес қашты қырмызы сері күннен.  
Ерінімнен ертелеу салқын тиген,  
Емде соны еркін қыз ерініңмен.

Баяу түсіп келеді кеш қабағы,  
Қайталанбас осы сәт есті алады.  
Жанарыңда жарқылды жалқын бояу,  
Жанарымда Жиделі көшті алабы.

Мен емеспін жел өкпе бос адамың,  
Арманыңды арманға қоса аламын.  
Қосабаның бұл кезде күні өткен,  
Үсіп кеткен болмаса қос анарың.

\* \* \*

Көзім сені сүйеді, сүйеді ернім,  
Жердей көкке иіген ие бердің.  
Жапырағы жамырап жатқан жазда,  
Ат жақты Айдың жүзінен күйе көрдім.

\* \* \*

Жан емес ем күн көрген есеппенен,  
Тесік өкпе телініп өсек деген, —  
Қыр соңымнан қалмайды қала кезіп,  
Үйге келсем атады кесекпенен.

Жел далада жылайды тартып ішін,  
Рақмет қу тірлік нарқын үшін, —  
Әлдекімнің табанын жалап келген,  
Көзге ұрады көңілсіз артық ісім.

Жоғалтып бір алатын жолай малын,  
Түсті есіме Сыр бойы, тоғай қалың.  
Бабасынан аумайды сары балам,  
Сәл мұңдылау кейіпте соны ойладым.

Күзеу күздей көңілсіз тірлік қуаң,  
Есек дәме десе де сырды ұқтырам, —  
Табаныма тас батып тұрғанымен,  
Табиғатпен табысар бірлік қуам.

Шарасына тірліктің толды да өзге,  
Ымырт ауып кірпіктен қонды көзге.  
Әлденеден өзім де түсінбеймін,  
Күпті боп жүр көңілім соңғы кезде.

\* \* \*

*Орынқожса көкемнің аруағына*

Кірбің ілген кірпікті қағамын да,  
Балбыр түнде берілем аға, мұңға.  
Мысық көз Ай сұп-суық жылтырайды,  
Тас бұлақтың тұрлаусыз табанында.

Күлте жалды жарысқан жүйрік желмен,  
Бұйра бұлттың зәрі жоқ шүйліккенмен.  
Жылы аспанға бой созған тұр қыздиып,  
Жалғыз түп ши сабағы сүйріктелген.

Жас жыңғылдай солқылдап тұрған шағым,  
Сезем майда толқынды Сырды аңсадың...  
Сынап сәуле сырғанап көлбей түскен,  
Көтеріліп жатқандай қырдан сағым.

Көңілімнен қалайша ұрлатамын,  
Тарғыл тасқа басылып тұрды атағын.  
Қаудыраған жыланның қабығындай,  
Арабша бір жазуды шырматамын.

Құмнан құйған кесектей үгілмелі,  
Мазалайды шалық ой бүгін мені.  
Себез тұман бүркеген құлпытасқа,  
Бердім үнсіз шөкелей жүгінгелі.

\* \* \*

Гүл-гүл өңім қайтыңқы атып кірбін,  
Сәл мұндылау бір күйге батып, құрбым,—  
Жаздың жылы жаңбыры секілденген,  
Сенің кермек жасынды татып тұрдым.

Мысық көзі тартылып шыққан Айды,  
Жанарыма жарым түн тықпалайды.  
Шалғын шалғы тимеген шашақтанып,  
Сынап сынды тиеді шыққа жайлы.

Түскен басқа тұрлаусыз бір сын еді,  
Көк алыста көңілсіз күрсінеді.  
Шолжаң самал шолтандап шала шалған,  
Сыр алдырып алмағай қыр сілемі.

Қамшы-жасын ойыны басталғасын,  
Сықты-ай келіп сыкпадай аспан жасын.  
Жаз жаңбыры болса да жамыраған,  
Тағдыр алып үсіктен қашты алмасын.

\* \* \*

Тағдырмен тағы беттестім,  
Кеудемнің шалып мұз басын.  
Аяма қажет етпеспін,  
Сыздаса, жүрек сыздасын.

Бозбала кезде аяп па,  
Жаңғырып қазір тұр үнім.  
Жығылдым талай таякқа,  
Қан жоса болып мұрыным.

Жабырқап үйге сан бардым,  
Үрікпе, өмір, үрікпе, —  
Көңілі жарық жандардың,  
Құлағы болар түрік те.

Отымды келер таң үрсе,  
Алармын бәрін сілкіп бір, —  
Әзірше, әзір, әзірше,  
Жүрегім жасын бүркіп тұр.

Шамалы ғана күн ұтып,  
Жанымды берсін езгілей.  
Кетермін әлі-ақ ұмытып,  
Баяғы бала кезгідей.



\* \* \*

Қызыл ала айнала ұшқын жайған, —  
(Не барлығын үнінде құстың қайдам)  
Жаз қанатын кең жайып, қас қарая,  
Апа, оқыс есіме түстің қайдан.

Бала көңіл болмысын сүйгені анық,  
Жүріп сәл-пәл мұндана үйге налып, —  
Қойдың-ау деп ойладым немерене,  
Тойынар бір тоғайдан жиде қағып.

Салыңқылау сезілді қас-кабағың,  
(Олай болса, әрине, жасқанамын)  
Қызық қуып кеткендей көресің-ау,  
Тойы елітіп ұлынды астананың.

Сөз етпестен қаймана қас жайында,  
Көңіл демер енді сыр бастайын ба?  
Мезгіл салған жарадан жадау тартып,  
Жапырағын жоғалтар жас қайын да.

Шыға берме, Апатай, қырға мұнды,  
Жастығыңды аңсап бір сырғалы үнді.  
Ал, мен болсам калаймын жапырақтай,  
Жел өтінде желбіреп тұрғаныңды.

\* \* \*

Тарғыл тасын шошытқан тау ішінің,  
Жуанын-ай шопанның дауысының.  
Текешік те тынбайды қаны ойнаған,  
Жоқ-ау мына жайлаудың сауы, шыным.

Тұла бойы шіркіннің қозыған-ау,  
Жер тарпиды көнтері бозы да, анау.  
Көшірмесі секілді көкесінің,  
Такыр басты баланың сөзі қадау.

Сиякты емес ысқырған дүз қияғы,  
Таңқурай да өзінше ыздияды.  
Кішігірім арқардай тәсіл алған,  
Кезіп кетті ор теке күз-қияны.

Жарғақ камыс онаша сыздақтағы,  
Қаппай тұрып қапыста күз қақпаны,—  
Сырласайын десе де арабы әріп,  
Секілденген шор тас та міз бақпады...

Қара бұйра бөріктей бетегелі,  
Бүйі белдің мізбақпау не тені еді? —  
Алтын басып жатқандай бауырына,  
Жұмбақ әлем жұртына жетеледі.

## ТҮН

Түн кірпігін көтерді де Ай туды,  
Нұр сәулесі орап алды аймақты.  
Ағысты өзен гүрілімен сай шулы,  
Ақ шәлілі тау жүзінде ой жатты.

Ауық-ауық тыныштықты мазалап,  
Сұңқылдайды байғыз орман ішінде.  
Көңіл кірін жырымменен тазалап,  
Мені жарым көреме екен түсінде.

Бұйра шашын тарап желге қайындар,  
Сырласады сыбдыр-сыбдыр тыншымай.  
Айтшы ақынға әлдеқандай ойың бар,  
Бақтың ішін сүзіп жүрген сыршыл Ай.

\* \* \*

Желігі болар тиген ұшқын жырдың,  
Сыртта тоя тойладым үш күн жүрдім.  
Сарайымды улатып аямай-ақ,  
Жүректегі сызатты ұшқындырдым.

Емес еді ешқашан тосқан күнім,  
Сөз есіттім жазықсыз достан бүгін.  
Өсек шайтан тастаған шала болар,  
Запырандай кеудемді босқа алды мұн.

Бетке теппей қарсы алар жиі ақ танды,  
Жегідей жеп барады ұят жанды.  
Өсек тескен көңілім шұрық тесік,  
Күйе түскен текемет сияқтанды.

Шыны арманын күйреткен тасқа құлап,  
Өтті сан жан жанарын жасқа бұлап.  
О, туған жер, ешкімді жазғырмаймын,  
Бірақ та өсекке ескен аспа құлақ.

\* \* \*

Ертектегі секілді ерке құрбым,  
Күйге түсе көңілсіз шерте бір мұн, —  
Бататынын айтарсың баянсыздау,  
Бакытындай теңізде ерте күннің.

Берілетін ойларға небір көркем,  
Суытқан соң менен де көңілді еркем, —  
Салқын самал сияқты жайсыз ескен,  
Салқын қарап тұрарсың өмірге ертең.

Атқара алмай аяқсыз сертін түкті,  
Марғау тартқан шемендей бертін, тіпті, —  
Жүрісіңнен таппастан маңғаздықты,  
Күлісіңнен сезбессің еркіндікті.

Мезгілінде тірлікте ызғар барын,  
Аңғармаған оңаша сыздар жаның, —  
Жел үйірген күлдей-ақ көтеріліп,  
Жанып кеткен кезінде ізгі арманың.

Берілетін ойларға небір көркем,  
Суытқан соң менен де көңілді еркем, —  
Салқын самал сияқты жайсыз ескен,  
Салқын қарап тұрарсың өмірге ертең.

## БОЗБАЛА КҮНГІ ЖЫРЛАРДАН

*Күлайга*

### I

Үміттің жібін жалғай ма ән,  
Жырақта жүрген ерке қыз, —  
Мен және қайың сарғайған,  
Сағыныш сазын шертеміз.

Жамылды сары шекпенін,  
Жондардың семіп сең-сені, —  
Аңсайды қайың көктемін,  
Аңсаймын, Айым, мен сені.

### II

Үркесің бе, қарасам,  
Елік қызы Аралдың.  
Сен сүйеге жарасан,  
Мен сүйеге жарармын.

Тал бойыңа бұралған,  
Жарасады тұйықтық, —  
Қол жетпеген бір арман,  
Кір шалмаған биіктік.

\* \* \*

Тартылып табиғаттың сүзбе шағы,  
Ауылға бардым биыл күзде тағы.  
Ешкінің тұяғынан қалған ізге,  
Жымысқы жылан қабық мұз қатады.

Тұратын ен тоғайға сан біз келіп,  
Жанымен жақын жалғыз жанды іздедік.  
Көкжиек көлге құлап бара жатқан,  
Дөнгелек күнді дақты қанқыз делік.

Шығармай жалаңаш төс дүзінді естен,  
Жыңғыл түс жымысқының ізін кескен, —  
Тағадай иген талды талма белді,  
Ұста еді ол ұстараның жүзінде өскен.

Болмаса болмысынан сөзге қанық,  
Сырт көздің шебер жайын сезбесі анық, —  
Үйрек бас ер шабатын ертелі-кеш,  
Сүйекті үй жасайтын тезге салып.

...Тартылып табиғаттың сүзбе шағы,  
Келесі жылда барсам күзде тағы, —  
Білемін тозып біткен тоғай менен  
Алдымда иесі жоқ із жатады.

## **ЕЛЕС**

Қаншама жан білмеймін көз қадады,  
Болмай өткен өмірден өз баламы, —  
Көлеңкесі секілді сары шалдың,  
Ебедейсіз нар қамыс қозғалады.



\* \* \*

Қас пен көздің, бауырым, арасында,  
Асқақ кеуде соңына қарасын ба?  
Басым кетіп барады білегінде,  
Санам кетіп барады санасында.

Жаулап алған жанымды талма кеште,  
Керемет күн кешегі қалмады есте.  
Ернім кетіп барады ерінінде,  
Шайқалады шаттығым алма төсте.

Кеш ұғынған қадірін тірегім бе,  
Сол қыз қазір мұратым, тілегім де.  
Көзім кетіп барады бұрымында,  
Өзім кетіп барамын жүрегінде.

\* \* \*

Жүрегіннен жаныма түскенде арай,  
Сілкіп тастай аламын күшпен қалай?, —  
Шашың қалар шашылған жастығыма,  
Жасың қалар оңаша ішкен талай.

Ғашық жанар жетпеді оты көпке,  
Сырт көздердің сынынан өтіп ек не, —  
Ернің қалар ернімді иеленген,  
Шердің қалар табы аздау көкіректе.

Тауқыметке дәл мұндай салмады ешкім,  
Шаттығы да шайқалды алма төстің, —  
Сызы қалар жайсыздау тиген кездің,  
Ізі қалар бір жүрген талма кештің.

Жан сарайын алғанмын біле кімнің,  
Солғын тартып тұрғаны-ай гүл өңімнің, —  
Көзің қалып көшірген көңіліме,  
Өзің қалып төрінде жүрегімнің.

## ЭТЮД

Берместен тонми сөзге орам,  
Қашқандай алдан бір құмай, —  
Орайда-орай боз боран,  
Соғып-ақ берсе, шіркін-ай!

Сокқанда қара құйындай,  
Жабырқау жанға батса да ой, —  
Келтіріп көзге тиынды Ай,  
Дөнгелеп бара жатса ғой.

Саусағын созған бақша-бау,  
Дірілдеп тұрса жұлдыз-мүн, —  
Сонда мен бара жатсам-ау,  
Бетке алып үйін бір қыздың...

\* \* \*

Қайтқан құстың тізбегі,  
Қатарларын түзеді.  
Сары желде — күз лебі,  
Сары белде — күз өңі.

Жаланаяк жүгірген,  
Кең далаға тұр шығып, —  
Қалт-құлт еткен ғұмыр мен  
Тәй-тәй басқан тіршілік.

Қызыл-жасыл дүние,  
Ұрандай боп тасталған, —  
Қызығыңа кім ие,  
Жөргек-жерден басталған.

Иір-иір сай жакқа,  
Күн де батты қызарып.  
Ымырт түсті аймаққа,  
Көленкесі ұзарып.

Етпестен-ақ жария,  
Шертілді, өне, баска күй, —  
Күрсінеді қария,  
Сілкінеді жас сәби.

\* \* \*

Жалп еткен жұпыны үйге жалбаң неме,  
Жарығын Жаратқанның жалған деме.  
Бұлттың көлеңкесі түспейтұғын,  
Тағдырың қайраң қауып қалған кеме.

Есті алған еспе кезге елікпегін,  
Басады әлі-ақ ол да желік демін.  
Көзіне сиып тұрған жарық дүние,  
Ілінген қарауылға Елік пе едің?

Құйылған Күн нұрымен Тәңір лебі,  
Үміттің отын өшер сан үрледі.  
Қамырдай қараңғылық қоюланса,  
Түреді түбі келіп таң іргені.

Табаннан тиек етпе тоң ұрғанын,  
Құдайдың өзі жейді қоңыр қамын.  
Алмайық үзіп қолдан сәуле деген,  
Өмірдің жүрек жайлар соны ырғағын.

Қой тағы жүргенінді саяқ қана,  
Мүсіркеп мұң кешпесін аяп бала.  
Құдайдан үмітім бар, сен де үміттен,  
Талғаусыз тағдырынды таяқтама.

Көрсем де бұлт буып, күйін қашқан,  
Алланың қалыбына сиымды аспан.  
... Есікті ашып тұрсың Жаңа жылда,  
Одан да татшы келіп биылғы астан.

\* \* \*

Қызыл інір... Беу деген,  
Әдемі бір кеш еді.  
Қасат қарды кеулеген,  
Алтынкүрек еседі.

Ызындайды масадай,  
Былырғыдан қалған ши.  
Тіп-тік шыннан асады Ай,  
Үзіледі талған күй.

Шым-шым өткен сызды ұғып,  
Құс ұйқы әже көз ілді.  
Бір ән ғана үздігіп,  
Қытықтайды сезімді.

О, неткен саз үздіккен,  
Көкейімде көп сұрақ.  
— Қырмызыдай қыз біткен,  
Кірпік ілген жоқ, Шырақ,  
Қыз-қыз қайнап кеудесі... —  
деді жеңгем пейілді.  
О, көңілім беу деші,  
Мұң бұлты сейілді.

Атқа ақырда қалғыған,  
Салып ерді кұранды,—  
Ассам ба екен Талдыдан,  
Айтып мен де бір әнді.

Қызыл іңір... Беу деген,  
Әдемі бір кеш еді.  
Қасат қарды кеулеген,  
Алтынкүрек еседі.



## АҚЫН

*«Анашым, көкелеріңді көрдің бе»  
Деп маған айтып ең.  
Далалық почта көп,  
Оларды табамын қайтіп мен?» —*

*Тоқаш Бердияров.*

Шуда-шуда бұлттай шұбырмалы,  
Кеудесінде көшті ме мұң ырғағы, —  
Тоқаш көкем отырды томсырайып,  
Томағалы бүркіттей тұғырдағы.

Қасындағы қағылез қос бала ақын,  
Мұнымен де, жырымен дос болатын, —  
«Қаламгердің» барында ат ақырдай,  
Арқыратып айғыр төс тосты алатын.

Ию-қию ішінде дауыс бәсен  
Өлен атты өмірге ауысты әсем.  
— Тас мүсіндей сірескен сiңiрлi ақын,  
Жалғыздықпен — дегендей — қауышпа сен.

Ісіп-кеуіп көріктей кергімейтін,  
Сөзге де жоқ себепсіз ерді дейтін, —  
Қас-қағымда қол соғып қызынбайтын,  
Екі пері ақынның көрді кейпін.

Болмысынан болғасын өзі білдей,  
Сездірместен лып еткен сезімін кей, —  
Бір нүктеден жанарын тайдырмайды,  
Мықтыларды тірескен көзіне ілмей.

Үнсіздікке дегендей төзе ал, мына,  
Күрсінді Ақын, муза-мұң сөз алды ма?  
...Оралмаған соғыстан қос көкесін.  
Отырыппыз келтіріп көз алдына.

\* \* \*

Құлақ аспай күнкілді, Аға, сынға,  
Отырмын оман дария жағасында.  
Кеудемде көзін ашқан балапан мұң,  
Қатпаған қанатынды қағасың ба?

Артымда қалғанымен орта белең,  
Сыралғы сырым, мынау, торқалы өлең, –  
Жабыла бастағаннан көк түндігі,  
Әйтеуір бір елестен қорқа берем.

Келеңсіз көлеңке не сырды ұқтырды,  
Жел шіркін тоғай кезіп ұрлық қылды.  
Құралбек құрдасыммен кара күзде,  
Жанды улап арақпенен тұрдық мұнды.

Түскелі қашан қою кеш қабағы,  
Суық күз сұқ қадаған есті алады.  
Із баққан қармақ тұмсық солғын Айдың,  
Көзінен салқын сәуле – сес тамады.

Сусыған сылаң Сырдың күйді өңірі,  
Көңілге көбең тартқан түй де мұны.  
Ішімнен аяп тұрдым ен тоғайда,  
Жылаған үні адасып шибөріні.

Іліне бермес дилі көздегенге,  
(Шығармыз шын қадірін сезбеген де)  
Қармақ Ай ханға тартқан қайыстырып,  
Кетеді ұқсап кейде жез легенге.

\* \* \*

Жайсыз жатқан түскендей тасқа күйе,  
Түсіме енді сал қарын қасқа бие.  
Жанарымның құлаған сағағынан,  
Бола алмастан тұрмын мен жасқа ие.

Қара албасты қағынып басқыр қайғы,  
Жанарыма жасырған жасты ұрлайды.  
Қияметтің қайымы сияктанған,  
Құйын тағдыр құйрығын бастырмайды.

Бозінгендей боздаған борықтағы,  
Қам көңілден күй қашқан торыққалы.  
Марка қозы көрінген Ай көзіне,  
Бөрі көкке ұлиды жорықтағы.

Күсті қолы жел қаққан кепкен қабық,  
Атам отыр басымда өткен налып...  
Шырмауықтай шырмалған шырақшы ой,  
Шырқыратқан жанымды неткен тамұқ.

Құйма бұлт бұзылған сел көшпелі,  
Жатқандай бір жалғанмен белдескелі.  
«Елім-айдай» сыңсытқан нар қамысты,  
Жаман екен жайсыздау жел де ескені.

Мандайына жағылған таспа күйе, –  
(Емес едім тік қасық асқа ие)  
Ала шарпы азаптын арасында,  
Түсіме енді сал қарын қасқа бие.

Қырсық түн де өтпейді, торып қайғым,  
Ұясынан шыға алмай торықты-ай Күн.  
Мандайында жазу бар бұл түсімнің,  
Ешкімге де ешқашан жорытпаймын.

\* \* \*

Ұйықтасам түсіме Сыр кіреді,  
Су иесі — Сүлеймен бір жүреді.  
Бетіндегі сырғыған сылаң сағым,  
Ұстатпайтын не деген құрғыр еді.

Қожатоғай, Байтоғай ызғын бакты,  
Суығы алып сусінді сыздың жатты.  
Кірбің көрдім көп-қою көленкедей,  
Қабағынан қыраулы күздің қатты.

Бүгіп қалар қалын қау баукеспені,  
Қызылқұмның құмындай ауды еспелі.  
Тоғай тозып бітіпті адасатын,  
Жоқ қарған жандардың «әу» дескені.

Сағынышқа кеудесі тұнған, Аға,  
Інің босқа ілкіде мұндана ма?  
Қаңтарылған қайқы төс қайық көрдім,  
Салқын ұрған су жақтан құм жағаға.

Табылмай ма шынымен құрғыр емі,  
Қуаң тартып аспанның тұрды реңі.  
Су иесі — Сүлеймен қырына алған,  
Ұйықтасам түсіме Сыр кіреді.

## ТЕНГЕ-ТАҚЫР

Теңбілденген жазыңқы теңге — тақыр,  
Көктен көмек көрместен емге, бақыр, —  
Күн қақтаған терідей тозармысың,  
Семе-семе сиықсыз сен де ақыр.

Қамшы осқан секілді жотанды анау,  
Қияметтің қайымы Ботаң қалау.  
Қайманадай қаңғырып кетіп қалмай,  
Тесік төбе таз басы атанған-ау.

Сен жатасың тұз сінген тулақтайын,  
Ол жатады түсінде шулап қайың...  
Тіксінбелік тікенек тірлік бар деп,  
Өлім барда өмірде тумак қайым.

Болар-болмас әлдене күтірледі,  
Ол оянып сен үшін шүкір деді.  
Бұлтты аспан... Сызды ауа... Жарымжан Ай  
Жауапсыз қоя салған үтір ме еді.



\* \* \*

Қам көңілің қабынып міскін дене,  
Түстікке ұшқан тізіліп құс мұң деме.  
Қаудыраған кеуректі қара күзде,  
Марқа қозы Ай көзіме түстің неге?

Сары уайым сарғайтып жан бақ деген,  
Әлденені жатқандай аңдап белең...  
Мысық тышқан ойнайды ойда-қырда,  
Томырық жел ұшкалақ қаңбақпенен.

Лыпылдаған жүзіндей ұстараның,  
Баяу түсіп келеді қыс, қарағым.  
Қарға адым қарбалас қауырт қысып,  
Жалын жеген білтедей қысқарамын.

Қамыс қауға ілінген күз білегі,  
Сыбызғыдай сынсыған үздігеді.  
Жатқан жаздай жазылып қырық құрау,  
Тозып біткен торқадай дүз кілемі.

Теліремін теңіздей түнгі аспанға,  
Не жетеді тылсыммен мұндасқанға...  
Жұлдыз көкте шоршиды шортан көзді,  
Жер жұлдызы жарықпен ымдасқанда.

Кірпігіне моншақтай тағып бір мұн,  
Мезгіл жатыр қызығын қағып қырдын.  
Тойымсыздау көңілдің тоғын ойлап,  
Марқа қозы Ай ізінді бағып тұрмын.

\* \* \*

Сыр тартылып, құм қашып, тоғай тозған,  
Сезім де жоқ серпіліп оңай қозған.  
Жол тұмсығын тығып ап дарияға,  
Асып, өне, барады соны Ай боздан.

Сол түн... сол жар... сол ауыл арып-ашқан,  
Өтіп жатыр өтпелі бәрі бастан.  
Күз салқыны өнінен ұрып тұрған,  
Жерден көзін алмайды кәрі аспан.

Сипай өткен айналып биік тасты,  
Сері самал шөп басын иіп қашты.  
Менің бала кезімнің елесіндей,  
Қозғалады мық мия қиық басты.

Бара жатты сүйеге Сырды құшып,  
Ай нұрынан адасқан бір мұн ұшып...  
Жусан дәмін келтіріп таңдайыма,  
Көмейімді ащы өксік тұрды қысып.

## ТӘШКЕНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ШУМАҚ

*Есбергенге*

Бақытына елти қарап өзгенің,  
Ұялайды мөлдір шықтай көзге мұң, —  
Тәшмәт әкам тақиясын шешпепті,  
Тәшкен оның өз қаласы сезгенім.

\* \* \*

Күлім көз көкем-ай,  
Күліп өте ме-ай,  
Құндыздай құлпырып.  
Қол жетпес бір арман,  
Тал бойы бүралған,  
Қылыққа тұр тұнып.

Өлара тұстағы,  
Бұлттай ұшпалы,  
Үлбіреп жүр бақта.  
Күн көзі арайлы  
Дегендей қарайды,  
Алманды ұрлатпа...

Болмайды жазғырып,  
Шікәмшіл жаз қылық,  
Табиғат болмысы.  
Сағыныш сазындай,  
Қанаты жазылды-ай,  
Секілді қол құсы...

Көңілді қозғады-ай,  
Күлкісі тозбағай,  
Жел қаузап, күн өтіп.  
Шалдырмай тіл-көзге,  
Ұшырар бір кезде,  
Уақыт түлетіп.

\* \* \*

Қожатоғай, Байтоғай, жон асқанда,  
Сыр сылдыры берместен толас жанға, —  
Иегінді көтерсең сәл-пәл ғана,  
Көзің барып тірелер көк аспанға.

Алыс-жақын кей жерді жайды атағым,  
Көңілімді қалайша жайлатамын, —  
Маған жаман жазуға еш болмайды,  
Аруағы бағып тұр Майлы атаның.

Қырық деген жайлыма асып белең,  
Болмасам да болбырлау жасық немең, —  
Жан сұраған диюдей ертектегі,  
Әйтеуір бір елестен қашып келем.

Азан-қазан мазаны тұрған алып,  
Отырғанша қалада құр қамалып, —  
Жүректегі сызатты қанталаған,  
Алар ма едім емдетіп Сырға барып...

Жүрген жай бар ала алмай сөз қамалын,  
Жел құбырдай іш тартып боздамағын.  
Жарық қамыс жалғанмен жағаласып,  
Сидан селеу секілді қозғаламын.

Салқын ескен өңінен қараша Күз,  
Сынық сүйем сүйсіне қарасаңыз, —  
Әкем сары... Мен сары... Балам сары...  
Сары сағым ішінде жарасамыз.

Қырық деген жайлыма асып белең,  
Болмасам да болбырлау жасық немен, —  
Жан сұраған диюдей ертектегі,  
Әйтеуір бір елестен қашып келем.



\* \* \*

Қалай қалғып кеткенмін құм басында,  
Қараңғылық қайырымсыз мұндасым ба?, —  
Кірпігімді көтерсем кірбің ілген,  
Отыр екен кең етек түн қасымда.

Көре алмаймын қуақы аспан көзін,  
Сан-саққа алып қашады сасқан сезім.  
Сынық сәуле сұп-суық сыланады,  
Көңілді осы ма дық басқан кезің...

Жел жеп қойған түсіндей жез легеннің,  
Неге болмыс бітімін сезбегенмін, —  
Құйын ғұмыр көтерген шақша бастың,  
Қарауында кетерін көздегеннің.

Айналдырар ақыры тәнге күлгін,  
Көлеңкесі түсті ме әлдекімнің?  
Ай аунаған алыста ала бұлт,  
Сәл ұқсата үнілсен сәлде, білгін.

Жеген жанды жегідей дыбыс мына,  
Жүрегімнің мұңымен ұғысты ма?, —  
Батысты да көрмеймін бармақ басты,  
Қармақ қасты көрмеймін Шығысты да.

Қарлы басын шалдырған шын жасынға,  
Тығырыққа тірелмей тындасын ба?!  
Кірпігімді көтерсем кірбің ілген,  
Отыр екен кең етек түн қасымда.

\* \* \*

Қылықты екен, қыз екен,  
Ақталса еді түз өтем, —  
Сыбыр андыған сырт көзден,  
Балбыр ұйқысын күзетем.

Арбаған албырт жанарды,  
Келтіріп көзге сонарды, —  
Тыныстап жатыр алаңсыз,  
Кеудесі жұпар анарлы.

Шара көл көңіл төгілмей,  
Жапырақ жаны егілмей, —  
Ерніне сиқыр үйірілді,  
Лүп еткен самал лебіндей.

— Есіңе алып еркенді, —  
дегендей сырды шерт енді,  
Жатыр ма екен түс көріп,  
Ұйқыдай тәтті ертеңгі.

Купеде, мезгіл мұздақты,  
Қылықты қырмыз қыз жатты.  
Қырықтан асып жығылған,  
Жүректі сондай сыздатты.

Бетіндей таза дәптердің,  
Сондай да сондай сәт көрдім.  
— Жалған да жалған, жалғандап,  
Мың рет, мың сан қап дермін...

## САҒЫНЫШ

### I

Сынап түс сылаң қайың сағынышым,  
Қиялдан соқтым саған тағы мүсін.  
Жарығын Жаратқанның жалған деме,  
Бармақтай бастан тайған бағың үшін.

Ұқсайды үшбу тірлік касқалдаққа,  
Күні ауған қабырғалап аспан жаққа.  
Ай-жылдар алтын айдар алқымдасқан,  
Шығатын шығанға алып баспалдақ па?

Бүйрекше бүлк-бүлк қаққан сылаң сағым,  
Басыла қояр ма екен бұл аңсарым.  
Жағада жалған-айлап тұрған маған,  
Көрінер құйрық-жалсыз жыланша ағын.

Озмыш, жазмыш та бәрі көкте,  
Сәулесін мезгілінен тәрік етпе, —  
Адамдықтың ақ-қара арасында,  
Ұрандай ұрып тұрар әрі бетке.

Күз желі жалаңаштап сая-бағын,  
Жалғыз тырна жанымды аямадың.  
Сағыныштан жүректі сыздап тұрған,  
Тығып қайда ей, Тағдыр, қоя аламын.

## II

Артта қалып ай құлақ қаулан кезім,  
Желдеп кеткен жылқыдай ауған да өзім.  
Шыныменен мен шіркін шау тарттым ба,  
Бала қыран алмайды таудан көзін.

Мекер демі мезгілдің ұшықтаған,  
Тұр-ау білем уақыт түсіп баған.  
Күлге аунаған торғайды андығандай,  
Кеш те түсіп келеді мысық табан.

Бойымдағы жансінді қайнарды ашқан,  
Терең тартып кетіпті айдарлы аспан.  
Құйрығындай түлкінің бұландайды,  
Санамдағы сабырсыз жайлар қашқан.

Қыстап қалған кеудеме қаз мұнымды,  
Бак құсындай ұшырдым жаздыгүнгі.  
Мекерлігін мезгілде көрсетпестен,  
Сағыныштан сарғайған сазды ұғынды.

Қырық атты қырмалау қырды асырған,  
Өмір шіркін аусайшы құрдасымнан.  
Аума бұлт секілді ала бауыр,  
Ауып жалын жастығым тұр басымнан.

Ұғындырмақ болғандай елге өмірді,  
Қағып-сілкіп алыпты жел де өңірді.  
Сағынышым, айтшы өзін қайда қоям,  
Терезесі теңізбен тең көңілді.

\*\*\*

*Өмірден ерте өткен досым, күйші*  
*Әбілхайыр Сыдықовқа*

Қараймын қарақұрым толған ізге,  
Жинала бастаппыз-ау жолға біз де.  
Тоң мойын тіршіліктің тұрлаусызын,  
Тобарсып тоңы қатқан толға күзде.

Бір сыбыр, сыбыр сырын тыңдайын ба,  
Тас мандай бар ма тағдыр мұндайың да?  
Қара түн. Қапа көңіл. Керең аспан.  
Сүйеніп тұрмын жетім тұл қайыңға.

Сыр етіп айта алмаймын Айға мұны,  
Тоғайды шибөрінің жайлады үні.  
Жанымның жапырағын жабырқатты,  
Есіме түсіргенім қайдағыны.

Баспа күл секілденген қозған асты,  
Көңілдің шала шоғы қозға ұласты.  
Болбырап боз өкпедей борсып кеткен,  
Борсық Ай болар-болмас боздан асты.

Үстінде су шайқалмас жорға текті,  
Сүрінбес сүрен сала қорғаса епті,—

Жел бауы жетер жерге жетпей қалып,  
Кер мая жүгі ауып сорға шөкті.

Көңілді қырау шалса күз өлгені,  
Термелеп тепсең жерден тізем нені?  
Жаныма жайсыз тиді жарық жалған,  
Қоп-қою кереге жал күзелгені.

Қараймын қара құрым толған ізге,  
Үйде өніп, қалған деген сол ма дүзде,—  
Желендей жана-жана күлге айналар,  
Жинала бастаппыз-ау жолға біз де.



## СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ

Арылудың бұл ойдан айтам емін,  
Сәби болғым келмейді қайта менің, —  
Мен секілді бір ұлды өлермендеу,  
Уызында тұрғанда шайқап елім.

Асарымды асадым, жасадым да,  
Берілетін жайым жоқ аса мұңға, —  
Маған қарап жөндесін кателігін,  
Келер ұрпақ өмірдің қасабында.

Көрсем де ажал түсімде күзде кей күн,  
Енді өзге өткенді іздемеймін.  
Көлеңкесін бұлттың түсірместен,  
Қайығында қайғының жүзде мейлін.

Күнін артып отырған жалға дөнес,  
Бере алмаймын ақ курай шалға кеңес.  
Салатұғын саудаға азды-көпті,  
Жаратқанның жарығы жалған емес.

Құлақ құрышын қандырар сазға бұла,  
Қоңыр күзге ұласар жазда мына, —  
Жалғыз тырна жанымды алса Құдай,  
Шүкір деймін Алланың жазғанына.

Сәби болғым келмейді.



## ТҮС

Түсіме неге ендің Сырдария,  
Дүние екен білсем бір тар ұя.  
Жантақтай жарға біткен жапа-жалғыз,  
Жағанда жабырқаулы тұр қария.

Әкем бе, әйтеуір жан емес бөтен,  
Көзіне салып көңіл елестетем.  
Жанына жалбаң сары жақын барды,  
Апырай, ол да өзім емес пе екем?

Құбылып қутың-қутың тасып, желген,  
Сағым да бара жатыр асып белден.  
Күміс жал толқыны өрмей жағалауға,  
Барады құрдымға Сыр қашып желбең.

Құданың құдіреті қиямет пе,  
Тұр мия қиық құлақ қия бетте.  
Сусылдап самал өпті су бетінен,  
Қызығын қалай түссіз қияды епке.

Сынаптай сырғып аққан сылаң Сырым,  
Жетемін саған қашан қылаңша ұрын.  
Тоқымдай тозып тоғай, озған күні,  
Жалғанда көп екен-ау бұран, шыным.

Несіне түңілемін түстен мына,  
Көңілге мезгілсіз ол түскен қына.  
Ешкімге жорытпаймын, Иесі мен,  
Және де ала алмассың күшпен бұла.

\* \* \*

Жоғалса таптырмайтын оңай малың,  
Сыр бойы... Бүргенді құм... Тоғай қалың, —  
Тоқымдай тоза-тоза қашыпты өні,  
Өзімнен-өзім қалып соны ойладым.

Оқпақты оман дария қолтығына,  
Сұйық шаң шалған шабдар жол тығыла —  
Тұмсығын тығып жатыр тұмшаланып,  
Сортаңның шала басқан солкылы ма?

Көзінді бере берме сүзе тегі,  
Жиналып келе жатыр күз етегі.  
Бұралқы шелек бас ит жатып алып,  
Тораңғыл көлеңкесін күзетеді.

Тұрмайтын қолды-аяққа маусым мына,  
Көтеріп кетеді екен даусынды да.  
Томаға тұйық тұрмын жолға түспей,  
Тас қайрақ төзім, шіркін, таусылды ма?

## ӘКЕМЕ

Кеткенін не деп хабарсыз —  
Ұрысты әжем  
Жиырма жыл жүрген жанарсыз.

Безесің бе деп үйден сен —  
Ұрысты ағам  
Төрт-бес жыл бұрын үйленген.

Қарындасым да айтты өкпесін,  
Ұрысты анам  
Хабарсыз ұлы кеткесін.

Сәлден соң сөнді шырағдан...  
Жаттым мен жылап,  
Ұрыспағаны үшін бір-ақ жан!

\* \* \*

Бал қаймақ сезім дір етті,  
Ақынның жаны қайғылы.  
Алданып қалған жүректі,  
Алдандыра алмас Ай нұры.

Ай шана шексіз тайғақта,  
Барады үнсіз сырғанап.  
Қалам деп жалғыз ойлап па,  
Жабырқау жанар тұр қарап.

Кешегі қайда жоқ бүгін,  
Асылған ерке мойнына.  
Қаралы Муза төкті мұң,  
Жаралы түннің қойнына.

Елік-қыз неге үркесін,  
Сүйеді ол сені өлердей.  
Сөндірмей үміт-білтесін,  
Күтіп жүр қайта келердей.

Шашылып жатыр тау жақта,  
Шыны бұлақтың сынығы.  
Шақырып жатыр бау-бакта,  
Бойжеткен қайың қылығы.

Шақырып жатыр орман да,  
Шақырып жатыр арман да.  
Көкірөк мұңға толғанда,  
Елеусіз ақын қалған ба?..

Селт етер оған жоқ көңіл,  
Жаралы, жүрек, жаралы.  
Сен енді тіл қат, отты өмір,  
Селт етсе сонда жарады.



\* \* \*

Болсақ деп ем,  
Біз бірге бой тұмарым-моншақты өлен.  
Жұлдызды түндерімді куә етіп,  
Әйтеуір бір кездесу ансап келем.

Ансап келем,  
Арман бұлақ сол жаққа қанша аққан ең.  
Киялымды кияға қондырып ап,  
Із түспеген тыңнан мен жол сап көрем.

Өткен талай,  
Қыран ол емес пе екен көктен қарай.  
Іңкәр әнім аспанда шарқ ұрады,  
Күн кірпігін көтеріп төккенде арай.

Тіршілік-Күн,  
Бүршігінде оянды бір шыбықтың.  
Шомылады бақ айым шапағына,  
Шаттықтың толқынында тұншығып мұң.

## ЖАНАРСЫЗДАР КЕЛЕДІ

Дендері сау, тірлігі алаңсыздар,  
Жол беріндер, келеді жанарсыздар.  
Көзбен емес, көңілмен көреді олар,  
Жан отына шарпылып қаларсыздар,  
Жол беріндер келеді жанарсыздар.

Жарық дүние қызығын аяп қалған,  
Таптың ба ей, осыдан тоят, жалған.  
Оянбайды таң тірлік кірпіктерден,  
Оянады тобылғы таяқтардан.  
Таптың ба ей, осыдан тоят, жалған.

\* \* \*

Шашыратар шалдуар шалықты ойды,  
Шала құйрық суық жел алып бойды, —  
Найзағайдың жарқылы көк жалаған,  
Қатқан қандай көзімде қалып қойды.

Қараңғылық қымтаған қайқы белең,  
Қас-қағымда етпесін қайтіп елең, —  
Құбыжыққа құбылған құныстанып,  
Кірпік қақпай қарайды Ай түлеген.

Жүгіргенде күміс бу жер бауырлап,  
Толқын-толқын соңынан ерді-ау ырғақ.  
Қаратаудың қатпары қаға беріс,  
Тұрғандай бір ежелгі шерді ауырлап.

Жарғақ кеуде жабықтай дүрсілдеді,  
Үзілместен үміттің тұрсын демі...  
Селдір селеу сынсыды сыбызғыдай,  
Көз алдыма келтіріп құр сұлдені.

Көңіліме көшіріп күрең күзді,  
Қуып келем қақ тұнған сүренді ізді.  
Түлеген Ай... Қаратау... Түстік желі...  
Бағып тұрған секілді бір өң бізді.

\* \* \*

Неге үнсіз табиғаттың мына, ақпаны,  
Қылыштай бұғып жатыр қынаптағы.  
Бетінен боздағы ұшпай бозарады,  
Сырғыған сияқты бір сынап тағы.

Із де жоқ белгісіз аң шиырлаған,  
Жел де жоқ бұйығылау күй ұрлаған.  
Әлдекім алып кеткен аққа орап,  
Көзімнің ұшында тұр түйір ғалам.

Не дауа жан иесі Жаратқанға,  
Белде де бетін бермес бар ақ таңба, –  
Былқ етпей жататұғын жарты әлемдей,  
Қытымыр қыс қабағы зәр атқанда.

Қозғалыс байқалмайды жырақ қырда,  
Шағылған сурет көрем бірақ, нұрға.  
Ілініп көк пен жердің арасында,  
Жауапсыз жалған қойған сұрақ тұр ма?!

\* \* \*

Жазылып жатқан жасыл көрпе көкті,  
Шілінгір шілде аптабы өртеп өтті.  
Сары жел шала құйрық шалдықпалы,  
Жақтауын терезенің шертеді епті.

Қақтанған қаңылтыр түс кер бетеге,  
Жеткендей желбастанған шер жетеге, —  
Кеуілді ызың қашқан толқытады,  
Иірім іштен тепкен тербете ме?

Салқынын сезіп ескен суық күздің,  
Жатқандай шық жасауын жуып дүздің.  
Жыңғылдай жылтыр түлкі індетпейді,  
Қызығы өтті білем қуық күздың.

Біртіндеп арып жатыр аймақ мына,  
Көнілсіз қырдан асты қаймақ құла...  
Иесі арса-арса жабағы үйдің,  
Алты ай жаз тұяқ қақпай Ай бақты ма?!

Өнірді көрген кезде рең қашты,  
Керегін сезіп қимыл бір ең басты, —  
Қара шал қарбаластың қамын ойлап,  
Жіберді қағып-қағып күрең қасты.

Салынып көп ұзамай күз-ен белге,  
Онса да орамалдай дүз-өң демде, —  
Табылса үміті үндес үзеңгілес,  
Табылар аяқты ілер үзенгі елге.

## ТАҒЫ ДА СЫР ТУРАЛЫ

Сылдыраған Сыр суы,  
Қалай сені қиямын, —  
Құлағымда тұр шуы,  
Қиық құлақ мияның.

Аңғармайтын сөзді айқын,  
Желең көңіл жүргенде, —  
Қиялымды қозғайтын,  
Бүкір белді бүрген де.

Тоғай тозып, құлайды,  
Қалай ғана қорғайын, —  
Шыр-шыр етіп жылайды,  
Торсық түсті торғайың.

Жыңғыл кезіп жел кетті,  
Жетекке алып құйрығын.  
Кесірткені де келбетті,  
Кешті бастан қилы күн.

Күн қабағын баққан-ау,  
Күреңітті күзгі аспан.  
Жылтырайды қақ та анау,  
Жылан қабық мұз басқан.

Қаға-қаға жел тынды,  
Қоңырауын шеңгелдің.  
Мезгіл өтті елтіңді,  
Шыркын бұзбас енді елдің.

Қысса қыңыр онай ма,  
Құлап жатыр Сырға ауыл.  
Сіңіп кетті тоғайға,  
Құманға ұқсас қырғауыл.

Соңына еріп жыр-бұлақ,  
Кеткен өзің емес пе-ең, —  
Жүрек бала тұр жылап,  
Арыл енді елестен.



## ҚИЯЛ

Түн ішінде отырсам салды бағып,  
Еркем сені деместен қалды налып, —  
Ерініне ұксаған үлпек Айды,  
Аймалар ем армансыз алдыма алып.

Жасын шашып сонда мен реңімнен,  
Кеудемдегі босаған сіре мұнмен, —  
Оман дария елітіп ағатындай,  
Жыр оқырмын жылы алып жүрегімнен.

Қызығатын қасына барған ұста,  
Пышақ кырлы үкі бас нар қамыс та, —  
Сыбызғы үнді қосылып сыңсылымен,  
Қамшы салар қалғыған ар-намысқа.

Ұйқысынан оянып тоғай- дағы,  
Мені көріп ашылған оңай бағы, —  
Қоңырауын шеңгелдің қайта қағып,  
Гүл көмкерер аймақты шоқайналы.

—Тірлігіне қызығып бұла, мына,  
Құшағыңа көк қызы құлады ма? —  
деп ізінше, шіркін-ай, сыбырласа,  
Су иесі — Сүлеймен құлағыма.

## ТІРЛІК

Шалқыған сары жаздың қайтып өні,  
Қазаннан түскен төстей Ай түледі.  
Сырықтай сидаң шидің сыңсылына,  
Құлағын арлан бұққан сай тігеді.

Біткен бе тесік тиын тірлік қамы,  
Салқын леп сыпа қылық сырды ұқпады.  
Ескегін ескен ессіз есер желдің,  
Өтінде суық сорып тұрдық тағы.

– Отырған кеңге беріп арқа-басын,  
Тақыстың тасын қалай тарта аласын,  
Тірнектеп тірлік еткін ертелі-кеш, —  
деді үнсіз пайы түгел парталасым.

Байқатқан қыс қылығын салымды Күз,  
Біз дағы бұға бермес алымдымыз, —  
Бір кезде төбе төсін тосын басқан,  
Қашанғы қыр көрсетер шалымды қыз...

Дегім кеп... Бүгіп қалдым сырымды епті,  
Дей ме деп жарықтық Күз: «Қырын кетті»  
Кенеттен түнек тілген жарықтай-ақ,  
Жаныма жақын, жылы бір үн жетті.

## ҚЫСҚЫ КЕШ

Қысқы кеш... тартады ой құрдымына,  
Талақ ет деп талансыз жырды, мына.  
Шөккен түйе секілді шөмелелер,  
Ай нұрына ілініп тұр құбыла.

Ашылмастан қабағы кірбең кештің,  
Шарпысады шоғымен үрген пештің.  
Көзімде ойнап тұрғанмен қырық бояу,  
Қырдың қызыл қуындай түрленбеспін.

Қолтығында қолаттың түйе баққан,  
Қартпен бірге ақ тонын киеді ақпан.  
Керегеге ілулі кер жусанның,  
Аңқиды иісі қымыздай шиіе қатқан.

Не істейін жанымды жыр қоздаған,  
Көпсітеді кеудемді бір боздақ ән...  
Жықпыл-жықпыл жартасқа түн ұйлығып,  
Тығырыққа тығылып тұр боз далам.

Көпек ит иесінің ығын күткен,  
Жат қылық танытады бүгін тіптен.  
Қалы кілем тініндей қараңғыда,  
Тыныштық қорқынышты сұғын тіккен.

Буылдыр бұлт та жоқ, бұйығы аспан,  
Жұпыны шаңырақтай күйі қашқан.  
Ұйытқып кетсең кетші, ей табиғат,  
Есігін киіз үйдей құйын ашқан.



Бірнеше дүркін мылтығын атып аспанға,  
Орнығып көңілі, маукын шопан басқанда, —  
Бұғыңқы келіп тығылған бұйра бұлтқа,  
Шығады Ай да беретін қуат жас жанға.

Жайланып жаны үйіне енер ұзамай,  
Қара қазанның бүйірі-дағы қызады-ай!  
Ет турайтұғын пышағын сайлап, содан соң,  
— Осындай тірлік кешеміз, — дейді біз ағай.

## ҚЫС СУРЕТІ

— Ақтандақ әйнекті әлсіз шеки қаққан,  
Ызыншыл жел шіркінің не күй баққан, —  
дегендей Ай шәпкесін шекеге іліп,  
Келеңсіз қылықпенен кекиді ақпан.

Оранып аққа жатыр тұлдыр дала,  
Жанына жайсыз тиген бұл бір нала.  
Былтырдан қалып қойған селдір селеу,  
Сыңсиды суық сорып мұнды ырғала.

Мезгілсіз сезілгендей кемтік кезі,  
Сақа ақпан сақ-сақ қағып ендікті өзі.  
Шөмеле шөккен түйе мал қаузаған,  
Аран сай арлан бұққан жемтік көзі.

Не деген қиялдай бір ұшқыр еді,  
Ушығып түрпі аяз да үскіреді.  
Пеш түбі...Қарала тон...Пыс-пыс еткен,  
Сар балаға алансыз түс кіреді.

\* \* \*

Дала исі аңқыған қайран шалым,  
Бұл-бұл ұшып көзіңнен сайран шағын, —  
Алты бөлме, бір балкон тарлық етіп,  
Жүр-ау шығып бұл күнде айран-салын.

Қыран құстай қайырылған қанатынан,  
Асыласың балконға, қала тұман.  
Кеш билейді сазында гитараның,  
Естілмейді көңіліңе қонатын ән.

Үміт артқан соншама қарағыңа,  
Ойлар басып еңсенді барады ма?!  
Сағынышың дала деп сартап болған,  
Мұң үйірді жаныңның жанарына.



## КЕШКІ СУРЕТ

*Ерболатқа*

Реңі қашып Күннің басқан бақты,  
От шарпып жалын жайды аспан жақты.  
Көкжиек көз алдыма келтіреді,  
Қанатын қанға малған қасқалдақты.

Қызыл нұр жүгіргенде жер бауырлап,  
Ұзын бір жылға ақты шерді ауырлап.  
Ызғырық ызын буып ескен кезде,  
Көңілдің көк құрағын көрді-ау ырғап.

Мұз басып жылан қабық қанды қақты,  
Суық жел алып бойды, жанды қапты.  
Бүйректей бүлкілдеген бұла бұлақ,  
Қуалап жұлге-жұлге қаңғып ақты.

Көңілді жараспайды қажау, көкем,  
Бұл деген сусыма нәш, саз-ау бөтен.  
Қыраулы қас-қабағы күзге ұрынған,  
Қай жакқа кобыз үнді қаз ауды екен.

Ала өкпе аспандағы қозбай желік,  
Қан шапақ жуған бұлт тозды-ай келіп.  
Сары ала сағыныштың сазы мендеп,  
Қар мойын қаз дауысын созды-ай керіп.

Қызылы сезем көкке көшті жердін,  
Жұп-жұмыр шақпа шоқтай өшті өр Күн.  
Со жолы о, Ереке, ыза қысып,  
Жанары қанталаған кешті көрдім.

\* \* \*

Сыр етіп тұратын бір өмірді өзі,  
Ашылған дейсін қашан көңіл көзі.  
Сағыныш санамдағы сартаптанған,  
Енесі өрістегі қоңыр қозы.

Бастығып қалған шоқтай күл астында,  
Қам кеуіл қапа түнге ұластың ба?  
Ойнаған сылаң сағым сары белде,  
Селеуге мауық бастым сыр аштым да.

Қоңыр жел кара бауыр қаңбақ қуған,  
Тұрғандай бір дүрбелең аңдап шудан.  
Шалқыған жаз үздігіп күзге ұласты,  
Қауынын тендеп қапқа таңдап буған.

Сыңғырлап сыралғы қыз сырғасында,  
Сағыныш сағым іліп тұрмасын ба?  
Жусанның қышқыл жұпар исі аңқып,  
Жүрекке мұң қаптырдым қыр басында.

Қалдырған туған жердің орауында,  
Жанымды алмақ болсаң бар ауылға, —  
Ақ бас жылан секілді көтеріліп,  
Құйын-ажал ілдірген қарауылға.

Ескен жел желбір-желең иіп талды,  
Солқылы басылды да тұйықталды.  
Қабынып батқан Күннің салқын қабақ,  
Көзінен көрдім қатқан сұйық қанды.

## АПА

Апа, биыл ауылда қар қалың ба,  
Тазарып бір қайтатын барғанымда.  
Жалғанын да ұғындым бұл тірліктің,  
Бұл тірліктің ұғындым арманын да.

Сырдария, ен тоғай, қырқалар да,  
Алған шығар оранып ұлпа қарға.  
Сыр соларға ашайын ақтарылып,  
Жатқан шығар елендеп бір хабарға.

Апа, әлі-ақ барамын уайымдама,  
Жатсын күтіп алаңсыз сайын дала.  
Бойым бала баяғы бетегедей,  
Салмақ тартқан сынаптай ойым ғана.

Апа, әлі-ақ барамын уайымдама!

## АРЫСТАНБАБ

Сағым шәлі оранған шығар тағы,  
Арыстанбаб алыстан мұнартады.  
Азанына асыққан Әйтiм атам,  
Астындағы есекке кiнә артады.

Қаза қылмай намазын жайнамазға,  
Тiршiлiгiн қаңтарып қойған аз ба? —  
Ит өлгенге итiндеп жеткенiмен,  
Бойын аулақ ұстайтын ойдан азба.

Азаншының дауысы аспан iлген,  
Бара жатыр астасып қас-қағыммен.  
Олар iште, сырттағы қас суына,  
Кебiстерiн кеме ете бастадым мен.

Алған кезде арабша мақам белең,  
Күйгелектеп жетедi Ақаң керең.  
Жайшылықта ауызы тыйылмайтын,  
Ессiз қалар елiтiп атам да ерен.

Санасына сiңiрген қала күйiн,  
Жас атеист есiне алады үйiн.  
Көз алмайды киелi Арыстанбаб,  
Самолеттiң iзiнен ала құйын.

\* \* \*

— Дүйсенбек!

Дария қалай, тасыды ма,  
Асыққан бозбаладай ғашығына, —  
Аңсады балалығым Сыр-ананы,  
Таласқан Құралбектің асығына.

Түсіме жиі енеді жидесі де,  
Қоймайтын құлай, сірә, сүймесіңе.  
Еріксіз есім шығып кеткен едім,  
Өмірдің ерте мініп күймесіңе.

Сыңсыған тоғай еді жағалауы,  
Сиреген жоқ па, аңсар тағы ауады.  
Түбінде оралатын туған жердің,  
Тоқымдай тозбаса екен бау, алабы.

— Дүйсенбек!

Дария қалай, тасыды ма,  
Асыққан бозбаладай ғашығына, —  
Аңсады балалығым Сыр-ананы,  
Таласқан Құралбектің асығына.

## ҮЙДЕ

Қабынып Қаратаудың түр сілемі,  
Сұрқыл күз басқа түскен бір сын еді.  
Қаузаған былтырғыдан қалған шөпті,  
Қорада кәрі сиыр күрсінеді.

Балқыған батып Күннің нарттай кеші,  
Соғудан сығыр желдің артпайды есі.  
Күбірлеп күйіп-пісіп апам отыр,  
Суланған көн тезекті тартпай пеші.

Шыдатпай шыдамы ұшпа кей мінезді,  
Көк түтін қолқаны атып, жейді көзді.  
Қиында қарт қасынан көрмей ұлын,  
— Қаңбақтай қаймананы — дейді кезді.

Қара түн жұтып қойып іңірді ізгі,  
Қуалап қарбаң-құрбаң жүгірді ізді...  
Шалғынды шалғы түсер сар жұрт қылған,  
Отырмыз әңгіме етіп қыңыр күзді.

Жабағы бұлт жапқан жалған мына,  
Көк төккен көлгір жасқа алданды ма?  
Ашпайды қарыс кабак қырыстанып,  
Қытымыр қысқа артылар қалған кінә.



## МӘСКЕУ САЗДАРЫ

### I

Жететін желең желдей белінді асып,  
Ес біліп, етек жиған елім қашық.  
Мәскеуде сырахана ішінде мен,  
Сан тұрдым сағыныштың шөлін басып.

Босансып көңіл бота боздағасын,  
Селеудей секем алған қозғаласын.  
Сағыныш сағыныш па сағым іліп,  
Тырнадай тұнық даусын созбағасын.

Көлбай мен Әділғазы жоқ қасымда,  
Алыста айыл тартар от басым да.  
Көгілдір көзді Вика көз алдаса,  
Тобылғы торы сыра тоқтасын ба?

Аңғартар алуан сырдың жайын кейін,  
Виканы сылаң қаққан қайың дейін.  
Маужыр түн пүліш түкті етек жайса,  
Айналып бақ кетуге Айым бейім.

Бұралқы ит, кезбе мысық, көгершін көк,  
Ойлаймын бұлай жүрсең өлерсің деп, —  
Жерінер жерден жентек жем іздедің,  
Бойыңа болар-болмас нелер сіңбек.

Тірліктің жақсылыққа жорып таңын,  
Көн мойын торсық байлап торықпадым.  
Арақтың шалығы сәл шалғанымен,  
Бұзылып кеткенім жоқ қорықпағын.

## II

Күлімдеп сыршыл Вика айыптама,  
Тағдырым қалт-құлт еткен қайық қана.  
Қоңыр күз, қоңыр көңіл, қоңырқай кеш,  
Қанатын келе жатыр жайып жаңа.

Келмейді жылы жерден ерте кеткім,  
Қожайын тоқ қалтасын шертеді ептің.  
Ақ сары шашты қызды көгілдір көз,  
Қазақша қарғашым деп еркелеттім.

О, Русь, демей-ақ сен жер шеті едің,  
Жаңалық емес шығар өрсе тегім...  
Қымыз бен қызға құлай кететұғын,  
Қазақы мінез саған көрсетемін.

Қайтарды құс тұмсық күн қысқа басын,  
Мезгілдің үрдісі асып қыстағасын.  
Аспандай ала бұлт әужемдеген,  
Қам көңіл қапа қысып ысталасын.

Қалайша қайтарамын гүл өтемін,  
Дегендей ой астарын түлетемін.  
Қамырдай қаранғылық қоюланып,  
Қылымсып қымтай түсті түн етегін.

Ашылып Сырдағыдай Айдың бағы,  
Қақканы қалмақ қасын қай қылғаны.  
Топырақ түс шашымда саусақтары,  
Ойнайды аққудайын айдындағы.

О, Вика сұлу емес, көріктісің,  
Көзіннен көрінеді ерік күшін.  
Отты ауа, Сырахана, кермек түтін,  
Талайдың мұз жайлаған ерітті ішін.

### III

Жырақта жүрген мұнын алымды ердің,  
Қартадай қатпар-қатпар қалың дер кім?  
Шалқыған толқынданып сары жазда,  
Көзіннен көгілдір бір жалын көрдім.

Сағыныш санамдағы ендік майда,  
Қадірін кара қыздың енді ұқпай ма?  
Сен мені салыстырма таулықтармен,  
Оларда мендегідей кендік қайда?!

Сүйіспен қыз бағасы өлшенбейді,  
Сондықтан құшак, міне, енсең мейлі.  
Біз жактың ақындары махаббаттың,  
Көзіне карап жатып өлсем дейді.

Десе де әлдекімдер түйді есебін,  
Мен сені мұнша құлай сүймес едім, —  
Басындай мық жусанның айрықталған,  
Алапат ала құйын күй кешемін.

Созылған сүттей қою сұңғақ қайың,  
Мұндайда көленкесін бұлдап па, айым?  
О, Вика, біле-білсең қалың қазақ,  
Мықты ақын дейді мені тындап, қайым.

Келмейтін көңіл-күйге налып, састы,  
Үп етпе ұлпа сезім алып қашты.  
Қоп-қою бұйраланған көк шалғында,  
Тізеңе тыныстадым салып басты.

Тағдырын таска түскен алымды ердің,  
Көкпарда сара салған салым дермін.  
О, Вика, ыстық желдей шалықтаған,  
Көзіңнен көгілдір бір жалын көрдім.

#### IV

Алдырып араққа удай еркімді мен,  
Басамын сағыныштың өртін кілең.  
Ауыл...тоғай...содан соң алыстағы Ай,  
Бұл менің айықпайтын дертім, білем.

Көңілім көгендегі жетім қозы,  
Сегіліп кететіндей секілді өзі.  
Сезімім сал бидайық шашақталған,  
Төзімім қатпа қайрақ бекім безі.

Қызарып күн кірпігі қалыпты, ана,  
Қараймын айналама налып қана.  
Бұлттың көленкесін түсірмейді,  
Үстіме көк тіреген алып қала.

Күйедей түскеннен соң ойға нала,  
Үгілме кесек көңіл жайлана ма?  
Қаланы қызыл ала қан шайды да,  
Ақ күлгін бу жүгірді айналаға.

Сырасы өткен сайын Шал құлайды,  
Қойғандай қазық баулап қалқыма Айды.  
Вика да көгілдір көз бұйығылау,  
Шалғындай шық шылқыған шалқымайды.

О, Русь, жүрсем де көл, белінді асып,  
Ес біліп, етек жиған елім қашық.  
Мәскеуде сырахана ішінде мен,  
Сан тұрдым сағыныштың шөлін басып.

## V

Ауыл қалай...Мәскеуде күз қабағы,  
Қар жауардай қабынып сызданады.  
Қола Пушкин тұр солай қоңырайып,  
Суық самал судырап із бағады.

Жабағы бұлт еңсесін басқан күйі,  
Жасын сығып алады аспан жиі.  
Бүрсендеген жапырақ бүкір белді,  
Бойын алар ызғардан қашқан бүйі.

Көнілімде көктемнің көз ілгені,  
Селкеу тартқан сері бір сезім бе еді?!  
Қиын екен қыраулы қыс хабарын,  
Талма белді тал-қайың сезінгені.

Ісінеді жаңбырдан тас та білем!..  
Жанарыма тығылған аспанымен, —  
Лебі тартқан Айдаһар секілденген,  
Сіңіп кеттім әлемге басқа кілен.

Не істейін шырқын бұзбау үшін,  
Жүгенсіздеу жанымның сыздауы шын.  
Солқылдаған метро, қасымдағы  
Жұтып қоя береді қыз дауысын.

## VI

Не жетеді алаңсыз ымдасқанға,  
Ел көшкендей жанымды мұң басқан ба? —  
Жұлдыздарды жымың көз жұтып қойған,  
Адасады жанарым түнгі аспанда.

Осып өткен секілді жасын қайғы,  
Қам көңілім көк іліп тасынбайды.  
Бұрымды қыз буыны босағандай,  
Иығыма ыңғайсыз асылмайды.

Шулы Мәскеу...Жалғыздық...жоқ Ай тағы,  
Күз сыпсындап өкініш көп айтады.  
Қолаң шашы шашылған кара түннің,  
Қала қоймас көзімде оңай табы.

Тіршіліктің көрермін бұйырғанын,  
Шын шақырса шырылдап киырдағы үн.  
Қалың тоғай, Сыр бойы, Сыралғы ел,  
Түбі қалар сол жақта түйір қаным.

## VII

Мәскеу бүгін оранды қар мақтаға,  
Тасты Арбат қакқандай арнап таға, —  
Сұп- сұр күйі тиеді табаныма,  
Тістей берем мен болсам бармақты, Аға.

Еңселі үйлер есепсіз иыктасқан,  
Көңілдердей күй кешкен күйік басқан, —  
Енді көкке келмейді бой созғысы,  
Бекер бізге дегендей иіпті аспан.

Жанарымда жылтырап жасықтай мұң,  
Тесік қалта келемін...асықпаймын.  
Қола Пушкин биік тұр тұғырында,  
Ал, мен болсам қазақы асықтаймын.

Кезбе мысық, бұралқы ит бүрсендеген,  
— Бірін ойнап, екіншің үрсен, — деп ем.  
Метроға тығылдың мейірім іздеп,  
Сезінемін көшеде құр сенделем.

## VIII

Қожатоғай... Сыр бойы... Белең төсі...  
Кетсе де алып жыраққа өлең көші, —  
Жатаған там жадымнан шығармысың,  
Көлбей түскен жиденің көлеңкесі.

Тоғай жайлап тамырын жайып қалған,  
Қалай кесіп аларсын айып шалдан, —

Намы бойдан кетпеген қамыс баулап,  
Дарияға қайқы төс қайық салған.

Кете алмайды келеңсіз жұртың да асып,  
Сары шалдан отырған мұртын басып.  
Мал қайырдан бастайды кешкі әуенін,  
Көрші-қолан кетерде қыртындасып.

Қиын еді қайыстай қартың үшін,  
Шибөрінің жыласы тартып ішін.  
Қысық жарық іздейтін қабырғадан,  
Көлеңкесін апамның жарты пішім.

Шайқап- төгіп сәбилік сезім көлін,  
Қалай өте шыққанын сезінбедім.  
Жұмбақ жұлдыз ойнама өткеніммен,  
Таба алмастан отырмын өзім де емін.

Қараңғылық қарына жарық басар,  
Ел-жұрт аман...жайым жоқ налып, сасар.  
Әлдеқайдан еседі суық самал,  
Жапырағын жанымның алып кашар.

Сал сағыныш жүректі сыздатқалы,  
Көкіректе қаншама мұз қатпады.  
Алыс Мәскеу...Сыр бойы... Қожатоғай  
Жұлдыздың жақсы емес пе дүзде аққаны.



## ҚАҒАЗ АҚҚУ

Кеудесінде ойнатқан сылаң желді,  
Иір-иір кер бұлақ жылан белді, –  
Қалың каудан камалған қашып шығып,  
Сынап жалын Күн шалып сыланды енді.

Қызыққаннан бұлаққа буыны босаң,  
Балалықты сағынып туды да осы ән, –  
Боз басыммен қағаздан қиып жасап,  
Ағысына ақ қанат Қуды қосам.

Орындалған секілді кеш тілегі,  
Қайтып Күн де, аптаптың көшті лебі.  
Тымық ауа көтерген жеңешемнің,  
Мал қайырған дауысы естіледі.

Ымырт деген жетекке ап сары ала атты,  
Көкжиекке Күн құлап...қара батты...  
Қағаз Аққу қанатсыз қалбаң қағып,  
Ай нұрына шағылып бара жатты.

## ҚҰРЫЛЫСТА

Жексенбі. Шүйілместен бұлт көктен,  
Қарайды айналаға күліп көктем.  
Біреп топ дамино ойнап, енді бір топ  
Отырмыз арақты ішіп жылып кеткен.

Төселіп масатыдай дүз кілемі,  
Созылып жатыр көкте қыз білегі.  
Сағыныш сазын шертіп жанындағы,  
Кішкене транзистор үздігеді.

Созылған кран шетте кеңірдегі,  
Мүлгиді тыныштықтан өңірдегі.  
Жырақта жүріп жатқан құрылыста,  
Еседі жанға жайлы өмір лебі.

Қалайша әсем шақты қия аламын,  
Шарықтап көктің жүзін қиял әнім, —  
Көміліп көк шалғынға сәл масандау,  
Есіме бала кезді жиі аламын.

## ТЕРІСКАҚПАЙ

*Сүйдім мен Іңір деген пері қызын*

*Есенгали*

Сүйдім мен Таң атты бір сылаң қызды,  
Кірпігі қаққан кезде қылаң күзгі.  
Жаксысы жасырмайды жез тырнағын,  
Және де жақтырмайды ылаң жүзді.

Қытықтап ойнағанда қыз қылықпен,  
Жатамын ояна алмай үздігіп мен.  
Ол болса патшайы өмір парқын бағып,  
Парақтар шар кітапты ізгі үмітпен.

Үкісі желбіреген селеуді ана,  
Желең жел сілке оятты бебеу қаға.  
Желпініп кетуіне құйын жеңнің,  
Жетеді қолтығынан демеу ғана.

Жатамын еріп, елтіп...Ол атады,  
Жетекке ап сүрен сінген жол атаны...  
Белдігін бекем буып көтерілді,  
Күншығыс...Таң сұлудың сол Отаны.

Ақ бата, Ана айтқан алғысты алмай,  
Бір жылы атқан еді Таң мыстандай.  
Қызыл нұр жүгіргенде жер бауырлап,  
Ұзын бір өзен ақты...қан құсқандай.

Жазғаны осы шығар пешенеме,  
Мен-дағы тамыр жайып өсе келе, —  
Жезтырнақ Танды сүйдім жеңі қысқа,  
Көнемін қалған халық десе де не?!

## ТОҚАШ КӨКЕМЕ

### I

Бос қалбырмен ойнайды ала күшік,  
Жел көтерген жапырақ барады ұшып, —  
Тоқаш көкем содан соң Есенғали,  
Тұрдық шулы вокзалда арақ ішіп.

Тіршілігі басталған қала кешкі,  
Азан - қазан көшімен алады есті.  
Суық күздің қабағы есімізге,  
Қай-қайдағы жайларды салады ескі.

Үшеумізде бір арман...дәмеліміз,  
Өлең...Ауыл...арысы әдемі қыз.  
Қапа қысқан кездері кездесеміз,  
Тіл табысып ел көшкен әлеміміз.

Көңіл шіркін көк дөнен емес пе еді,  
Жайсыз тиді жағымсыз жел ескені.  
Тоқаш көкем күрсінді жолға қарап,  
Кім түсті екен есіне Келестегі...

Құба қасқа түн берер басқа нені,  
Алып кетер бір күні аспан елі.  
Үш ақынға сұп-суық сұқ қадаған,  
Мысық көз Ай мысынмен баспа мені.

Бұл өмірден неміз бар алар бөтен,  
Сол кеш...Вокзал...жадымда қалар бекем.  
Сені салдық шығарып Келес жаққа,  
Бізді біреу шығарып салар ма екен.

## II

Ойда отырмын жамылып қала түнін,  
Білем тірлік тезіне салатынын.  
Жаман өлең оқыса топтамамнан,  
Тоқаш көкем ұрысып алатұғын.

Тұрғандай бір алыстан қарап белес,  
Намысыма шоқ тастап, таратты егес;  
«Қарашы анау өзіндей Есенғали,  
Қалай-қалай сілтейді... арақты емес»

Көкем білем оған да соны айтады,  
— Қойып кеттің қалай, — деп жолай тағы.  
Тісін қайрап содан соң біреулерге,  
Көңілінің наласын молайтады.

Қалай, қанша білмеймін бағалаймыз,  
Суық ескен қанатын қағады-ай күз.  
Ауыл деген аурумен ауырғалы,  
Вокзал жақты жиі біз жағалаймыз.

Кеткенімен келеңсіз сана саққа,  
Ақын болып қаламыз болашақта.  
Тоқаш көкем содан соң Есенғали,  
Түбі ауылдық боламыз... ана жақта.

\* \* \*

Футбол аланында,  
Бақытқа баладым да,  
Мен сені аймаладым, —  
Сен мені беттен қақпай,  
Отырдың Ай қабағым.

Куә етіп жылы түнді,  
Айға іліп үмітімді,  
Берілдім қиялға әсем, —  
Өзіңмен өтсе өмірім,  
Ешкімнен ұялмас ем.

Жұлдызын сызады аспан,  
Тұрдық біз ұзамастан,  
Ауылдың іргесінде, —  
Шибөрі ұлитыны,  
Шықпастан тұрды есімде.

Сағынып өтемін бе,  
Сезімнің жетегінде,  
Кетіппіз ұзап қырға, —  
Жүрекке келе-келе,  
Түсетін сызат тұр ма?..

Қалайша көз іледі,  
Тәтті бір сезім еді,  
Тәңірім қосқан белде, —  
Секілді Еңлікгүл,  
Ернін тосқан желге.



\* \* \*

Қызылдың құмы десек уақытты,  
Сарынын мінез делік туа бітті.  
Еріккен бала мысық жолақтанып,  
Сәуледен түскен үйге қуады үтті.

Көлбеген көкжиекті күл өнденіп,  
Құлпырған мың сан нұрдан кілем делік.  
Қартадай қатпар-қатпар құпиялы,  
Қазығұрт көрінеді сілемденіп.

Тандырдай лебі қайтқан шарболат Күн,  
Тығылды қолтығына тар қолаттың.  
Баламын пайғамбардай көрген қартым,  
Неліктен қабағыңнан қар бораттын?..

Кеш түсті...Қос қарайған қоста қалмай,  
Төбеде төңкерілген тостағандай, —  
Құмырсақа илеуіндегі тіршілікке,  
Отырдық көз суарып, қостағандай.

Жартыкеш жарық дүние шараң құрып,  
Өтуге көрсеткенмен сараң қылық, —  
Көгенге көзін сүзген борсық сынды,  
Барады қоюланып қараңғылық.

Қайтады қайран мезгіл қарым қалай,  
Бүк түсіп бүгіп жатса барын маңай.  
Секілді көпей қозы уызданған,  
Келеді құлақтанып жарымжан Ай.

## ЖЕЛ

Шымшықтың шыр-шыр еткен келте-ақ үні,  
Келеді құлап белден ел табыны.  
Күрендей күміс жалы күлтеленген,  
Үйретіп алар ма едім жел тағыны.

Қанатын қалбаң қаққан кара күзде,  
Сүреңсіз ызың түсіп барады ізге...  
Тінтіген төңіректі тыным таппай,  
Шолжаңға шалқақтаған шарамыз не?

Қайтарар әйтеуір бір күз өтемін,  
Жетелеп жел кетерді күзетемін.  
Айнала беріп оқыс бұрылысты,  
Көтеріп тұра қашты қыз етегін.

Кей кезде тереземді шертеді епті,  
Дегендей бозаң кезін ерте кетті.  
Әнеки, тал баланың тарап шашын,  
Танытып жұмсақ мінез еркелетті.

Десем де ұстайтұғын келді кезім,  
— Мен емес — деп кашады, — ендігі езін.  
Есігін құрым үйдің сарт-сұрт қаққан,  
Түсініп болмайды екен жел мінезін.

## Қарт

Шынымен бойдан қуат кеткені ме,  
Қария тұр сүйеніп кетпеніне.  
Бала көзбен қарайды болашаққа,  
Дана көзбен қарайды өткеніне.

Сонау кезде көк дөнен, көк бөрікті,  
Бал дәуреннің қызығын көп көріпті.  
Айдарынан жел есіп жұлдызды түн,  
Қызды ауылды торумен өткеріпті.

Көкпар шауып шадыман той іздеген,  
Арман қуып алыстан ой үзбеген.  
Албырт кезі екен-ау алып ұшқан,  
Жарысыпты қиқулап пойызбенен...

Шынымен бойдан қуат кеткені ме,  
Қария тұр сүйеніп кетпеніне.  
Бала көзбен қарайды болашаққа,  
Дана көзбен қарайды өткеніне.

## Диалогтар

- О, жан еркем, не қалайсың менен сен?
  - Болды, жаным, өзінменен тең көрсен.
  - Айтшы, Апа, сенде нендей бар тілек?
  - Бөлме нанды бүтін және жарты деп.
  - Сен ше, асыл қарындасым нұр жүзді?
  - Жылатпауды мен сияқты бір қызды.
  - Жомарт көке, сен не дейсің ініңе?
  - Айырмасы бар мен жоқтың құны не.
  - Әке сен ше?
- Қабір жактан естідім:
- Өлгендерді ғайбаттама еш, Күнім.

\* \* \*

Тентек жігіт десін мені қай теңім,  
Қызбалықтан бүлінемін, қайтемін.  
Сол кездері ойланбастан біреулер,  
Жаман жандар шығар дейді әй, тегің.

Тентекпін-ақ, бірақ текке тимегін,  
Тиістің бе, онда отыма күйгенің!  
Біліп алғын батыр киген сауыттың,  
Омырауында аман қалған түйемін!

## ҚЫЗЫЛҚҰМ

*Ә.Тәжібаевқа*

### I

Қызылқұм майға бөккен тары дерлік,  
Өзіндей момақанның бары да ерлік.  
Кеудемді көптен буып келе жатқан,  
Сағыныш саған деген сары белдік.

Момақан ішін емес, сыртын ғана,  
Аунаған ауық-ауық бұлтың нала.  
Есіме түсіп кетті қай-қайдағы,  
Қап қойған балалықтың жұртын кара.

Сексеуіл семіп қатқан сертім дерлік,  
Шілденің бірге талай өртін көрдік.  
Жүргеннен шығар демеп құм қызыры,  
Тағдырға көрсете алсақ бертінде өрлік.

Қып-қызыл жалын шарпып құбыланы,  
Шалдығып шашақты Күн жығылады.  
Алмастың жүзіндей құм салқын тартып,  
Аптапта астар барын ұғынады.

## II

Қызылқұм қызыл мейіз қатқан, білем,  
Қатталып құпиясы жатқан кілең.  
Әтештің айдарындай Ай да туды,  
Шағырмақ жұлдызды көк мақпал кілем.

Дедім бе мақпал кілем, теңеу ғана,  
Қоса оған қайың деймін селеуді ана.  
Айрандай ұйып қалған тыныштықты,  
Бұзады қызыл қурай бебеу қаға.

Қызылқұм жылтыраған салқын түсің,  
Айдаһар қорып жатқан алтынбысың?  
Қызылды Қызыр көріп жүретұғын,  
Сезеді моп-момақан қалпынды ішім.

Момақан дегенді мен қайталадым,  
Куә етіп көктің толған Ай табағын.  
Бұп-бұйра бүктетілген бұйығы құм,  
Сонда да бүлк етпейді байқағаным.

Қызылды жел көтерген көрсең келіп,  
Көшкендей үрей салар сең-сеңге еріп.  
Тынымсыз құм тірлігі ыстық маған,  
Себебін айта алмаймын берсең де ерік.

## III

Қызылқұм үрлей соққан үрме құмды,  
Көтердің кеудемдегі бірде мұнды.



Сағыныш саған деген сары белдік,  
Шеше алмай, білесің бе, жүргенімді?

Бүк түскен ішін тартып бүкір белін,  
Қарандап көрінгенге шүкір дедім.  
Ажары солғын тартқан жарымжан Ай,  
Көңілсіз қоя салған үтір ме едің?

Бұлттай шуда-шуда шұбырмалы,  
Еседі бір қалыпты құм ырғағы.  
Төбеде томсырайып отырмын мен,  
Бүркіттей томағалы тұғырдағы.

Қоңыр күз оңған өңір кимешегі,  
Керуен күндер кешкен күйде есебі.  
Өшірген өртей-өртей өз қызуы,  
Қызылдың құмы салқын күй кешеді.

#### IV

Қызыққаның қызылдың бұлауына,  
Әбділда аға, көңілдің құлауы ма?  
Құмжуасын қыздармен теріп жүрсең,  
Құмәнім жоқ біріне ұнауына.

Қыстағыдай сеземін түн тағы ұзын,  
Қаптап неге кетті екен мұнша ызың?..  
Қызылқұмды сағынып жүрмін мен де,  
Барсам сөзсіз әкелем құм сағызын.

Құм бұлауын аңсаған қарт ақыным,  
Анық бірін өзіне тартатыным.

Мамыражай тірлікті кеше бергін,  
Манғазданып жатқанда марка құмын.

Қалың құмда түсінде адасқаның,  
Өмірге үлкен өңінде жол ашқаның.  
Қызуы өткен Қызылдың табанына,  
Тарлан ақын таппасын толас жаның.

Қып-қызыл құм, Қызылқұм, қызыл бұлау,  
Терезеден телмірген күзің мынау.  
Тасыр тартқан ішектей талғам білмей,  
Қайран көңіл мұң еміп үзілдің - ау.

Жо...жо...жоқ мұны айтқан мен емеспін,  
Сағымды сағынышқа теңемес кім?..  
Қып-қызыл жүрегімді жалау етіп,  
Қып-қызыл құмда желдей келеді ескім.

## БЕСІН

Шибөрілер шулаған іргесінде,  
Қараша ауыл қарманып тұр бесінге.  
Көлеңкесін айнала қуған күшік,  
Қозы-лаққа көрінген үрмесін бе?

Алма жүзі албырап кірпікті Күн,  
Тұрғанымен ыстығын іркіп бүгін, —  
Қасқа бұзау қағынып қырға қашты,  
Шалдуарды шалт мінез үркітті кім?

Мыртық бойлы көк түйнек сыр түйеді,  
Естен шықпас ерекше бір күй еді.  
Кер кеуректің жамылған көлеңкесін,  
Кесірткенің кірпігі кіртиеді.

Шал есекте, келеді ол тайқар мініп,  
Бұл көріністі әлдекім айтар күліп.  
Алдырмайды бел-белес аспа қанша,  
Бөрі бұққан мұндайда сай тар бүлік.

Шығаратын көңілдің әрі-сәрін,  
Кілкі жүзген алды-арты бәрі сағым.  
Кең далаға шапанын жая салып,  
Басын қойды намазға сары шалың.

Кенезесі даланың кезереді,  
Әулие қарт не жайды сезер еді.  
Төмамдалып талқаны бүгінде оның,  
Баласының соңынан сөз ереді.

\* \* \*

Көңілдің орындалған қай керегі,  
Сары шал біздің үйдің бәйтерегі, —  
Сұрау белгі секілді көленкенді,  
Сүйретіп жүре берсең қайтер еді.

Керіңе кердең қаққан дүзін жайлы,  
Шалығы шалып жаздың қызынбайды.  
Сияқты жарық қамыс жалған мына,  
Ішектей ішін тартып ызындайды.

Құнысқан құбылаға құласа Күн,  
Үріккен үркек оймен ұласа мұң, —  
Көгілдір күлдей анау көз алдымда,  
Бұлың-бұлың ойнайды бұла сағым.

Жүретін меже еткен өзі жер ғып,  
Со сағым сары шалдың көзі дерлік.  
Тезіне талшық болса тіршілігі,  
Әркілы арқау еді сөзіне ерлік.

Сары бел сағым кешкен сарғалдақты,  
Қаларын ақжемденіп аңғармапты.  
Қонысы қоңсы қонған со бір шалды,  
Қоян жон қойнына алып саржал жатты.

1973

Тосып, тағдыр, тірліктің мұнды ырғағын,  
Жас қанымда ойнаған күнді ұрладың.  
Биылғы жаз ештеңе өндіре алмай,  
Биылғы жаз ештеңе тындырмадым.

Жыр бұлаққа ерекше күн арналып,  
Іше алмадым құныға құмар қанып.  
Сокқыдан соң сокқыға шыдамастан,  
Көңіл көзім кеткендей тұманданып.

Жаз үзіліп табиғат сабағынан,  
Мұнды күздей жанымды табады ән...  
Жүре алмастан келемін қарсы қарап,  
Қар жауғандай өмірге қабағынан.

Жанарымда атпайды таң күліп те,  
Құлақ жарған ендеше жаңғырық не?  
Бір жол менен бір жолдың арасында,  
Өтер ме екем адасып мәңгілікке?!

## ДАРИЯ ЖЫРЫ

*Есенгали Раушановқа*

### I

Жидесін желше қағып бала-шаға,  
Тойынар тоғай еді жағасы, аға, —  
Дария жонын неге көрсетпейді,  
Кенелтпей жатыр қалай тамашаға.

Мап-майда толқын тербеп Ай тағаны,  
Түгінің түпте екені байқалады.  
Ентігі басылмастан ескен желдің,  
Жас талдың жалаң басы шайқалады.

Тірлікке мынау түсер араша кім,  
Салқыны бойымды алды қарашаның.  
Ақ үйге алты қанат ағаш іздеп,  
Жүретін тоғай еді бара, шалым.

Торында көктегі сан ою қалып,  
Барады қараңғылық қоюланып.  
Жүп-жұмыр жұлдызды аққан қас қағымда,  
Жалғыз көз аспан жұтып қоюда анық.

Көңілсіз Айдың-дағы жүзгені ме,  
Өнімді тостым салқын күз лебіне.

Ағаштар адамдардай әсер етті,  
Уақыт табы түскен жүздеріне.

## II

Отырмын оман дария сағасында,  
Ашылған бал шағымның бағы осында.  
Миясы күдіс жонның жал-жалданған,  
Желігін желең желдің бағасың ба?

Су беті бұйра-бұйра толқынданып,  
Адамға танытады салқын қалып.  
Қызылдың бұлтынындай ұстатпаған,  
Жағаға басын артып жол тынды арып.

Қауыннан қалған ұксап бір тілімге,  
Шырылдақ отыр жиде бүртүгінде.  
Алыста Ай алтыбақан тепкендей ме,  
Тербеліп дарияның тұр түбінде.

Бұлаудай бусанып ап құянға өткен,  
Сағынтып жүретұғын ұям көптен, —  
Құс шалған лашындай жеткен едім,  
Ұстатпай кетті бірақ ұян көктем.

Табиғат тамаша бір қалпың қалып,  
Күн нұры батқанымен жалқынданып, —  
Қарасу қаймақтанып тұрған кезде,  
Бәрібір ұстатпайды алтын балық...



### III

Қызғалдақ тұнған анау қыр етегі,  
Лүп еткен желең желден дір етеді.  
Қария төбе үстінде төңкерілген,  
Өмірдің жұмбақтығын сыр етеді.

Ауылдың тамашалап кешін, көркін,  
Отырмын төбенің мен төсінде еркін.  
Баламын жұмбағында жұмысым не,  
Көкжиек көзді тартқан есіл-дертім.

Қыбырлап әлденелер қозғалатын,  
Жайына апам айтқан сөз қалатын.  
Елітіп ұзақ кейде отырушы ем,  
Жамылып алғанынша боз дала түн.

Білмеппін сіңіп көкке кетерін мен,  
Сондағы бір түтіннің жеке өрілген.  
Жылтылдап көзге ұратын дария да,  
Көкжалдың жонындай боп көтерілген.

Арбайтын жанарымды сағым кешкі,  
Сағымда қанша бала бағым көшті.  
Ойымды бұзды апам айқай салған,  
Білемін жоғалған бір табылды ешкі.

### IV

Оман дария жағасы... бүргенді құм,  
Алыс сал менен бүгін іргенді мұң.

Жосаға малып алған құбыла жақ,  
Құндыздың жонындай боп түрленді мын.

Күз түсіп, жаз тоғайдан қонды да алыс,  
Топ шеңгел топса болмай тонды қамыс.  
Сары жел шала құйрық шалдықпалы,  
Үйіріп тұр қалдырмай жонды қалыс.

Қайткенде қайтарам деп күн өтемін,  
Санамда сан ойларды түлетемін.  
Қамырдай созылған кеш қоюланып,  
Қылымсып қымтай түсті түн етегін.

Ілмиген Ай аса алмай тал басынан,  
Шөниіп жатып алды жамбасынан.  
Тораңғыл төбесінен түскен сәуле,  
Аумайды бойжеткеннің шалмасынан.

Табылмас секілденіп іздегені,  
Жалғыз көз аспан жұтаң жүзденеді.  
Сары бел сартаптанған ажары да,  
Сары жел шаршап-талған күз демі еді.

Қоздаған шок секілді ойымды үрлей,  
Соқты жел ішін тарта тойым білмей.  
Жағада жүрмін ертіп көлеңкемді,  
Миямен пісіп-толған бойым бірдей.

## V

Жүгірген солғын бояу реңіне,  
Жапырақ қарашаның жүрегі ме?!

Жон асып қырын тартқан қылаң жол да,  
Жатқандай қыр көрсетіп Сыр еліне.

Сары бел сартаптанған соны айтады,  
Сары жел шаршап-талған соны айтады.  
Құмандай бөтегелі қырғауылы,  
Тоқымдай тозып қапты тоғай тағы.

Шығармас атасы айтқан жырды есінен,  
Балалық өлең болып бір несібен, —  
Қиссаға ұйып үйде отырғанда,  
Ұлитын шиебөрі ауыл іргесінен.

Толған Ай көкке ілінген алтын табак,  
Танытып табиғатқа салқын қабак, —  
Тораңғыл сып-сидаң боп көрінетін,  
Әлдекім тастағандай алқымдап-ақ.

Топ шенгел топсандағы құлағымды,  
Қылықпен қытықтайтын бұлақ үнді.  
Дария жоқтап тұрмын жағанда мен,  
Ұзаған бұлдыр-бұлдыр бұла күнді.

## VI

Үн-түнсіз қала аламын қалыс қалай,  
Жайлады көңілімді таныс маңай, —  
Санамның түкпірінен көтеріліп,  
Ауыл... Тоғай... сонан соң алыстағы Ай.

Көмулі жатқан шоқтай күл астында.  
Сағыныш сабылысқа ұластың ба?

Қамысын жел тербеген Байтоғайдын,  
Құладым құшағына қыр астым да.

Жанымның жабырқаса сүйенері,  
Не деген су сылдыры киелі еді.  
Толқыны бұйраланып баяғыдай,  
Түсіме Сырдария жиі енеді.

Киіздей қаққан кезі күздің бакты,  
Салқыны өтіп талға сыздың жатты.  
Ауыл... Тоғай... сонан соң алыстағы Ай  
Бұл деген әңгіме емес тізгін қақты.

\*\*\*

Таудан түсіп келе жатыр салқын күз.

Салқын күзде баққа шықпас Алтын қыз,  
Сал сағыныш жалықтырма шарқ ұрғыз, —  
Екеуміз де табиғаттың сәбиі,  
Найзағайдан тамып түскен жарқылмыз.

Орман жақтан күз келеді сары ала.

Сары алаға кінә тағып бола ма,  
Ол да, мен де құмартпаймыз далаға.  
Әйтсе де, дос, тіршілікте тынымсыз,  
Кеудесінде оты өшкенге балама.

Сері көлдің құс базары таркады.

Тарқар бөрі, жастығың да арқалы,  
Самайлардың қуаң тартып әр талы.  
Қорқыт кеуде, Асан қайғы жүрекпен,  
Барып-барып үзіледі қарт әлі.

Өзен кешіп келе жатыр күз күні.

Анғара да бермеспіз-ау біз мұны,  
Жанымыздан өткенінше сыз-мұны.  
Бәрі-бәрі сарқылады, тек қана  
Сарқылмасын адамдардың ізгі үні.

Таудан түсіп келе жатыр күз күні...

## ТҮН ТЫНЫСЫ

### I

Ерекше бір еңселі күйге оранып,  
Түн ішінде келемін үйге оралып.  
Қала шеті. Тыныштық. Аспалы шам.  
Сұлу көрініс. Көңілім түйгені анық.

Тіршілікті тұңғиық әспеттеген,  
Жұлдызды көк жанардай жас төкпеген, —  
Кірпік қақпай қарайды айналаға,  
Қиялымды қиянға тастап келем.

Таң тірлікке тынығып жалғанғалы,  
Кран мүлгіп тұр, әне, талған қары.  
Жасыл бақ та, базар да, бас пошта да,  
Түн бесікке бөленіп алған бәрі.

Үзілмеген үміттей жол қашанда,  
Тірлігімді дегендей жалғасам ба, —  
Ескерткіштің қалғыған көлеңкесі,  
Қозғалақтап қояды анда-санда.

Шашыраған шамдардан нұрды ішіп мын,  
Алып жүрек қаланы тұр құшып түн.

Ілбіп келем, артымнан ілеседі,  
Шәуілдеген дауысы бір күшіктің.

Кеудемдегі тәтті арман қиян жүздің,  
Көкірегіме сал демін құям күздің.  
Алып қала түс көріп жатқанымен,  
Шамы өшпепті үйдегі ұяң қыздың.

## II

Түн ортасы қаланы кезіп келем,  
Қою бұлт. Қараңғылық. Сезіктемем.  
Бала кезім түседі жиі есіме,  
Әліппені алаңсыз ежіктеген.

Кәрі емен тік тұрып ұйықтаған,  
Алыптай бір көрінді тұйық маған.  
Жұмыр жұлдыз сап-салқын сәуле төккен,  
Жансыз жанар секілді күй ұқпаған.

Айта алмастан тұрғандай Ай бір өнін,  
Енжар ғана көзімді тайдырамын.  
Қараңғыны қармаған қайран көңіл,  
Қандыра алмай жүр дейсің қай құмарын.

Түн ортасы, қаланы кезіп келем,  
Салқын лебін тағдырдың сезіп денем, —  
Бала кезім түседі жиі есіме,  
Әліппені алаңсыз ежіктеген.



## ТАУДАҒЫ ТҮН

Тыныштық ішін тартып бір бақты істі,  
Сақылдап тұр сары аяз құрғақ тісті.  
Қартадай қатпарланып қараңғылық,  
Қымтаған өлі ұйқыны сырмақ түсті.

Қос басы, қою қара кеш кірпігі,  
Айқасып көрсетеді сес түрпіні.  
Алыста қарауытып тұрып алды,  
Қаратау сілемдері ешкі үрпілі.

Тынбастан есер жел де кезген қырды,  
Ұрлайды қас дүние көзден нұрды.  
Ұласып арты кетсе боз боранға,  
Болмассың болмыс сырын сезген құрлы.

Бейбастай беттен алмай бейқам келе,  
Соқтыққан содырлықпен сойқан неме, —  
Көк боран толқын болса жал-жалданған,  
Көмілген со толқынға ойпаң кеме.

Ұрынып қалмайын деп тосын жайға,  
Көпек ит көрінгенге қосылмай ма?  
Қарайған қара албасты секілденіп,  
Қорқыныш қоздайды екен осындайда.

\* \* \*

Жиделі сайдың бойында,  
Айналып қалып ойынға,  
Адасып кеттік Еркем-ай!  
Ауыл мен сайдың арасы,  
Болатын еді жер талай.

Қарайған нәрсе қорқыныш,  
Өнбей-ақ қойды жол жүріс,  
Көкірек нені сезеді.  
Дейтұғын әжем бұл сайды,  
Қасқырлар ғана кезеді.

Қорықтың ба, әлде тондың ба,  
Беріліп жаның мол мұңға,  
Биледі үрей көзінді.  
Тығыла беріп құшакқа,  
Оятып кеттің сезімді.

Сағыныш тұнып көзінде,  
Қыдырып жүрген кезінде,  
Мұнды сыр саған шерте ме Ай.  
Бал дәурен шактан бүгінде,  
Адасып кеткен Еркем-ай!

\* \* \*

Ауылдың жаны көл еді,  
Аядай ғана көлемі,  
Аумаған шымшық көзінен.  
Арада жылдар өтсе де,  
Айнытпай өзін сезінем.

Жанарың жанған лағылдай,  
Еркем-ай, елік лағындай,  
Басына бірде барғанбыз.  
Түскенімді сонда білмеппін,  
Соқпаққа өзге, арман қыз.

Ол кезде мұнды ойлап па ем,  
Отырар едім ойнап мен,  
Омырауыңа Ай қадап.  
Тұратын бізді аспанның,  
Сүттей ақ нұры аймалап.

Оңынан туған Ай, Күні,  
Ерке еді ауыл айдыны,  
Жел сүйген қамыс, құрағын.  
Бұлығып тұрдық басында,  
Бойымызды билеп бір ағын.

Тып-тыныш жатқан айдынға,  
Құлаштап қанат жайдымда,  
Шалқалап көк тас лақтырдым.  
Күлімдеп көзің арбалып,  
Дірілдеп өзің шак тұрдың.

Жамылып мақпал түнді ізгі,  
Куә етіп қайын, жұлдызды,  
Сені еркем батыл сүйдім мен.  
Ешжерде ешкім татпаған,  
Ерніңнің балын қидың сен.

Қосылғын, досым, қосылма,  
Ең керім кезім осында,  
Өте шығыпты қас қағым.  
Жас жаным қазір өзгеше,  
Өзгеше тіпті аспаным.

## КӨЛЕҢКЕ

Сүйкеніп өтетұғын жел ең кемі,  
Сүйемін қоңыр төбел көлеңкені.  
Ерітіп емін-еркін жүре алмасам,  
Етпеспін ештеңеге елең тегі.

Сенімді серігім ол сатпас мені,  
Тарылып талқы түссе жатпас демі.  
Керілген көлеңкемсіз қайтып от Күн,  
Сүйкімді сылаң Таңым атпас та еді.

Көргенде бесін ауа ұзарғанын,  
Келтірем көз алдыма қыз арманын.  
Кеш түсе барып-барып жоғалады,  
Немесе келе-келе бұзар мәнін.

Көрдің бе көлеңкені көзімдегі,  
Ол деген сыртқа тепкен сезім легі.  
Аурудай көшсе өңіме кірпік асып,  
Алатын сауықтырып өзінде емі.

## ТЕҢІЗ

*Темірхан Медетбекке*

Балаған ең теңізді, аға, асылға,  
Тұрмын, міне, құмдауыт жағасында.  
Шамасында байқадым көкшуланның,  
Көкшуланның аңғардым бағасын да.

Көріп тұрмын ақ езу дүрбеленін,  
Осы екен-ау толқынды жыр дегенін.  
Бір көремін Мұқанша деп жүрген ем,  
Қалайша мен қаймығып сыр беремін.

Жүрегіме ұқсаттым шағаласын,  
Бар білемін айдында, аға, аласым.  
Жағаласын құрлықпен көріп тұрып,  
Неге жүрек кеудемде камаласың?!

Беріледі ақынның жаны мұңға,  
Асау толқын бас ұрды, тағы, құмға.  
Сағымың да арбайды жанар сорып,  
Қандастармыз, ей, теңіз, таныдың ба?!

\* \* \*

Дегендей бейуақыт жонды кезбе,  
Кірпіктен ауып ымырт қонды көзге.  
Қызылқұм...Сырдария...Қараша ауыл,  
Түсіме жиі енеді соңғы кезде.

Болмайтын шығар күтіп қайыр тегі,  
Ұлыған бөрі желден Ай үркеді.  
Былырдан қалып қойған кер кеуректің,  
Екпінін иір мойын сай іркеді.

Керілген кермедегі кежім керді,  
Баптаған шалды талай көзім көрді.  
Қыздырар еді қымыз кеседегі,  
Қайрақтай қатқыл тартқан сезімдерді.

Ауылдың қызығы бұл шалған қызыр,  
Аумайтын жастық кешкен салдан ғұмыр.  
Ұйқымнан оятады түртіп кейде,  
Кеудемде со бір кезден қалған дүбір.

Түртпектеп тынбай жүрген іркіп демін,  
Қария тұратұғын сүртіп терін.  
Қызылқұм қызарандап жатушы еді,  
Қызыл Күн қадағанда кірпіктерін.

Айналып ертегіге кетерін мен,  
Сезбеппін со бір шақтың от өрілген.  
Дария жатар еді жал-жалданып,  
Көкжалдың жонындай боп көтерілген.

Дегендей бейуақыт жонды кезбе,  
Кірпіктен ауып ымырт қонды көзге.  
Қызылқұм...Сырдария...Қараша ауыл  
Түсіме жиі енеді соңғы кезде.



\* \* \*

Шылымшы қайның шығып кеткенше шығанға,  
Артынан бағып: — Қыз қараушы ма еді — бұғанда, —  
деуші едің енді көсеуден көзді алмайсың,  
Ұғам ба?!

Сабактап әзіл сабау қайныңмен күлкі үшін,  
Түгендейтінсің қыз-қырқындардың түр-түсін.  
Жақтауда тұрған жалғанның, өттен, білмепсің,  
Түлкісін.

Ыржия күліп, аударып көзін үзікке,  
Бос белбеу бозбас тұрғаннан өткен қызық не?  
Көгеннен кашқан қозыдай сонда көңілді,  
Бұзықде.

Соқталдай жігіт алдында тұрса ойын ба,  
Отырар едің он саққа кетіп ойың да, —  
Шағыр күлтесі секілді бір зат дірілдеп,  
Қойында.

Қытықтайды білем жүрегін салған қыз әні,  
Әзілге сүйеп сабау қайның да ұзады.  
Ағамның даусы ойыңды оқыс жеңеше,  
Бұзады...

## ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ ҚАЗАСЫНА

Ей, Кеңсай, енді ненмен таң қыласың,  
Қойды-ау басылмай-ақ шаңды басың.  
Төгіп тұр таңсық болса тағы бүгін,  
Қазақтың қара өлені қанды жасың.

Ашылмай аждаһа көз, сес қабағы,  
Көңілді қаузап ажал есті алады.  
Соңына толқын-толқын топты ертіп,  
Келеді Кеңсай бойлап көш қаралы.

Көзінен бұлбұл ұшқан сөз ғаламы,  
Селеудей жел шайқаған қозғалады.  
Қара өлең сен де жетім, мен де жетім,  
Боздатқан бота даусы боз даланы.

Тау шөгіп, жатыр, әне, жылап айдын,  
Бұның не бұлты ауған бұлағай күн, —  
Түгендеп жүрген жырдың ер-тұрманын,  
Қарасы емес пе еді ол ұлы Абайдың.

Айтылар сап-сап көңіл сан ырғасы,  
Қаралы қара құрым қабір басы, —  
Күзелген күміс жалы күрең қасқа,  
Қайысып өлең қалды қабырғасы.

*23 ақпан 2001*

## АҚ ҚАЙЫҢ

(Баллада)

Гүл жүзі жердің күлдіреп,  
Өртеніп жатты бар маңай.  
Тіршілік құмар бір жүрек,  
Дірілдеп тұрды, жалған-ай.

Жабырқап қалды жасыл бак,  
Шаттығын тонап ерте күз.  
Көзінен ұшқан асыл шақ,  
Бұл күнде оған ертеқ із.

— Қызығымды жатса күз ұрлап,  
Мен неге мұңға батпайын, —  
деп баяу маған сыбырлап,  
Бір сырын айтты ақ қайың.

— Оранса түнге бар әлем,  
Келетін баққа қос ғашық.  
Ару Ай, олар және мен,  
Кеткен ек көптен достасып.

Махаббатымызға шоқтайын,  
Жүректер соққан тыншымай:  
«Куә бол дейтін, Ақ қайың,  
Куә бол дейтін, сыршыл Ай».

Жастықтан өткен отты не,  
Алысып қызбен қол бақта, —  
Арада күндер өтті де,  
Аттанды жігіт солдатқа.

Қос көктем өтті ән салып,  
Үмітін ару үзбеді.  
Сағынып жарын соншалық,  
Сырласы етті қыз мені.

Айлы бір түнде келіп ап,  
Құшақтап ұзақ тіземді:  
«Ақ қайың, сырлас, сері бақ,  
Жолықпаспыз», — деді біз енді.

Аймалап бақты таң атты,  
Жанардан моншақ төкті-ай кеп.  
Сол кезден бері канатты,  
Арада зулап өтті ай көп.

Көремін қазір еркемді,  
Су алып көлден қайтарда.  
Махаббаты оның ерте өлді,  
Ол сырды бізге айтар ма?

Айтпайды, жоқ, жоқ, айтпайды,  
Жүрегі қатқан тас болып.  
Солдаттан жігіт қайтпайды,  
Жиырмада қалған жас болып.

— Қызығымды жатса күз ұрлап,  
Мен неге мұңға батпайын, —  
деп баяу маған сыбырлап,  
Осы сырды айтты Ақ қайың.

## ЖЕЛТОҚСАН, 1986

Қарпыған, қара суық, жалғанды өктем,  
Ақиқат қар астында қалған деп пе ең?!  
Еркіндік етек басты кезең кешті,  
Өтінде тұрып желдің алған беттен.

Мезгілсіз алма үзілді үсік шалған,  
Құрыққа тай сүрінді түсіп қалған.  
Қақалып бура қалды көбігіне,  
Алғанда тірсегінен күшік жалған.

Жарқабак жантақ біткен өр шеті еді,  
Жарасар қозы-лағы өрсе тегі.  
Қара нар келе басы кырын қарап,  
Келеңсіз қылық неге көрсетеді?

Бармайтын байыбына ештеңенің,  
Сұрқыннан сұп-сұр болған сескенемін.  
Қатықсыз қара көже сияқтанған,  
Желтоқсан тесік өкпе не істегенің?

\* \* \*

Көбең көңіл көпсіген бір күй еді,  
Күйзеу күздің қабағы кіртиеді.  
Қызыл шақа Күн батып ұясына,  
Қатпар-қатпар Қаратау сыр түйеді.

Орамалдай, ойпырмай, оңған бұл күз,  
Қымтап апты аймақты толған шың-күз.  
Қырық құрау түндіктен шұрық-тесік,  
Тығылады көзіме тоңған жұлдыз.

Қалатұғын көңілің құлазып-ақ,  
Ұрыншақ жел далада тұр азынап.  
Күннің бағып райын күрсінемін,  
Тартып алып ақаңнан біразырақ.

Құла дүз құрдым қағып керіледі,  
Есінеп марғау тірлік ерінеді.  
Созылған шетсіз-шексіз кеңістікте,  
Шақа Күн шықпастай боп көрінеді.

Табылмай тағы өмірдің түп-тұрағы,  
Құрдымға құйын ойды ықтырады.  
Мардымсыз жанған май шам, мардан шайла,  
Мазасыз тірлік барын ұқтырады.

## ӘН

Әй-әйдің ауылына сан барғалы,  
Қаншама тамашаны таң кармады.  
Қуалап аққан қандай тамырынды,  
Ақ бұлақ шапшып жатқан аңғардағы.

Шығармай қойып қызын «түрмесінен»,  
Әжесі тандырғанда бірде есінен, —  
Қыз жанын қытықтады назды ырғақпен,  
Ән салып ауылының іргесінен.

«Арша едің біткен жалғыз тау басына,  
Қоймайтын аңсарлардың аумасына.  
Қарадай қасқалдақ қыз інкөр болып,  
Сақина тілеп алдым сау басыма.

Сарғайып сары белден таң да атады,  
Азабың сезем жанға сан батады.  
Аттанып бара жатқан Алдиярын,  
Өзіңе ән сәлемін самғатады.

Кездесу болады бір алда тағы...»

Атқарып қалтқысыз қызметін,  
Ән солай барып-барып үзілетін.  
Денесі от боп жанып қыздың үйде,  
Моншақ жас кірпігінде тізілетін.

\* \* \*

Аршаны тұрған анау күлтеленіп,  
Жалынын жел тербеген білте делік.  
Қиянға қимай карап тұрған қу қыз,  
Сырт көзге секілді бір үркек елік.

Қыраттан қия тартып асқан құла,  
Дегенге келер тасты басқан қына.  
Артына қарай-қарай кете барды,  
Сыралғы сыпсың сөзден жасқанды ма?

Мезгілсіз сезілгені күздің қатты,  
Жанына жауқазындай қыздың батты.  
Бұл деген жүрдім-бардым қарайтұғын,  
Көңіл-күй емес еді тізгін қақты.

Байламы болмай кеуіл жайланған ба,  
Не жетсін аспандағы Айды алғанға.  
Көз деген қиын екен қимаған соң,  
Сөз деген қиын екен байланғанда.



## ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ІЗІМЕН

### I

Қоянның құмда көрдім зымдағанын,  
Жыраудың тойда көрдім жырлағанын.  
Шалынып қалды көзге бастанғыда,  
Бозбала үкіліме ымдағаның.

Ала үйрек көлдің бетін сызғылайды,  
Тұсауы кесілмеген жүз құлайды.  
Оқыстан от тигендей ойсыз істен,  
Білсеңіз жараланып қыз жылайды.

Шілдеде шыбын қаққан сиыр қасқа,  
Түбінен бұлақ атқан үйір тасқа.  
Үкімді үркек елік секілденген,  
Жүрмеңіз тұншықтырып түйір жасқа.

Өседі дейді Сырда мия қалын,  
Мияға кеш баруға ұяламын.  
Тіл-көзден сақтап баққан қарағымды,  
Қалайша қиянатқа қия аламын.

Алмас тіл айтып салды айта алмасты,  
Мама қаз мамық жүнді байпаң басты.  
Бақыты барған жерде ашылғай да,  
Қос қылаң жүген қакқан қайқанды асты.

## II

Қанындай қасқалдақтың түспей қолға,  
Телміртіп қойдың, қарғам, қара жолға.  
Көңілім саған деген қашаннан да,  
Үстінде су шайқалмас ала жорға.

Арғымақ арқырайды байлаудағы,  
Ауылдың у-шу болса сайлау жағы.  
Көз сүзіп көрінгенге кеуіл сатпай,  
Жігіттің сүйген жарын ойлау бағы.

Беленнің бетегелі дуадағы,  
Қырғидан құтылғанға қуанады.  
Онаша берген, жаным, уәденді,  
Көңілім медет етіп уанады.

## МҰҢЫМА

Сотқар жел ысылдатып ыспа құмды,  
Тұрғанда ішін тартып тыста мұнды.  
Қалайша шығарамын мен жадымнан,  
Қайыстай қабырғамнан қысқаныңды.

Ілінген кермек сырдың шырғасына,  
Таттанған ұксап кердің сырғасына, —  
Сылаң таң қырыс атты, күн бұзылып,  
Қанталап көзі шықты қыр басына.

Қан шапақ құммен бірге жел көтерген,  
Жасырын тағы да бар бел кетер нең?  
Жатаған там жасытты жас жанымды,  
Көк нөсер көңілді аулар селдетер ме ең.

Қыз алыс, ұшқыр қиял алып ұшқан,  
Үзілді үмітімдей бағы қысқа ән.  
Жете алмай түбі, Мұңым, ұштығыңа,  
Сабырдың сағы сынар сағыныштан.

\* \* \*

Шеткерірек базардың бір бұрышы,  
Күшік сатып шау тартқан тұрды кісі.  
Мұнның түсіп көзіне көлеңкесі,  
Алған бүгіп құпия сырды іші.

Байғұс шалдың өкпесін қысыпты не,  
Тұр алқалы саудаға түсіп, міне.  
Қарияны аядым тірлік қуған,  
Қыңсылаған аядым күшікті де.

Қолсыз жеңін қарына алған іліп,  
Ағылған жұрт қарайды шалға күліп.  
Үш-төрт бала қаумалап қоршап алды,  
Сауда иесі сабырсыз жалғады үміт.

Хабар берер қарбалас шақтан күндіз,  
Жапырақтан алқаны таққан бұл күз.  
Көз алдыма ит келді жанарынан,  
Есениннің итіндей аққан жұлдыз.

Жығыл, тұрғын алдыңнан жеңіс күтпе,  
Өмір жардан сонда да ең ыстық не?!  
Қос тірліктің жаңғырып құлағымда,  
Тұрды үндері ілінген кеңістікке.

## ТУҒАН ЖЕРДІҢ БЕЛІНДЕ

Әлдене кеудесіне түйді есебі,  
Сарғайған сары күзде кимешегі, —  
Терідей тұз себілген теңбілденіп,  
Бүкір бел бұйығы бір күй кешеді.

Қара жел қалтандатқан бозғыл көде,  
Сен дағы түсім онып тоздым деме.  
Құбыла қызыл іңір қылаң ұрып,  
Сексеуіл шоғындай боп қоздың келе.

Шудадай ширатылған түтін кешкі,  
Шитідей кеуіп кеткен түтілді ескі.  
Қабынған қараңғылық канат жайып,  
Жұлдыздар жұтаң көңілін бүтіндесті.

Таба алмай тұрған пана бүйрек белден,  
Көңілсіз көде ойнайды күйрек желмен.  
Қабағы секілденіп тұр аспанның,  
Бұлттар бунақ-бунақ түйдектелген.

Адасқан қараңғыда Ай-балықты,  
Әр тұстан бір көрініп, қайғы алыпты.  
Селдіреп секем алған сырдаң селеу,  
Сәулеге солғын түскен байланыпты.

Көңілдің кетпей ұшып хошы желге,  
Жырымды ырзық еткен қосып елге, —  
Ат басы алтын басқан кәрі балық,  
Секілді шау тартармын осы белде.

## ТАБИҒАТҚА

Қалдым ба, ей, табиғат, тағы алданып,  
Аңызак жатыр сүле сағалданып.  
Қурайы желбіреген жез мұрттанып,  
Тұрғандай беріп мезгіл бағанды, анық.

Осылай керуен-керуен күн көшеді,  
Көңілсіз кеуіл күзбен үндеседі.  
Суыр да суық қумай тіршіліктің,  
Аумалы-төкпелігін білмес еді.

Сабырсыз алыстан бір із бағамын,  
Ашпай тұр арсын-күрсін күз қабағын.  
Күншығыс жаққа көзді тіккеніммен,  
Сағымнан әрі аса алмай сызданамын.

Ештеңе бітірмейтін «Беу» үнменен,  
Қызылы біткен қырман кеуіл деген.  
Жанымның жапырағы жарық құмар,  
Қоймайсың бәрі алда деуінді, Өлен.

Көзінде жасырынған бардай жасын,  
Қаққанда күздің күні арнай қасын, —  
Сағыныш санамдағы сары үзеңгі,  
Сабыры бітіп ерте сарғаймасын.

\* \* \*

Сере қардың үсті мұз, тұнады асты,  
Бүгін неге Күн көзін жылап ашты.  
Құбылмалы құралай өтер-өтпес,  
Көңілімнен құлдырап құла қашты:

Бұрмай көптен кетіп ем жырға мойын,  
Құла қашты дегенім құрғақ ойым.  
Бүр жарып ең ертелеу ерке қайын,  
Салқын алған дірілдеп тұр ма бойың?

Қалай айтам боз күнің озған ғой деп,  
Қалай айтам боз жейдең тозған ғой деп.  
Пешенене көрінді-ау періштедей,  
Киінгенің мезгілсіз боздан көйлек.

Бір ызғар бар ауада сабырды алған,  
Сыр ашпайды тұңғыық тамыр, жалған.  
Қайыр күтіп жатқандай көрінеді,  
Қар астында қалақтай қабір қалған.



\* \* \*

Қозғалды көкірегімнен өлең көші,  
Жазылып жаз қабағың елендеші.  
Қауынқак кептіріліп жатыр Күнге,  
Секілді жел қайықтың көлеңкесі.

Көкжиек суырады көздің нұрын,  
Тырнақтай тірлігіме төздім құрым.  
Бакбактың үлпілдеген басын көріп,  
Жанымның табиғатпен сездім бірін.

Не істейін бота жүрек боздағанын,  
Шығанға шығып кетті-ау қоздаған үн.  
Әлі де зәрі пісіп жетілмеген,  
Көңілдің күбірткесін қозғамағын.

Буып тұр аптап неге буда көкті,  
Соқыр жел соғар-сокпас шулап өтті.  
Қызылға қырын карап қыбын бакты,  
Желді аяқ түлкі қуды қуған епті.

Сәбидің мандайындай жөргектегі,  
Былқылдап тұр тіршілік жер-көктегі.  
Қайызғак қайдан қайта көтерілді,  
Емес пе сортан сордың кер кеткені?

Адасқан ұшпа көңіл қаңбақ мына,  
Көтеріп құйын құйрық жан бақты ма?  
Көгілжім көкпен кеткен Күн астасып,  
Сияқты тасқа біткен тандақ қына.

Көкжиек суырады көздің нұрын,  
Тырнақтай тірлігіме төздім құрым.  
Бақбақтың үлпілдеген басын көріп,  
Жанымның табиғатпен сездім бірін.

## ТАҒЫ ДА МӘСКЕУ САЗДАРЫ

### I

Сар кідір қар аяқты тайғанатып,  
Келем жалғыз. Барады Ай да батып, —  
Шуда-шуда бұлтқа шұбырмалы,  
Алма жүзін амалсыз аймалатып.

Алып қала аңғартып жайын күшін,  
Байкатады тірлікке пайымдысын.  
«Жықпыл-жықпыл індеткен қараңғылық,  
Жұтып қояр жұтынған уайымбысың?..».

Дедім іштей дірілдеп қас-қабағым,  
Барын біліп өмірде басқа да ағын.  
Ақ кебінін киінген айналдырып,  
Әлденеден алыс бір жасқанамын.

Ақты қарсы алдымнан жол тігінен,  
Ұзын женді қап-қара қолтығы кең.  
Жеңіл тиген жел лебі желпуіштей,  
Жүрегімнің болымсыз солқылы мең?..

Неон шамның сәулесі дір-дір еткен,  
Айы шыққан астасып тұрды көкпен.  
Қызғалдақ қыз кейіппен Вика атты,  
Кұшағыма қызулы кірді көктем.

## II

Түсіме енді тоқымдай тоғай тағы,  
Табиғаттың бұйырмай онай шағы, —  
Көңтерідей иіні қанбай қалған,  
Арса-арса айтақыр соны айтады.

Күз алқымдап тастаған тораңғылы,  
Шыдар қалай соққанда боран мұңы.  
Миығыңнан күлмегін мұртты жігіт,  
Түсінер ең көп ақса сораң мұны.

Бозаң дала босатып көштен белін,  
Сыр қоныстап, сыралғы өскенде елім, —  
Сонау жылы түмендей тұтып тұрған,  
Адасатын тоғайда ескен желін.

Омырауы құмандай қырғауыл да,  
Болатұғын жылға азық бір қауымға.  
Күн қыздырып бүйірін сыртқа тепкен,  
Көз алдымнан кетпестен тұр қауын да.

Қуырылған аптаптың от лебіне,  
Қайран ғұмыр қайырылмай өткені ме?  
Отыратын атам да ошақ кеуде,  
Қайрақ салып қазандай кетпеніне.

Түсіме енді тоқымдай тоғай тағы,  
Бұйырмастан заманның онай шағы.  
Алыс Мәскеу, жалғыздық, тыныш бөлме,  
Сартаптанған сағыныш соны айтады.

### III

Жетіліп кететұғын өзі кейін,  
Көңілді жетім қалған қозы дейін.  
Мәскеудің түні жылы пүліш түкті,  
Құбылып кетуге де көзі бейім.

Неон шам жыкпыл қуып жайған күміс,  
Аусайшы салқын назар Айдан құныс.  
Тасты Арбат табаныма қатты батты,  
Тататын таланыма қай дәм дұрыс.

Лескен толқын-толқын нұр легіне,  
Сезімді сері самал үрледі ме, —  
Тұтасып кеткен қоңыр қос көлеңке,  
Шарпылып ұшпа сезім тұр лебіне.

Жалғызбын, жанардағы түйір мұнды,  
Қызықтан қызғанамын қиыр күнгі.  
Шымшықтай шырылдаған шәлім-шөлкеш,  
Бір үміт тас-түйнектей шиырды үнді.

Қанымнан қарайғанда қасқырдаймын,  
Кеудемді зіл жалаға бастырмаймын.  
Көрініп қалмасын деп қапылыста,  
Көзімнен көңіліме жасты ұрлаймын.

\* \* \*

Күз деген қоңыр қозым қырға ағытқан,  
Күн бе енең?..Қимылынды түр бағып паң.  
Таз-басын желге тосып теңге төбе,  
Қоп-қоңыр бояу көрем жырға жұққан.

Көңілім жайдақ жаға көлең қалған,  
Жанында желбірейді желең жалған.  
Лініп аспан қапты көз ұшында,  
Көгілжім көкжиектей беленді алған.

Құлағы шалған ерте жырау жайлы,  
Қатпа шал қарсы ауылдан сыр аулайды.  
Бүйірін шоқ қарыған қара құман,  
Тыз етпе тақыс жаннан бір аумайды.

Сүрең күн сумаң тілді азан қаққан,  
Бермесе болмағайда жазанды ақпан.  
Келеді құлап қырдан қылан құла,  
Жан болмас жалғыз жарым қазан баққан.

## БАЛЛАДА

Отырдық ошақтың біз іргесінде,  
Асылып қыстың күні тұр бесінге.  
Күшік жел қыңсылайды ішін тартып,  
Боранға арты айналып жүрмесінде.

Болса да ұшпа көңіл игендерін,  
Аңқиды жұпар иіс үйден керім, —  
Ұшады шок шыртылдап шағыр көзді,  
Ошақтан ойып түсер тиген жерін.

Жүгенсіз жүрек құрғыр сезер теңді,  
Қиылып тастай бердің көз еркенді.  
Табанын алдырмайтын тартпа ойдай,  
Көңілді қаузап тұр-ау сөз ертеңгі.

Секілді ойма қарын тоярдағы,  
Сезімді ұйытқыған ой арбады.  
Иіріп иірім жанар бара жатса,  
Жанымның жанбай қалай қояр бағы.

Ық қағып таз қатқақты күйе жаққан,  
Аққа орап ұмар-жұмар түйеді ақпан.  
Дауысы естіледі үзік-созық,  
Жарғақтай қатпа шалдың түйе баққан.

Басылған көкірегімде қалып тасқын,  
Қапыста қайтты ыстығы шалық бастың.  
Қайыс кара баланың қарасынан,  
Көзімді шаңыраққа алып қаштым.



## ЭЛЕГИЯ

Көктемде көк белге шығып,  
Көп гүлмен сырласар едің.  
Көңіліңнің көз жасын сығып,  
Сол еді бір жасар жерің.

Онаша ой кешкен сәтте,  
Ойсыздау сөйлейтін едің.  
Мұндыққа ұқсаған әпке,  
Онынды қой дейтін едім.

Үзеңгі сыңғыры талып,  
Құлаққа шалынған шақта, —  
Қуанып немесе налып,  
Қалушы ең нақтан-наққа.

Көңілім көншімей оған,  
Көзіңнен сыр аулайтынмын.  
Қадалған сені мен маған,  
Жанардан бір аумайтын Күн.

Елестей өтті де кетті,  
Әпкетай, қызық дәуренің.  
Бір келіп кетсеңіз нетті,  
Мен болсам іздеп әуремін.

Көктемде көк белге шығып,  
Қайтадан кезігермеді.  
Көңілдер көз жасын сығып,  
Ет жүрек езілер де еді.

## КӨКТЕМ

### I

Табиғаттың бұлжымайды заңы кіл,  
Ақпан өтіп, шешек атты тағы гүл.  
Өзендердің бүйректері бүлкілдеп,  
Еркіндікті аңсап жатқан шағы бұл.

Ақ көйлекті алма ағашы бүр жарды,  
Жусан иісі кернеп кетті қырларды.  
Жалғыз ғана алып таулар басында,  
Мен ұқпаған аппақ қар мен сыр қалды.

Күн де шықты ұясынан нұрланып,  
Жатыр, өне, қызғалдақты қыр жанып.  
Алтынкүрек жылы жүзді жолаушы,  
Тереземнің жақтауынан тұр қағып.

### II

Боран, құйынның шуынсыз,  
Тобықтан қаққан көк тайғақ, —  
Бұрым тарқатып буынсыз,  
Бұрылыстармен кетті ойнап.

Көк белдер жүзген көсіліп,  
Көз көрер жерде көк сағым, —  
Көңілдің көгін өсіріп,  
Келмейді әсте тоқтағын.

Омырау жуды көк көлге,  
Сағынып ұшып жеткен құс.  
Тіл бітпей ерке көктемге,  
Бұлқына алмас тектен күш.

Қонырау көмей, жез тандай,  
Аспанда қалса ілініп, —  
Бармақтай жыршы бозторғай,  
Көрсетіп тұрған ірілік.

## АРЛАН

Көзден ұшқан азулы бұла шағы,  
Кәрі арлан кәрлене қыр асады.  
Айға карап ұлыған дауысына,  
Азынаған жел үні ұласады.

Ілінбестен ештеңе тырнағына,  
Үшінші күн ашылмай жүр бағы да.  
Алас ұрып келеді Ай астында,  
Ажал күтіп аш өзек тұрғаны ма?

Аярылтып қалмаған өзге амалы,  
Шандаталы ызалы боз даланы.  
Жайтартқыштай жасыл көз қалған бағыш,  
Бір қарайған алыста қозғалады.

Ауызынан ажалдың қалған шын ба,  
Жұмбақ ізге түсті ақыр салған тынға.  
Орап алды аспанды ақ тандық шаң,  
Көтерілді жөн жүні арданның да.

## ШЫҢЫРАУ

Шыжыған шілде шөлде сыр ұқтырды,  
Көрсетіп жолаушыға қылық түрлі.  
Шымырлап шыңыраудан шыққан суға,  
Қанындай касқалдақтың құнықтырды.

Қалды да манағы бір ән жайына,  
Салқын су шықты тер боп мандайына.  
Бүйрекше бүлкілдеді кас қағымда,  
Тактайдай такылдаған тандайы да.

Бас қойған бағанадан кер төбелі,  
Бастығып тұла бойдан тер төгеді.  
Өрт енеді ауамен көкірекке,  
Аспанда алып шар Күн өртенеді.

Шарпыған табиғаттың өзге демі,  
Жолаушы су қадірін сезген еді.  
Таттырған тандайларды мына сусын,  
Түбінде шыңыраудың көзденеді.

\* \* \*

Шалқалап сүйек лақтырдың,  
Шағылып Айға білегің.  
Мен болсам ессіз шақ тұрдым,  
Бұлқынып бұла жүрегім.

Жалғанда болса сонда бір,  
Арлы да берлі із кестік.  
Түспейтін сәтте жонға нұр,  
Соңынан барып жүздестік.

Аңғармаппыз-ау сол кезде,  
Балалығымызды үзілген, —  
Сенің де алма жүзіңнен,  
Менің де алма жүзімнен.

Қолымның ұшын ұсындым,  
Қолыңның ұшын ұсындың, —  
Ержеткен ұл ем қысылдым,  
Бойжеткен қыз ең қысылдың.

Көпшілікпенен сабылып,  
Алқынған жүрек басылды.  
Ай кара түндік жабылып,  
Айқара құшак ашылды.

Сезімді кеткен енсеріп,  
Кездесе бермес бақ мұндай, —  
Құшағымда тұрдың теңселіп,  
Теңселіп көкте шак тұрды Ай.

Сондай да сондай түн өтті,  
Сондай да сондай күн өтті, —  
Талдырып талма білекті,  
Қалдырып жолға жүректі.



\* \* \*

Таң алдында сен оны оятпағын,  
Толқи қарап жүзіне тояттағын.  
Кеудесінде тіршілік тыныс тауып,  
Санасында басуда ой аптабын.

Токта, токта, шошытып тұйық кісім,  
Аласарма алдында, биікпісін.  
Жаны егіліп еріксіз түсінде ол,  
Көріп жатқан болар-ау сүйіктісін.

Қозғалмастан аққуға қара қатып,  
Жүрегіне жүрмесін нала батып.  
Құлар қатты тиіспе сағынышына,  
Ақбоз атпен ағызып бара жатып.

Таң алдында сен оны оятпағын,  
Елти қарап жүзіне тояттағын.  
Кеудесінде тіршілік тыныс тауып,  
Санасында басуда ой аптабын.

## ДҮНИЕ ЖАНАР

Көгілдір әлем көктемін,  
Көшірген қартың көзіне, —  
Күрсінді төге от лебін,  
Тынысын соңғы сезіне.

Тұр нұры күннің құйылып,  
Ауамен бірге түндіктен.  
Ағайын отыр жиылып,  
Шипасын күні-түн күткен.

Қарамай берген қарт асқа,  
Кетерін айтты айықпай.  
Соғылды тірлік жартасқа,  
Күйреді жүрек қайықтай.

Шау тартқан шәулі жасында,  
Басылды жара солқылы.  
Егілді ессіз басында,  
Тоғысқан тағдыр толқыны.

Тұр көктем сыртта қызынып,  
Көктейді сәби бар арман.  
Қарт тамшы түскен үзіліп,  
Дүние деген жанардан.

\* \* \*

Мекерлігін мезгілдің ұқпасын ба,  
Тұнып қалған кер жусан шық басында.  
Иінінен су кеткен кірбің күзде,  
Тығылады қозы-лақ ықтасынға.

Шығып кеткен ақынның өзі шыңға,  
“Қарашада өмір тұр...” сөзі шын ба?  
Қара мұнар қаймағы бұзылмаған,  
Бұлың-бұлың көшеді көз ұшында.

Есеп берсе есті алар еспе шағыл,  
Моп-момақан күй кешті кешке қабыл.  
Көнбіс көңіл сияқты бастығыпты,  
Күн ұзаққа таппайтын төс те дамыл.

Айналасын айдаған бір шыбықпен,  
Қарашаға қарар ем түршігіп мен, —  
Қара қазан жалаған оттың тілі,  
Хабар беріп тұрмаса тіршіліктен.

Қала аламын үн-түнсіз қалыс қалай,  
Солғын тартып барады таныс маңай, —  
Көне тегеш секілді кертiк ернеу,  
Сәуле төгіп бозғылтым алыстағы Ай.

\* \* \*

*Сорып алар ыстығын сыз дененің,  
Сары уайым жастанып күзде өлемін.  
(Сонау жылғы жырдан)*

Сып-сидаң селеу, салыңқы күздің қабағы,  
Алыста сағым жібектей сусып ағады.  
Салпы ерін бала саусақтың жетпей санына,  
Сояу да сояу кірпігін жалп-жалп қағады.

Алғанда күздің суығы тәнін бүрмелеп,  
Қоярға жанын жер таппай шіркей үргедек, —  
Киіз үйдегі тығылып сеңсең бөстекке,  
Күтеді-ай келіп шілдеге дейін бір көмек.

Қол созған кезде жүгініп атам бишікке,  
Тығылып күшік қуықтай ғана үйшікке, —  
Қыңсылайды кеп қызығы қашқан жазбенен,  
Сәуле түсіріп қауашығымдағы түйсікке.

Көңілім неге көрініске мына имеді...  
Тізгінін қағып мезгілдің алтын күймелі, —  
Сонау бір жылғы өлеңімдегі айтқандай,  
Кетер ме екем айналып дөңге шүйделі.

## МӘСКЕУДЕГІ ТҮС

Үнемі жылан көрем біздей тілі,  
Қашанда жанды жерім іздейтіні.  
Соққылап көк нәсері тереземді,  
Алады арашалап Күз кей түні.

Қалғандай иеленіп мұра мұңға,  
Жастықты жасқа малып тұрамында, —  
Қарманып қараңғыны қала берем,  
Құпия құдірет бар, сірә, мұнда.

— Ұйықтап кетіпсің-ау қасқа бала,  
Түскенін аңғармастан басқа нала.  
Мен, міне, жылап тұрмын байқайсың ба,  
Адасып кетіп үлкен тас қалада.

Еспейді дүздегідей жел ескегім,  
Бұл деген байқайсың ба, емес тегін.  
Енді біз қалмайықшы ажырасып,  
Інімдей жоқ қараған елестедін.

Дейді Күз танытқандай еңсіздігін,  
Қымтанып алып түнді менсіз, бүгін, —  
Ей, жылан, аға таптым ара түсер,  
Өтетін болады енді сенсіз күнім.

У-шумен бей-берекет бұза қанды,  
Тан да атар ұнатпайтын ұзағанды.  
Мен болсам басылармын өкси-өкси,  
Қалайша жұбата алам Күз ағамды.

\* \* \*

Ай да туып тағадай тозған әрі,  
Сап-салқын бір сәулені созбалады.  
Боз даланы бетке алып болар-болмас,  
Оңған жібек секілді қозғалады.

Қонып жатыр түнгі шық тал басына,  
Қомас ойға әрнені алмасына.  
Жамбасына сыз өткен күзеттегі,  
Үйге кірді күйбендеп шал да асыға.

Көтеретін өлкеде бізді атағы,  
Қабырғама қайыстай күз батады.  
Сыздатады сүйекті, сезем ертен,  
Тұнған қақта жылан көз мұз жатады.

Аяқ асты жоғалған түр манағы,  
Аспан жүзі алапат сұрланады.  
Ұрланады бұлттың арасында Ай,  
Әлсіз түскен жарығы ырғалады.

Тыраулаған тырналар көші кеткен,  
Қоныр маусым танбас-ау осы беттен.  
Кесімі өктем, көк төсін талай рет  
От шыбығын ойнатар осып өткен.

Қарашада білемін ызғар барын,  
Соған көңіл бөлместен із қармадым.  
Сыздар жаным дегенде оқыс тиген,  
Найзағайдан оянды күзгі арманым.



\* \* \*

Мына күз... бұла қыз боп естіледі,  
Жігітке орындалған кеш тілегі.  
Қылаң жол қылқұйрықтай жеткізбестен,  
Қабынған қарашаның есті лебі.

Өткенде өткел бермес ордан, ана,  
Ай туды алагеуім қордалана.  
Асығып Айнамакөздің ауылына,  
Келеді іш құса боп зорға бала.

Қараңғы қоюланып бұйыққалы,  
Қалғандай тіршіліктің ұйып қаны.  
Тынымсыз салқын самал есті-ай келіп,  
Тірліктей тірелмеген тұйыққа әлі.

Сынсыған сыбызғыдай сидаң дүзде,  
Жап-жайсыз тиді-ай келіп мизам жүзге.  
Кете алмай жатыр бұғып шөп астында,  
Қылығын қылықты жаз қиған күзге.

Аты арып қыз аулына жетер бала,  
Жеткен соң жанын жеген кетер нала.  
Қара күз қараңғыны пайдаланып,  
Төсейсін сырғағынды бекер ғана.

## БИЫЛҒЫ ҚАР

Биылғы қар былтырғы секілденді,  
Көз үйреніп, қол ұстап, етім де өлді.  
Ақ дастарқан сияқты апам жайған,  
Аппақ дала, көңілім бекінді енді,  
Биылғы қар былтырғы секілденді.

Жауа берсін, несіне жатсынайын,  
Ашып мынау әлемнің пәк шырайын.  
Ақ боз атты шанамен құйғытып бір,  
Айхай, шіркін, армансыз бақ сынайын.

Ойнап көктен алаңсыз бер төгіле,  
Көзді қарып, тастағын өрт өңіме.  
Алаң күнін ұмытып құйын, қиын,  
Балаң інім бас қойсын ертегіге.

Жана қарды жатсынбай қарсы алғанда,  
Жас жүрегім шаттанбай жар салған ба?, —  
Мойыныңа асылып ерке қыз-ай,  
Қойынына сап-салқын қар салғанда,  
Биылғы қар былтырғы секілденді,

Алып ұшқан көңілім бекінді енді.

## ТАҒЫ ДА ҚҰМ ТУРАЛЫ

Еңіс шолып, қыр кезген,  
Сері самал еспеді.  
Есенсің бе, тіл-көзден,  
Қызыр құмым көшпелі.

Шуда-шуда бұлтың,  
Шұбап алдан шықпады.  
Үзілгендей үмітім,  
Қонды көзге шық тағы.

«Түсетұғын момынға,  
Тіне дерті секілді, —  
Кеттің желік қомында,  
Қызыққа еріп не түрлі».

Деп тұрғандай сезіндім,  
Қызылқұмым, кеш мені.  
Отындай-ау көзімнің,  
Шоқтай күннің өшкені.

Жоқ, жоқ, үнсіз жата бер,  
Қойып едім шарт қашан?  
Күлікке де батады ер,  
Айыл жібін тартпасаң.

Жанарымды жасқайды,  
Алмас құмым жарқылын.  
Байтал түгіл бас қайғы,  
Кетем ертең, арты мұн.

Азаптайтын жанымды,  
Қызыл қызыр жаздым не?  
Ашпақ болып бағымды,  
Келген едім аз күнге.

Шуда-шуда бұлтын,  
Шұбап алдан шықпады.  
Үзілгендей үмітім,  
Қонды көзге шық тағы.

## ӨМІР

Бунақ-бунақ буынсыз иір неме,  
Иесі жоқ іргеге үйір неге, —  
Шаншылып тұр шаншығыш секілденіп,  
Шыр-шыр етіп жылайды түйір дене.

Бармақтай құс шырылдап арбалады,  
Тіл безеген бұзыққа бар ма амалы, —  
Иірім тартқан жаңқадай жан ұшыра,  
Қара таппай қарасар қарманады.

Мамыражай тірліктің шырқын бұзған,  
Таусыла ма найсаптан, шіркін, тұз-дәм.  
Үлпек көзі шырықсыз шыныланып,  
Аусайшы бір сап-салқын тұрқы мұздан.

Оқыс келген қарт шопан осканында,  
Сұлық түсті сұр шұбар қас қағымда.  
— Жабағы үйді жатсынып кетті иесі, —  
деп албасты әбжылан сасқаның ба?

\* \* \*

Шоршыған шортан Ай да қайда қалды,  
Күнгірт кеш көңілімді жайлап алды.  
Етегін қымтай түскен қаранғыда,  
Құлаттым бүкір белден ойға малды.

Қыз баққан әже қалай көз іледі,  
Бір күйбен ауыл жақта сезіледі.  
Жалынын жанарымның жел көтеріп,  
Қылшық мұрт қылаң ұрған кезім еді.

Маздайды біздің үйде май шам ғана,  
Сеземін жол сүзеді байсалды Ана.  
Құлынын күткен жанға кірпік ілмей,  
Қара түн қанатынды жайсаң нала.

Сыр бойы...Судың салқын есті лебі,  
Жүретін орындалмай еш тілегі, —  
Падашы Перден шалдың ауласынан,  
Белгілі «Бесік жыры» естіледі.

Күйдемін көрініске осы шүкір дер мен,  
Көңілсіз Ай да туды үтір көрген.  
Резеңке етікті қолпылдатып,  
Құладым малмен бірге бүкір белден.

\* \* \*

Қызыға көз тастадым құнан кереге,  
Сызыла сөз бастадым бұраң белге.  
Шыңырау ой түбіне жеткізбейді,  
Құлақты түріп жиі тұрам желге.

Қашады ой шіркінің Айға, сайға,  
Кеуілді жаман екен жайласа айла.  
Ей, шопан қарлықтырмай дауысынды,  
Қоритын көк бөріден қойға сайла.

Мылтықтай күнін күткен құндақтағы,  
Жүрекке ауыр тиді мұң қапқаны.  
Шымырлап шыңыраудан шыққан судай,  
Мөп-мөлдір мойыл жанар тіл қатпады.

Көңілдей салқын тартып мұзға басқан,  
Жер сызып тұр бұлтты сыздап аспан.  
Қырмызы қызыл түлкі қылаң ұрған,  
Теңге таз теңіменен қыз ба қашқан?

Болмаса түні ұзақ қыстан қайым,  
Қызығы қысқа жаздың қысқан дәйім, —  
Қалқыған суда өкпе ме құрық тисе,  
Жағадан ала түсер мыстандайын.

\* \* \*

Қылаң жолды асынған қайқаң белді,  
Қуалай соққан енді айтам желді.  
Сыбызғыша сыңсыды жарық камыс,  
Сикырлы ызың тербеді бейқам көлді.

Күн ойнаған қыл бұлақ алтын тізгін,  
Жылтырап жатыр суық, салқын күздің, —  
Сары жел шала құйрық шалық тиген,  
Сабырлы сақа тартқан қалпын бұздың.

Сылаң сағым арбаған шалғайдағы,  
Беріледі ойларға шал қайдағы.  
Ит сүйреткен тулақтай тозы шығып,  
Ықтасынсыз тып-типыл қалды аймағы.

Манағы бұлт жапқан сызды көкті,  
Із тастап Айырплан ызды, кетті.  
Көтеріп тұрған қайқаң жиек женді,  
Сыңсиды сидаң ши де қыз білекті.

Күрең тай жер тарпыды ашамайлы,  
Боз жорға ат о қылықты жасамайды.  
Мына күз жел өтінде тұрған бізге,  
Тимейді, сезсеніздер, аса жайлы.



## ВОКЗАЛДА

Қуә етіп жалқын күн, батқан нұрды,  
Шерте алмадым кеудемде жатқан сырды.  
Сені вокзал айырмай құшағынан,  
Мені вокзал сапарға аттандырды.

Жанарымда үйірліп құйын күнім,  
Айтпадым-ау, айтпаспын қиын бүгін, —  
Танысудың соншама оңайлығын,  
Табысудың соншама қиындығын.

Жүрген балап жігітке шын керімге,  
Қасты қағып қайрылып күлгенің не, —  
Жүрегіннің толқынын ұстатпадың,  
Жүрегімнің солқылын білмедің бе?

## КЕЗДЕСУ

Солғын тартып реңің нұр ойнаған,  
Мұңлы көзің айнымай тұр айнадан.  
Көңіліңнің түсіпті көлеңкесі,  
Тұнығынды кім екен лайлаған?

Бір керегін тірліктің ерте біліп,  
Өзегінді сеземін өртеді үміт.  
Еркін ұстап өзінді баяғыдай,  
Көрсетер ең, әйтпесе, ерке қылық.

Жиделіде бірге өткен күн есімде,  
Жиделіде бірге өткен түн есімде.  
Бірімізге біріміз сыр аша алмай,  
Жерімізді сан жүрген білесін бе?

Көк төсінде сырғыған сынаптайын,  
Куә болып алыста Ай, тұр ақ қайың.  
Іздеп қалар қайтайық той иесі,  
Өзімді де, сені де жылатпайын.

\* \* \*

Шығар мына тірлікті күндегені,  
Құлағыма құрдымнан үн келеді.  
Ұйқым қашып кетеді санам саққа,  
Құндақтағы бар әлем түнді емеді.

Сокқылайды әйнекті күз нөсері,  
Арасында ой құсым із кеседі.  
Неон шамның сәулесі дірілдеген,  
Қия жауған жаңбырмен жүздеседі.

Үнсіз саған телміріп қараңғылық,  
Қылығыма құлықсыз алам күліп.  
Көше кезіп кететін осындайда,  
Отырғанын сеземін шарам құрып.

Қиян кезіп қиялым шарықтама,  
Тиген оқыс бұл деген шалық қана.  
Тарқатылған бұрымы аспан қызды,  
Бауырына тартады алып қала.

Жанды біраз жалғыздық ұйпалады,  
Кірпігімнен кіртиген ұйқы алады.  
Ұйқысыз үй жарығы қармар танды,  
Түннің бітіп түбінде күй табағы.

## МАЗМҰНЫ

|  |    |
|--|----|
| Жалғыз тырна .....                                 | 5  |
| «Сарғайған сағыныштан сары ала Күз...» .....       | 6  |
| «Түсіме енді ауылдың қырат-жоңы...» .....          | 7  |
| Аңсау .....  | 8  |
| Қолтықтағы ауыл .....                              | 10 |
| Құйын .....  | 12 |
| Ініме хат .....                                    | 14 |
| Ай .....   | 15 |
| «Кіді мінез қыс жайын көз көргелі...» .....        | 16 |
| «Түсіме ылғи енеді жеті қайың...» .....            | 17 |
| «— Сүйем, — дедім... Самайды қырау шалды...» ..... | 18 |
| «Сар жаздың үзілсе де ақырғы әні...» .....         | 19 |
| «Темір жолдың бойында өскен қайың...» .....        | 20 |
| Мамыр — май .....                                  | 21 |
| Келеді күлтеленіп... .....                         | 22 |
| Кеш .....  | 24 |
| Менің мұным .....                                  | 26 |
| «Кеудемдегі оянып бағы бар мұң...» .....           | 28 |
| «Түсіме енді қырғауыл құман кеуде...» .....        | 29 |
| Алақолде жазылған өлең .....                       | 30 |
| «Жырына арқау болған жиі ағаның...» .....          | 32 |
| Соңғы трамвай .....                                | 34 |
| «Қауышып тұрған бізбенен...» .....                 | 36 |
| «Мазалайды беймаза ой шалды шындап...» .....       | 38 |
| «Боз боранның боздауы басталмағай...» .....        | 39 |
| Мәскеуде жазылған жыр .....                        | 40 |
| Қыз күлкісі .....                                  | 42 |
| Түнгі аспан .....                                  | 43 |
| Тауда .....  | 44 |
| Иба түні .....                                     | 46 |
| Сырласу .....                                      | 48 |
| Қара күз .....                                     | 49 |

|  |     |
|--|-----|
| «Үркердей үркіп ауыл қыр астында...» .....     | 50  |
| Қазақ жалақорларына .....                      | 52  |
| Өзіммен-өзім қалғанда .....                    | 54  |
| «Ұшпа көңіл тыйылмай елендесі...» .....        | 56  |
| «Сорып алар ыстығын сыз дененің...» .....      | 57  |
| Қоңыр қыз .....                                | 58  |
| «Қозы-лақтың бойында бар ма желік...» .....    | 59  |
| Көңілімнің райы .....                          | 60  |
| «Жоңғар какпасында...» .....                   | 61  |
| Аянға .....                                    | 62  |
| Қоңыр күз .....                                | 64  |
| Саған .....                                    | 66  |
| «Тартсын, мейлі тартпасын қай қабағы...» ..... | 67  |
| «Ырғалып ырдуандай ызған ақын...» .....        | 68  |
| «Сарсанға, сонша, түсті ме...» .....           | 69  |
| «Ойлама, сұлу, қайтадан...» .....              | 70  |
| «Кететін кезі келсе құс тындай ма?...» .....   | 71  |
| Қараша .....                                   | 72  |
| «Жел өтінде желбегей тұрған қайын...» .....    | 73  |
| «Салқын жанар күз түсті қайта қырға...» .....  | 74  |
| Түсіме енді жастығым әскердегі .....           | 76  |
| Жетім қамыс .....                              | 82  |
| Сағыныш жыры .....                             | 84  |
| Аякөзде жазылған өлең .....                    | 86  |
| «Ұйықтасам түсіме су кіреді...» .....          | 89  |
| Күзгі көңіл .....                              | 90  |
| «Иірімдей иіні түсіп иректелген...» .....      | 93  |
| Сағыныш .....                                  | 94  |
| «Жалатқан жасыл баққа алтын кілен...» .....    | 100 |
| Суық сөз .....                                 | 102 |
| «Табиғатпен болмысым егіз бе еді...» .....     | 104 |
| Әзіл .....                                     | 106 |
| «Көзім сені сүйеді, сүйеді ернім...» .....     | 107 |
| «Жан емес ем күн көрген есеппенен...» .....    | 108 |
| «Кірбің ілген кірпікті қағамын да...» .....    | 109 |
| «Гүл-гүл өнім қайтыңқы атып кірбің...» .....   | 110 |
| «Тағдырмен тағы беттестім...» .....            | 111 |
| «Қызыл ала айнала ұшқын жайған...» .....       | 112 |
| «Тарғыл тасын шошытқан тау ішінің...» .....    | 113 |

|  |     |
|--|-----|
| Түн .....  | 114 |
| «Желігі болар тиген ұшқын жырдың...» .....       | 115 |
| «Ертектегі секілді ерке құрбым...» .....         | 116 |
| Бозбала күнгі жырлардан .....                    | 117 |
| «Тартылып табиғаттың сүзбе шағы...» .....        | 118 |
| Елес .....                                       | 119 |
| «Қас пен көздің, бауырым, арасында...» .....     | 120 |
| «Жүрегіңнен жаныма түскенде арай...» .....       | 121 |
| Этюд .....                                       | 122 |
| «Қайтқан құстың тізбегі...» .....                | 123 |
| «Жалп еткен жұпыны үйге жалбаң неме...» .....    | 124 |
| «Қызыл іңір... Беу деген...» .....               | 126 |
| Акын .....                                       | 128 |
| «Құлак аспай күнкілді, Аға, сынға...» .....      | 130 |
| «Жайсыз жатқан түскендей тасқа күйе...» .....    | 132 |
| «Ұйықтасам түсіме Сыр кіреді...» .....           | 134 |
| Тенге-тақыр .....                                | 135 |
| «Қам көңілің қабынып міскін дене...» .....       | 136 |
| «Сыр тартылып, құм қашып, тоғай тозған...» ..... | 138 |
| Тәшкенде жазылған шумақ .....                    | 139 |
| «Күлім көз көкем-ай...» .....                    | 140 |
| «Қожатоғай, Байтоғай, жон асқанда...» .....      | 142 |
| «Қалай қалғып кеткенмін құм басында...» .....    | 144 |
| «Қылықты екен, қыз екен...» .....                | 146 |
| Сағыныш .....                                    | 148 |
| «Қараймын қарақұрым толған ізге...» .....        | 150 |
| Сәби болғым келмейді .....                       | 152 |
| Соғыс салқыны .....                              | 153 |
| Түс .....  | 154 |
| «Жоғалса таптырмайтын оңай малың...» .....       | 156 |
| Әкеме .....                                      | 157 |
| «Бал қаймақ сезім дір етті...» .....             | 158 |
| «Болсақ деп ем...» .....                         | 160 |
| Жанарсыздар келеді .....                         | 161 |
| «Шашыратар шалдуар шалықты ойды...» .....        | 162 |
| «Неге үнсіз табиғаттың мына, ақпаны...» .....    | 163 |
| «Жазылып жатқан жасыл көрпе көкті...» .....      | 164 |
| Тағы да сыр туралы .....                         | 166 |
| Киял .....                                       | 168 |

|  |     |
|--|-----|
| Тірлік .....                                     | 169 |
| Қысқы кеш .....                                  | 170 |
| Әңгіме .....                                     | 172 |
| Қыс суреті .....                                 | 174 |
| «Дала исі аңқыған қайран шалым...» .....         | 175 |
| Кешкі сурет .....                                | 176 |
| «Сыр етіп тұратын бір өмірді өзі...» .....       | 178 |
| Апа .....  | 180 |
| Арыстанбаб .....                                 | 181 |
| «— Дүйсенбек!..» .....                           | 182 |
| Үйде .....                                       | 183 |
| Мәскеу саздары .....                             | 184 |
| Қағаз аққу .....                                 | 192 |
| Құрылыста .....                                  | 193 |
| Терісқақпай .....                                | 194 |
| Токаш көкеме .....                               | 196 |
| «Футбол алаңында...» .....                       | 198 |
| «Қызылдың құмы десек уақытты...» .....           | 200 |
| Жел .....  | 202 |
| Қарт .....                                       | 203 |
| Диалогтар .....                                  | 204 |
| «Тентек жігіт десін мені қай теңім...» .....     | 205 |
| Қызылқұм .....                                   | 206 |
| Бесін .....                                      | 210 |
| «Көңілдің орындалған қай керегі...» .....        | 212 |
| 1973 .....                                       | 213 |
| Дария жыры .....                                 | 214 |
| «Таудан түсіп келе жатыр салқын күз...» .....    | 220 |
| Түн тынысы .....                                 | 222 |
| Таудағы түн .....                                | 224 |
| «Жиделі сайдың бойында...» .....                 | 225 |
| «Ауылдың жаны көл еді...» .....                  | 226 |
| Көленке .....                                    | 228 |
| Теңіз .....                                      | 229 |
| «Дегендей бейуақыт жонды кезбе...» .....         | 230 |
| «Шылымшы қайнын шығып кеткенше шығанға...» ..... | 232 |
| Қуандық Шанғытбаев қазасына .....                | 233 |
| Ақ қайын .....                                   | 234 |
| Желтоқсан, 1986 .....                            | 236 |

|   |     |
|---|-----|
| «Көбең көңіл көпсіген бір күй еді...» .....       | 237 |
| Ән .....  | 238 |
| «Аршаны тұрған анау күлтеленіп...» .....          | 239 |
| Қара өлеңнің ізімен .....                         | 240 |
| Мұңыма .....                                      | 242 |
| «Шеткерірек базардың бір бұрышы...» .....         | 243 |
| Туған жердің белінде .....                        | 244 |
| Табиғатқа .....                                   | 246 |
| «Сере қардың үсті мұз, тұнады асты...» .....      | 247 |
| «Қозғалды көкірегімнен өлең көші...» .....        | 248 |
| Тағы да Мәскеу саздары .....                      | 250 |
| «Күз деген қоңыр қозым қырға ағытқан...» .....    | 253 |
| Баллада .....                                     | 254 |
| Элегия .....                                      | 256 |
| Көктем .....                                      | 258 |
| Арлан .....                                       | 260 |
| Шыңырау .....                                     | 261 |
| «Шалқалап сүйек лактырдың...» .....               | 262 |
| «Таң алдында сен оны оятпағын...» .....           | 264 |
| Дүние жанар .....                                 | 265 |
| «Мекерлігін мезгілдің ұқпасын ба?...» .....       | 266 |
| «Сып-сидан селеу, салыңқы күздің қабағы...» ..... | 267 |
| Мәскеудегі түс .....                              | 268 |
| «Ай да туып тағадай тозған әрі...» .....          | 270 |
| «Мына күз... бұла қыз боп естіледі...» .....      | 272 |
| Биылғы қар .....                                  | 273 |
| Тағы да құм туралы .....                          | 274 |
| Өмір .....  | 276 |
| «Шоршыған шортан Ай да қайда қалды...» .....      | 277 |
| «Қызыға көз тастадым құнан керге...» .....        | 278 |
| «Қылаң жолды асынған қайқан белді...» .....       | 279 |
| Вокзалда .....                                    | 280 |
| Кездесу .....                                     | 281 |
| «Шығар мына тірлікті күндегені...» .....          | 282 |



**Кітапты шығаруға жауапты —  
«Қазығұрт» баспасының директоры  
Темірғали Мұратбекұлы КӨПБАЕВ**

**АМАНХАН ӘЛІМҰЛЫ  
АЙ НҰРЫ АЛАҚАНЫМДА**

*Лирика*

**Редакторы  
Ұлан Оспанбай**

**Суретшісі  
Нұран Айымбет**

**Техникалық редакторы  
Тамара Суранова**

**Терген  
Гауһар Отарбаева**

**Беттеген  
Лаура Үкенова**

Теруге 12.09.03 жіберілді. Басуға 15.10.03 қол қойылды.  
Қалыбы 75x90 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік басылым. Қаріп түрі Таймс.  
Шартты баспа табағы 10,6. Есепті баспа табағы 9,0.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1172.

«Қазығұрт» баспасының  
компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Қазығұрт» баспасы, 480060, Алматы қаласы,  
Тимирязев көшесі, 103-үй, 4-пәтер.  
Телефон (факс): 74-10-96  
e-mail: kazygurt@list.ru

ЖШС «Жедел басу баспаханасы»,  
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.

ISBN 9965-22-064-6



9 789965 220647

